


Сәкен Хасенеев

Кыңыр ботакан



СӘКЕН ХАСЕНЕЕВ

ҚЫНЫР БОТАҚАН

/Жан-Жануарлар мен есімдіктер
Дүниесін байқаулардан тұған
әңгімелер мен этюдтар/

Көкшетау - 2007

ББК-84 (5 Қаз)
Х-23

Х.23 Хасенеев Сәкен.

Қыңыр ботақан (әңгімелер мен этюдтар) Көкшетау 2007. 152 бет.
ISBN 9965-00-521-4

Жинаққа автордың көп жылғы өмір тәжірибесінде орын алған ірілі-уақты оқиғалар тізбегінен сұрыпталып алынған жәйттер енген. Кекірегі ояу, сезімі қағылез адам болмаса табиғатта жайшылықта көзге іліге қоймайтын болмыстарды қалт жібермеген автор нени айтса да сендіре айтқан.

Жазушының «Сыр сандығы» көркем дүние, өмір дерекке құрылған повесть десе де болады.

ББК. 84. (5 Қаз)

X47003250201
00(05)-07

ISBN 9965-00-521-4

©Хасенеев С., 2007.



Өмірдерек

Журналист-жазушы **Сәкен Хамидолла Хасенеев** 1936 жылы 20 қарашада бұрынғы Көкшетау облысының Қызылту ауданьшдағы Айсары ауыльшда туған.

Оның енбек жолы Целиноград педагогикалық училищесін бітіргеннен кейін Ақмола облысындағы Астрахан ауданындағы Жамбыл сегізжылдық мектебінде мұғалім болудан басталды.

Жасынан жазуға қабілеті бар **Сәкен Хасенеев** сол кездегі Тың өлкелік «Тың өлкесі» газетіне әдеби қызметкер болып қабылданып, соナン кейінгі бар өмірі баспасөзбен байланысты өтті. Ол Ақмола облыстық «Коммунизм нұры» және Көкшетау облыстық «Көкшетау правдасы» газеттерінде жемісті қызметтеп.

Қаламы үшкыр, ойы жүйрік журналист қаламгердің өлкетарихы, оның тағдыры, тамаша адамдары жайлы жазған көркем очсрктері мен суреттеме, әңгімелері өз оқырмандарының шынайы ықылас, пейіліне бөленген. Қаламгердің сол туындыларының таңдаулылары 1978 жылы «Дала тарландары» деген атпен кітап болып басылып шықты.

Алматыдағы Жоғары партия мектебін бітіргеннен кейін **Сәкен Хамидоллаұлы** Торғай облысына қызметке жіберіліп, баспасөзде мемлекеттік құпиялышықты сақтау жөніндегі басқарманың бастыры міндетін абыраймен атқарды. Кейін Көкшетау облыстық

телерадиокомпаниясы торағасының орынбасары болып, құрметті еңбек демалысына шықты.

Ұлтының шынайы жанашыры бола білген **Сәкен Хасенсеев** зейнеткерлікке шыққаннан кейін де халқына адал қызмет етті. Ел алдындағы енбегі атаусыз қалған жоқ. Ол Ақмола облыстық мемлекеттік тілді оқыту орталығында бас маман қызметін ақтық демі үзілгенше атқарды.

I ТАРАУ

**ХАЙУАНДАР ӘРҚАШАН
МЕЙІРІМСІЗ БЕ?**

Қыңыр ботақан

Ата-балаға сыншы келеді. Оның мінез-құлқын, аяқ алысын байқап, ақыл-кеңес беруден есте жалықпайды. Өмірде көрген, түйгендерін алға тартып, өнеге етіп, айтып отырады. Өсіресе, аталары мен әжелерінің бір жағы өртегі, екінші жағынан тәлім боларлық әңгімелері аса құнды-ақ. Сондай әңгімелер үй жануарлары жайында еді. Осыдан біраз жыл бұрын атамның былай деп әңгіме шерткені бар.

Сен әлі кішкентайсың. Сонда да түйенің баласы суп-сүйкімді ботақанды көргін келсе, онда көзінді ақырын жұмып, көз алдына тауықтың жұмыртқадан жана шыққан кәдімгі сары балапаның елестетші. Балапаннан әлдеқайда зор болса да ботақан жүнінің нәзіктігі аумаған сол сары баланандікіндей. Жұп-жұмсақ, мапмайда, үлбіреп тұрар еді. Екі көзі тұра сенің көзіндей мөлдір, қап-қара. Мінезі қандай биязы, ал тайрандап ойнақ салған кезіне кезіксен, еріксіз өзің де оған қосылып кете жаздайсың.

Бірақ өзіндегі әдепті, сүйкімді балалар көп болғанымен, кейде сотқар, сотанактарымыз да кездесетіні рас. Сол сияқты әлгіндегі биязы мінезді, моп- момын ботақандар болғанмен, айтқанға бір көнбейтін қыңырлар да болады бұл өмірде.

Міне, тап осындаған бір ботақан болыпты. Бірде боталы түйе өздерінше серуендер, табиғаттың сұлу көркін қызықтауға қырға шығады.

-Бізбен бірге серуенге жүр,- дейді атан түйе ботақанға.
-Бармаймын, - дейді ол қыңырлығы ұстап.
-Жүре ғой, ботақаным,-деп інген де бәйек болады.
- Жоқ, бармаймын!- деп ол одан сайын бұртіяды.
- Журсенші енді, мен саған тәтті жеміс теріп беремін,- дейді тайлақ тәтесі

-Бармаймын дедім-бармаймын!-деп теріс айналды ол.
-Ендеше, біз сенсіз ақ серуендей аламыз,-дейді де үшеуі жүріп кетеді

«Ботасы бар түйелер, боздамай от жемейді» дегендегі, мойышдарын иіп, арттарьша бір қарап қойыш, үзай түседі олар. Боздал та қояды.

Сөйтіп ботақан үйде жалғыз қалады. Жалғыз қалған соң, іші пысып, аулаға симайды. Енді еріксіз қыдырғысы да келеді. Қыдырғысы келгендігі сондай, тіпті әлгілер әдейі тастап кеткендегі-ақ оларға бұртиып, бұрышқа барып біраз тұрады. Салпы ернін жыбыр-жыбыр еткізеді. Сөйтеді де:

-Мені бәрі тастап кетті ме-тастап кетті, ендеше бұдан былай түйе баласы болсам, атымды өзге кой! Енди мен ботақан болмаймын, деп бекінеді ол.

«Ағ» деп жақсылап бір бық етеді де «сонда мен кім боламын» деп ойға шомады. «Бұқа болсам ба екен, э?» Ол сол жерде өзінше көзін алартып, күжірейіп келіп ауладағы бағанды сүзеді-ай келіп. Ол ол ма, үйілген қоқысқа жүгіре барып, күлін көкке бұрқыратады. Аумаған бұқа. Гүж-гүж етіп жер тарпып, үстіне топырақ шашып, екі көзі қанталап шабынып тұрған кәдімгі бұқа. Ол дәл осындаған кейіпке түскендей. Жаңағы тап-таза денесі қап-қара күйе болып шыға келеді. «Өй, құрысын, бұқан да онып гүрган жоқ екен. Басымды жарып, козімді шығарып ала жаздадым ғой» деп ойланып қалды.

Сол кезде дәл жаңынан екі құлағы селтең-селтең етіп, бір серке секектеп өтіп бара жатады. Ботақан ешкілер жайында көп естіген. Сүті бал, жүні жібек, соисан ет, еркелетсен ерке, малдансан серке деп білетін оларды. Тастан-тасқа секірер серкесінің ойыны қандай. Қырық қасқырды алдап соққан айласы және бар. Ботақанның оған қызыққандағы түрі:

Әй серке болып көрейінші-деп серкеге ұқсап, секіре жөнелді. Құлағы ептеп ұқсағанымен, қос өркеші түйенің жабуындағы желп-желп етеді.

Ебедейсіз денесі мен балпақ аяғы серкенің жаңында ұнамсыз ак, «Кой, серкесі құрсын. Жұрт жай мақтайды екен ғой. Серке болу аса қолайлыш емес екен», дейді ол ішінен. Сейтеді де ілгері жүріп кетеді.

Ауылдың шет жағындағы жасыл аланда «Соқыртеке» ойнап жаткан иттерге кез болады ботақан. Олардың шекара күзетіп, шанаға жегіліп, адамға қызмет етіп, талай қасқырды жамбасынан түсіретін, көзге түсер данқын жақсы біледі. «Міне, маган лайықтысы ит болу, мынау ойындары қандай ғажап!» деп елпендерген ол:

-Сендермен бірге ойнауға бола ма?-деп өтінеді.

-Әрине, болады. Кәне, келе ғой,-десіп бәрі шәулдей жөнеледі. Дауыстары мұндай абын болар ма, ботақанның құлағын тұндырыады. Ойындары да қызық екен. Ит біткен оның шолак құйрығынан да жұлқып кетеді, аяғынан да шалып қалады. Өзгесін қойып, ботақанның тап тұмсығын қытықтап кететіні айтсайши. Әлгі бір кіп-кішкене ала құшіктің пәлесін-ай! Ұстарат емес. Тіпті, әне бір тәбет циркте жургендей-ақ екі өркешінің ортасынан қарғи

жөнелгенінде ботақан не істерге білмеді. Ол қаншама тырысқанмен, бірде бір иттің маңына жуыш, ұстай алмады. Ақыры мысы құрып, болдырды «Әй, итікұрсын. Ит сорпам шықты ғой» деп кетіп отырды.

Бір кезде ботақан шарбактан секіріп, ұшып-қонып жүрген әтешке кез болды. Әтештің де сыры белгілі. Айдары анау-желкілдеп тұрған. Жұртты таң сәріден оятатын дауысы қандай десенші. Қоразданып тұрған тұрысын көрмеймісін.

Ән, бәрекелді, әтеш болып көрейінші! деп куанады ол.

-Ұша алам ба еken ?

-Кәне, басташы, мен байқап тұрайын, -дейді әтеш қоқиланып. Неге еkenін кім білсін, әйтесір ботақан қанша секіріп көре де ұша алатын түрі жоқ. Бір мезетте секендеп жүріп, аяғын ауыртып алды. Қызыл бас әтештің құлқіден шегі түйіле жаздады. Мазақтан әбден намыстанған ботакан:

-Әттең не керек, бұл жерде жүгіруге орын тар, әйтпесе - деп мінгірледі.

-Ау, сенің шынымен-ақ ұшқын келеді еken ғой, ә?- деп қанатымен бауырын сыйпап, қораздана қарады әтеш.

-Әрине.

-Ендеше жұр. Көрсетейін ұшатын жерді.

Сөйтіп екеуі жылдамдата басып, бір биік жарқабаққа келеді -Міне, қара,- дейді әтеш. Сөйтеді де, өзі жарқабақтан тәмен секіріп, қанатын далбандата қағып, тәмен ұшып бара жатады Қандай ғажап! Не деген ептілік!

Қаншама жүрексінгенмен ботақан да әтештің мына ісіне сүйсініп, белді бекем буды. Ол көзді жұмып жіберіп жарқабақтан тәмен секіріп кеп кетеді. Манағы күйелеш-күйелеш денесіне су тиіп, мұлде ұсқынын кетірді ботаканның. Оның, устіне су түбінің лайлы батпағы денесіне жабыскан. Осы күйімен жағаға шыққан ол өзіне таңдана қарап тұрған әке шешесін, тәтесінкөреді. Сөйтіп ботақан әбден ұятқа батады. Ол енді тәмен қараған күйі:

-Мені өздеріңмен қалдырмаңдаршы. Бұдан былайғы жерде мен тіл алғыш момын боламын,- деді.

-Міне, қарағым, «әлін білмеген әлек» деген осы. Сондықтан үлкендердің айтқан ақылын тыңдалап өскен, өмірдегі өз орнын білген жастан түбі жақсы адам шығады. «Жас бота түйеге қарап өседі, жас құлан биеге қарап өседі» деген мәтел бар. Үлкендердің жамандығын емес, жақсылығын көріп өс. Осыны есінде сакта, деген еді атам ертегісін аяқтай келе.

Тайраңдаған тайлағым

Біздің ауылда шамамен жиырмадан астам қос өркешті түйелер болды. Бәрі де колхоздың қарамағындағы мал. Техниканың тапшы кезі. Сондықтан шаруаның негізгі қара күші-түйе. Көлік ретінде де, сі ішілік саласында да түйе пайдалы.

Бірде әкем ауылнай болған соң ба, кім білсін, әйтеуір, бригадир мені алдынамінгестіріп, егін басына апарды. Ол кездे бригадирдің жұмғаны жұдырығында. Оның айтқаны, бұйрығы-зан. Сол кісі болмай өзінше қызықтап, мені түйеге отырғызды. Түйеге топырақты қопсытып, аударыстыратын өткір тісті тырма жегілген. Жұп-жұмсақ қос өркешіне жайғасып, тізгінді үстадым. Өркештері тіп-тік, арасынан басымғана қылтиса керек. Тегі, семіз түйе болған ғой. Содан 40-50 қадам ұзаған соң, қалбандарап отырып, тізгіннен айрылып қалдым. Сол-ақ екен, түйем судігердің регінен ауытқып, егістіктен шығып кетті. Сол бетімен ауыл қайдасын деп тартып отырды.

Мен дәрменсізбін. Түйеніүстамақ болып, бригадир тұра ұмтылды. Бірақ түйем де шаба жөнелді. Салт аттының дүбірі жақындаған сайын желмая емес пе, жеткізер емес. Жегулі тырма аударылып кетіп, тістері жоғары қарап қалды. Түйеден құлап түссем болды, анау сойдиган тістер сойып тастары хақ. Соны білген бригадир атынакамшы басып, айқайлап келеді. Қуғынға ұшырағанын білген түйе де одан сайын көсіле түседі. Мен болсам, өркешке жабысып, қатып қалыппын. Әйтеуір, абырой болғанда құлағамын жок.

Түйе сол екпінімен ауылғақеліп бір-актоқтаған. Жедекабыл жеткен бригадир маған ұмтылды. Ол мені өркештен көпке дейін тусіре алмады. Өйткені өркешке жабысқан қолдарым айқасып, мұлде қарысып қалыпты. Ол қолымды сыйпалап отырып, зорға ажыратып алды. «Уh, деді. Бір ажалдан қалдық-ау, бала». Бұл оқиғаны ол да, мен де ешкімге айтқан жоқпзы.

Түйе жарықтықтың мінездері қызық қой. Әсіресе, ботасы мен тайлағының мінездерін айтып жеткізу қыын. Екеуі де ойыншыл келеді.

Кейде қатаң мінезге де барады.

Ботақан өте әдемі әрі сүйкімді. Бала мінезді. Ойынға әсте жалықпайды. Ал тайлақ болса, ол да әдемі. Кейде шудасының бексерсінің әйтпесе тілерсегінің жұні тулеп, жалбырап жүреді. Ойынға ол дажалықпайды. Әсіресе, қызыл көйлекті қыздар мен келіншектерді көрсе болғаны, тұра бас салады. Ал өзіміз болсак, әрине, әдейі тиісеміз ғой.

Бірде көшениңарғы бетіндегі бетімен жүрген тайлаққа өзім тиістім. Қолыма түскен шуберекті желбіретіп, өтірік қашқан больш, «аф-аф» деп, түрлі қимылға бастым. Сол-ақ екен, тайлағым бір қырындар алды дамаған қарай тұра ұмтылды. Ойнақтапкеледі. Тұрақаштым. Өйтпейінше болмайды. Тайлақ ботақандай емес, кеудесімен соғып жығып, екі тізесімен таптайды ғой. Мұндайда екінің бірі ғана тірі қалады. Сондықтан қашып келемін. Үй алыстау. Ең жақыны колхоздың астық құятын ағаш қоймалары. Соған қарай ышқына ұмтылдым.

Ағаш қоймакұстың ұясындаш шап-шағыш және едені жерден адам кеудесінен келердей етіп жасалған, асты куыс. Оның астында талай тығылмақ ойнайтынбыз. Жан қысылғанда соны паналап, астына кіріпкеттім.

Енді болмаса, тайлақ та жетіп қалған екен. Әлгі жерді айналып, мени іздеумен болды. Берік бекініс тапқан мен тапжылмадым. Қас қылғанда тайлақ та дәл жаныма келіп, жатып алды. Мен де козғалмадым. Сол қалпынызбен тұс қайтқанға дейін жаттық. Тайлак кеткеннен кейін ғана барьш, орнымнан тұрдым. Жан-жағымды бағдарласам, әлгі тайлағым тағы да біреуді көре салып, тайрандап барады екен.

Тайрандаған тайлағымның мінезі осындағы еді.

Бәйге

Той десе ку бас домалайды демекші, біздің қазекен ат жарысы десе, ішкен асын жеріе қояды. Бүгін түрлі кедергілерден өту, бірнеше қашықтықта бәйге, жорға жарысы сиякты ат өнерін қызықтайтын күн туды. Жер-жерден нешеме сәйгүліктер әкелінген. Бапкерлер өз сәйгулігінің айыл-тұрманын түрлендіріп, жарқыратып койған. Ат үстіне шағын кілемдер де жабылған. Ат аяңдатып, бабына келтіріп жүргендерді көрудің өзі тамаша әсер қалдыратыны сөзсіз.

Күн де тамаша. Ыстық та, суық та емес. Самал жел ғана еседі. Шакырайған күн де бұлтқа-жасырынып, мына дубірге өзіндік үлес қосқандай. Мұндайда жүрт та көнілді-ақ, елегізіп, еліріп алған. Міне, жарыс басталып та кетті. Өуелгі кезек-кедергілерден өтушілерде. Бұл бір сәйгүліктер үшін қындығы мол белес. Байқамаса, омақаса түсетіні анық. Талай ат мойны үзіліп, мерт болған. Шабандоз да көрмейтінді көреді-ақ. Абырой болғанда бұл жолы бәрі ойдан шықты. Жүрт күткендей, ешқандай айып ұпайын жинамаған «Ақбоз» сөреге бұрын жетті де шабандоздың мерейі үстем болды.

Жарыстың қекесі 25 шақырымға шабуғой. Мұнда жүрттың бәрі бәйгени күні бұрын әйгілі «Шилікекке» беріп қойған. Шындығында ол соңғы жылдары осы қашықтықта бірінші орынды басқаға беріп көрген емес. Өзі де көсем, жануар. Төрт аяғы тең жатыр. Жайқалған жорғага да ұқсайды. Шиыршық атыш түрған денесі жазылған кезде көсіле түседі-ау, шіркін.

Әр шабандоздың өз әдісі бар. «Шилікекті» ауыздықтаған шабандоз Еламан аттың басын тартып, он шақырымға дейін денесін қыздырып, озуға деген ынтызарын арттырып алады. Содан кейін ғана аттың басын еркін қоя береді. Міне, дәл сол мәлшерлі жерге келе бергенде «Шилікек» енді барына салсын. Түйдектелген шаңды орғыта өтіп, алдындағы сәйгүліктердің бәрін бірінен соң бірін басып оза бастады. Артта қалып бара жатқан шабандоздар бұл көрініске аң-тан. «Шилікек» өзінің шабандозыныз еркін кесіліп барады.

Мәре жақын қалды. «Шилікек» жеке дара келеді. Оның үстінде шабандоз көрінбейді. Ипподромдағы жанкүйерлер де, төрешілер де аң-тан. «Шабандозы мерт болмаса, не қылсын», - деген қауіп те ойға орала кеткен. Ал «Шилікек» болса ештеңе болмағандай оқша зулап, сәйгүліктердің әдетімен ешқайда бұрылмастан турі мәреден бір-ақ өтсін. Аққан бойы біраз жерге барып, бәсендеді де

көрі айналды. Сөйтті де тоқтамаған қалпы қатты аяңға салып, ерсілі-қарсылы жүрді де қойды. Кәдімі і піабандозшың жасаш; жаттығуын жасап, денесін сұтып жүр. «Өй, жануарым-ай! Әй| ешқайсың маңына жоламаңдар!»-деп бүйірдь ауы ақсақалының бірі.

Ал төрешілердің бірі жарыс басталған жерге машинамен кетті. Ол сәйгүліктер бірінен соң бірі середен еткенше Еламанды да алып келді. Еламанның еш жері зақымданбалты. «Шилікектің» жайын естіп, мәз болып, күліп жүр, Ат құлағында ойнайтын жігіт әлгіндегіқаннен-қарперсіз жағдайын қапаланып та қояды.

Жарыс қортындысы да шығарылды. Төрешілер алқасы әрі ойланып, бәрі ойланып, әділ шешімге келіп, бас бәйгені Еламанға тапсырды.

-Бәйге сенікі емес-«Шилікектікі.»-деді төреші.

-Оныңыз рас, шындығы сол.Бәйге-«Шилікектікі.»-деп Еламан да сәйгүлігін мандайынан сипады. Шын толқып кетті. Атының сыр бермей, бәйге жарысының шарттарын өзі-ақ орындағанына сүйсіне түсті.

-Ал мынау -саған,-деді төреші оқалы шапанды Еламанның иығына жауып,-осындаи өнерлі сәйгүлікті бабына келтірі жаратқанын үшін.

Дүбірлі жарыстарда бәйге төрін бермеулеріне тілекtespіz.

-Рахмет, ағалар деп Еламан сәйгүлігін жетектеп бара жатты.

Осылайша «Шилікектің» шабандозсыз да бәйге алғанының күесі болдық.

Ер қанаты

Жылқы-ер қанаты, иесіне адал қызмет ететін жануар. Бірде мынадай жағдай болған.

Менің жақын бір досым Ахмет. Ол бір шаруамен көрші мекенге барып келмек болып, атына ер салады. Күн ашық. Орман мұлгіптүр. Құстар сайрап, көніл күйін құйқылжытады. Жеміс-жидектің детолысқан кезі. Итмұрын, тас жидек, қасқыр жемі дегендерің қып-қызыл, көздің жауын алады. Бірақ уақыты тығыз болғандықтан Ахмет олардың біріне де аялдаған жоқ. Жай тамсанумен келеді.

Осылайша табигагты тамашалаған ол ормандағы жалғыз аяқ жолмен баар жердің орта тұсына келіп қалған-ды.

Бір мезгілде қатты оқыс сокқыдан қалай мұрттай үшқаның Ахметтің өзі де білмей қалған. Сол-ақ екен, ірі денелі қоңыр аю бас

салып, Ахметті астына ұмар-жұмар басып алсын. Ол каншама әрекеттенгенімен ауыр салмақты аюды көтеріп әкете алмады. Сытылып шығудың реті және келмеди. Аю еркіндеп алып, жұмырлап жатыр. «Ойламаған жерден өletін boldым-ау», -деп ойлады амалы таусылған Ахмет. Не істеу керек?

Осының бәрі қас қағым сәтте болған шаруа. Кездейсок арпалысты енді ғана түсінгендей, торы құнан да қарап тұрады. Ол бар екпінімен аюдың бел омыртқасынан қос аяқтап тұрып бір тепті. Аю өкіріп есін жиғанша және тепті. Қатты әрі кездейсок соққы аюдың есін жиғызбады. Ол басы ауған жаққа қанша жөнелді. Ақырган даусы бүкіл орманды жаңғырықтырды.

Ал Ахмет болса, атының мәндайынан сипалап, алғысын жаудырып жатыр. Біраз уақыт кимылсыз қалып, ер тоқымға өзөр көтерілді. Осы сыбағам да жетер деп, кейін оралды. Қөрші-қоландар аюдың қимылына сенгенмен, аттың көзсіз ерлігіне сенбеді. Бірақ шындығы сол.

Ал Ахмет болса, бұл оқиғаны әлі күнге аузынан тастамай жүріп, жылқы түлегіне ынтызары арта түсті.

«Ақылды арғымақтарым-ай»

Баршагұл құрбысы Тазагұлмен ойнап жүрген. Ойларында ештеңе жоқ. Есіл-дерттері-үйдің сыртындағы тақыр аланқайға ақ балшықпен көгершіннің бейнесін салу. Мойны қаздың мойнындағы ұзынырақ болып кеткен «көгершіндерінің» ақ канаты, нокат көзі айнымай шықкан. Екеуі соған мәз.

-Баршагұл, -деді Тазагұл, -кел құлышақтың суретін салайықшы-Сен сал, менде құлышақ жоқ, -деп бұртиып қалды Баршагұл.

Бірақ Тазагұл құлышын екі тік құлағын, желпілдеген жалын әп-әдемі түсіргенде Баршагұл де қызығып кетті. Екеулеп салған суретте құлышын артқы аяғы қисықтау шықты. «Бұл не?»-деген сұраққа: «-Ол аяғын ауыртып алған гой», - деді Тазагұл. Осылайша өз суреттеріне өздері баға беріп отырганда екінші кластиң окушысы Мырзатай велосипедпен өте шықты. Бір қолында конфет, бұларды қызықтырып, мақтанып барады.

Конфет қызықтырды ма кім білсін, кішкентай қос құрбы дүкенге бет алды.

Бірақ жолшыбай Тазагұлдің апасы кездесіп қалып, оны жетелеп, үйіне алып кетті. Ал Баршагұл қала берді. Дүкенге жалғыз

баруға зауқы соқпай көше бойлап, әр нәрсеге қызыға қарап, ілгері жүрді. Ауыл шетіне шыға бере жайқалып тұрған қызғалдақтарға көзі түсті. Қандай ғажап гүлдер. Мен мұндалап құлпыра шақырып тұрғанын қарашы?! Бірінен бірі етеді. Ілгері жүрген сайын жақсылары көбейе түскендей. Өстіл жүргенде кеш болып, қаранғы түскенін байқамаған Баршагұл гүл шоқтары көп кездесетін ойпанға түсіп кетіпті. Енді үйге қайту керек. Үй көрінбейді. «Апам ұрсатын болды», -деп аяғын шапшаңдата басады. Бірақ керінген ауыл жок.

Ауылдан кез жазып, адасқан деғен осы да.

Бұл кезде Баршагұлдің әке-шешесі, бүкіл ауылды шарлап, көше кезіп кеткен болатын. Бармаған жерлері қалмады. Тұнімен іздеу тоқтатылмады. Ертеңінде милицияға да хабар берілді. Енді ауыл емес, аудан болып іздеу салынды. Жок, бала табылар емес. Бір-екі күн емес, үшінші тәулік етіп бара жатты. Неше түрлі болжамдар айтылды. Біреулері Баршагұлді құдыққа «түсіріп» жіберсе, екіншілері ит-құсқа «жегізіп» тынды. Енді біреулері оны ұрлап экетті деп, сэуегейлік жасады. Не қылса да іс насырға шауып бара жатты.

Бұл жағдайдан осы теңіректегі жылқышылар мен шопандар да хабардар болған-ды. Ауылдан жеті-сегіз шақырымдай жердегі Коңырат қыратынан онша ұзамай жылқысыш жайып тастаган Әйтім аксақал да атқа қонды. Көне көз қарт бұл маңайдың ой-шұқырын бес саусағындағы билетін.

Қыратқа шығын, көзін қолымен көлегейлеп қараса, екі-үш аттың үйіріліп тұрғанын байқады. Мұндай мал қарасы бізде жок еді ғой, бейсауат жүрген кімнің жылқысы еken деп, жақындаған барды.

Жақындаған барса, үпі бірдей бие бастарын түйістірген қалпы жерден көгермей тұр. Шыбындаған тұр дейтіндей күн ыстық емес. Келген адамға біреуі ғана қарады да тұра берді. Ііұл не керемет деп, жандарына барды Әйтім қарт. Барса, кішкентай ғана ойпанда құртақаңдай қыз бала үйиқтап жатыр. Мына үш жануар оны желден қорғап, бастарын алмай танауларының лебімен балаға жылу беріп тұр.

О, ғажап-ай! Жоғалған, адасқан баланы қамқорлығына алып, желге тигізбей қоршап алып, демдерімен жылу беріп, ит-құсқа тигізбей тұрған тұрлери еken-ay! Маңайына қараса, айнала құм үстінде қасқыр, кәдімгі шие бөрінің іздері сайрап жатыр. Мына жануарлар болмағанда баланың дала тағыларына жем болатыны сөзсіз-ay. «О, жануарларым-ай! Ақылды арғымақтарым-ай! Ерге

қанат болып қана қоймай пана да болдыңдар-ау! -деп қарт өз-өзінен сөйлеп жүр. Бөйина күш-куат құйылып, қанат біткендей. Баланы орнынан көтеріп алып, ауылға қарай бет алды. Баршагұлдің соңынан еріп, қалмай жақсылық жасаған әлгі үш жануар да бірге қозғалды. Қарны аш, тоңған, қалжыраған Баршагұл басынәлсін-әлсін көтеріп, жылқыға қарай береді. Жанына сая тапқызыған жануарлардың жақсылығын, қадір-қасиетін түсіне ме, жоқ па, кім білсін. Әйтеуір, оларға емірене, жылы қарайды. Кіп-кішкентай алақанымен жалынан, жонынан сипағысы келеді. Әйтім қарт ауылдағыларға бұл оқиғаны айтып жеткізе алмады. Жұрт бұған сенер, сенбесін білмеді.

Сайғел

Тың өнірінің табиғаты ерекше. Таулы, жоталы, орманды, көрікті жерлері аз емес. Сондай-ақ тұтас бір ауданды алып жатарлықтай қуан, жазық, мидай даласы да бар. Сол жапан сар дала кейде бір жауын-шашынды жылдары болмаса, қалырық ыстық, анызак желді болып келеді. Табиғаттың осынау ерекшеліктеріне орай өнірдегі ан, құсы олардың дene бітімі мен мінезі де үйлесіп жатады. Жәндіктеріне дейін солай. Табиғи зандылықты артықшылық жоқ. Бәрі орынды, үйлесімді.

Жаздың нақ ортасы. Көктемде су жайылған ойпандардан жеке шаруаның шөп шауып жатқан шағы. Бұғін де әдеттегідей күн шақырайып тұрып алды. Мұндайда шалдар жағы сақ. Олар қырғакүн қайтқан соң шығады. Жастар тәрізді жүрек жалғар азық та алмайды. Коректері-айраннан шайқаған шалап, әйтпесе езген құрт. Қайсысын болса да ыдысымен қоса киізге орап алады. Киізге орап, көленкеге қойылған сусын әсте жылып кетпейді.

Бұғін Баскен қарт та осындағы қаммен жолға шыққан. Сауып отырған жалғыз биесін желіде қалдырып, көнбіс ала өгізін жегіп алған. Өгіз демекші, ала өгізді көргенде бір оқиға ойға орала кетеді.

Ауыл қарттарының мінездері түрлі-түрлі, кескін-кейіптері естен шыға қоймайды. Баскен қарт-ауылдағы ең киянқы, шап етпе, ашуланшақ, шақар шал. Бірақ мейлінше ашық мінезді, өте әділ адам. Біреуге иненің жасуындағы қиянаты жоқ. Қолындағысын бөліп беруге әзір тұратын жан. Оның бұл мінездерін жақсы білетін ересек балалар әдейі бармайтын істерге бармак.

Бір күні Бәкенің үйінен өтіп бара жатсақ, арбадан тал түсіріп, үйгенін көрдік. Бір арба кепкен тал екен. Баяғы ала өгіздің терімен жеткізген ғой.

Жаңымда келе жатқан Сәркен:

-Көрдің бе?-деді қуақыланып, Бәкенің тер төгіп жатқанын нұскап.

-Көрдік.

-Көрсен,-деді ол.-Ай қорғалаған кезде Мәркен үшеуіміз келеміз.

Айтылмыш уақытта келдік. Сәркеннің бұйрығымен әлгі бір арба талды арқалап тасып, ауылдың екінші шетіндегі Тимофей шалдың корасының ығына әдайлеп үйіп қойдық.

Ертеңіне сыртынан бақылап, аңдыдық. Баскен шал талын көп уақыт ізделп жүріп, әлгі Тимофейдің үйінен тапты. Ал көп жанжалдың кекесі тусын. Бәкенің аузынан ак ит кіріп, кек ит шығып жатыр. Тимофей байғұс аң-тан болып ақталып жүр.

- Менікі бала да жоқ, таситын шана да жоқ,- деп ақталады- ай келіп. Айтылмаған сөз қалмады. Ит ырғын, қып-қызыл тәбелес бола жаздады. Біз бұған мәз болдық.

Бұл «жорық» Сәрсеннің айтуы бойынша келесі түні тағы қайталанды.

Енді тал біреудің ала жібін аттамайтын Мырзалының үйінің жанына үйілді.

Бәкен тағы әлекке түсті. Тал Мырзалының үйінен табылды. Ол ойланайын деді. Өйткені бұ істің Мырзалының қолынан келмейтінін әбден біледі. Сондықтан ешкіммен қактығыспай талын үн- түн жоқ тасып алды. Ала өгіздің соры, шықпай жүрген тері ғой. «Жорығымызды» еріккен балалар тағы қайталадық. Талды екінші рет келіп, арқаға сала бергенімізде Баскен қарт аңдып отыр екен, бас салды. Дес бергенде оның қолына Сәркеннің өзі түссін. Сәркеннің әкесі Сәрсен, оның әкесі Жексен, арғы атасы Берсіннен бастаң, тұқым тұяғы қалғаны жоқ, түгел балағатталды. Енді оны сүйрекен қалпы әкесіне апара жатқанда Сәркен де кулыққа басты.

- Өне, ала өгіз кетті қорадан! - деп қалды.

- Кәне, қап, әттеген -ай-! деп жалт карағанда Сәркен зып етіп қолынан шығып кетті. Тұра кашты. Біз оны зорға қуып жеткен едік.

Сол қапыда қалдырған ала өгізбен тағы жолға тартқан. Біңыранған қос донғалақ арба, құйымшағын бұрасаң да қимылдай қоймайтын ала өгіздің аяны, күпшектің тұсында

жапырайыпотырған ала шапанды сары шал алыстан қараган адамға келісті- ақ көрінеді. Бұл тыныштық онша ұзаган жоқ. Әлден уақытта бір топ сона келіп киліксін. Ала өгіздің көзі алайды. Басын олай бір, бұлай бір бүрдү. Құйрығы кетті шаншылып.

Құйымшағын бұрап жүргізе алмайтын өгіз алға қарай жұлки тартсын. Дырқыратып шаба жөнелді. Атқалақтап шапқанда арбаның қос донғалағы жерге бірде тиіп, бірде тимеді.

Сары шал өгіз айдамақ түгілі, қорыққанынан арбаның жақтауынан айрылмай тарамыс қолымен мықтап ұстап алған.

Оқырасы бар ала өгіз еліре түсті. Жолды қойып, жолсыз жермен тартты. Қайда апарарын кім біліпті. Тартып барады.

Мидай жазық, ен далада жалғыз қайын өсіп тұратын. Бұл өзі табиғат сүйер қауымға атам заманнан қалған бір белгі. Ала өгіздің алған бағыты-сол қайын. Әп-сөтте жетіп барып, әлгі қайынға соғылды дерсін. Сары шал қатты соққыдан ұшып кете жаздады. Ал арбаның күпшегі өсіп тұрған ағашқа кептелді де қалды.

Баскен карт жерге сүйретіле түсіп, күпшекті шығармақ болған. Көп әуреге түсті. Болатын емес. Әбден кейіген карт айдалада, мидай жазықта тұрса да: «Құдайдың жерінің тарын- ай!»-деген. Ал ала өгіз болса, бар жанын осы жалғыз қайын алып қалғандай көленкеде күйіс қайырып тұра берді.

«Айшықтының тапқырлығы»

Биылғы шабындықтың айтары жоқ. Ой-қыры бірдей көкмайса, жайқалып тұр. Түсімі қандай десенші. Көк шалғынның иісі мұрныңды жарып, кекірегінді ашатускендей. Мұндай жағдайда; ешқандай курорттың қажеті жоқ. Бірақ бір жаманы-масасы қырғын. Сары маса ызындал, қойын-коншына кіріп, маза бермейді-ақ. Шіркейі және бар.

Адам түгілі жан-жануардың да жылдың осы мезгілінде корғанатыны-сары маса. Бір мезгілде арбамызға бір қара сиыр жақындал келді. Жан-жағын жайғап, құйрығын сабалап, сары масадан қорынып, сая таппай тұр. Шіркін, тіршілік десейші, қара сиыр арбамыздағы жана шабылған жас шөпті жұлдып алып, арқасына шашады. Мұның бұл тапқырлығына мәз болып тұрғанымызда ол біраз шөпті ысырап етіп те үлгерді.

Міне, осылай,-деді сиырына жақындал келген келіншек бізге,-ақылды деп осы «Айшықтымды» айт. Жылда бұзаулайды. Сүті мол. Келіншек мақтаса, мақтауға тұрарлық сиыры атына лайық айшықты екендігіне дауласа алмадық.

Бұланға телініп..

Сиырымыздың біз ұнатпайтын жаман бір әдеті бар. Жылда бұзаулар алдында есебін тауып, бошалап кетеді. Биыл да сөйтті. Әр іздең, бері іздең таба алмай-ақ қойдық. Араламаған орманымыз, шықпаған төбеміз жок.

Екі-үш күн өткен соң, орманшы шал сүйінші сұрай келді, «Сиырың табылды, Аралбайдың түбегінде жүр. Жалғыз», -деді ол. Өкпемізді қолымызға ұстап жетіп барсақ, расында сиырымыз аман, жайбақат жайылып жүр. Бұзаулапты. Бірақ бұзауы жок. Тегі, ит-құсқа жем болған ғой деп қоя салдық. Сиырымыздың қара басы аман болғанына қуандық.

Арада апта еткен соң, әлгі қорықшы тағы жүгіріп келді. «Бұзау табылды, -деді ол аптығып, -жүр көрсетейін». «Жазған құлда шаршау жок», қорықшының сонына ердік. Баяғы Аралбай түбегіне бардық.

Жақындай бергенде: «Ақырын, дыбыс шығарма», -деп ескертті қорықшы. Бұқпантайлап жақындап көрсек, бұзау бұланның бұзауымен жайылып жүр. Ал анадай жерде одырайып бұланның өзі тұр. Әрине, жақындап барсан, пәлеге қаласың. Төлдерін қызғанып, қарсы шабуылға шығуы қәдік. Бұзауымыз бұланға телінген, әбден еркінсіп алышты. Жүре берсін, көрermіз әлі...

Ізил жсанудар

Бұл аймакта бір-біріне мал сату салты жок. Бірақ тұрмыс талқысы қоя ма, жақын көршім ойда жоқта жалғыз сиырын сатпақ болып, ауылдан тым қашық аудан орталығына саудалауға барады. Қан базарда мал сатушы да, алушы да аз. Сейлесе қалған адамға ол сиырын жер-кекке сиғызбай мактай ала жөнелді. Бұлды болып етсін дейді ғой баяғы «Сиырым өзі сүтті, өзі буаз, өзі семіз. Көрем десен, міне сонына ерген бұзауы да бар», деп сайрай ала жөнелді.

Ол қалай мактаса да жұрттың қөзі жок па, көріп-ақ тұр ғой. Қабырғасы ырсып, іші сумен тырсып, шодырайып жалғыз мүйізіғана қалған. Құнажынның желініңдей желіні қабысып- ақ тұр. Саудалаушылар тіпті сиыр женінде әнгіме қозғамай, бұзауына сөйлеседі. Амалы таусылған көршім бұзауын сатын, сиырын жетелеп қайтады.

Өтпеген сиырын таңертең еріске жібереді. Бірақ кешкіліктे қайтып оралған сиыр жок. Ертеңіне де келмей қойды. Тұз тағыларына жем болған екен деген қорқыныш билеп алды көршімді. Әрі-бері ойланған ол баяғы аудан орталығына,

бұзауынсатып алған үйге барады ғой. Барса, іздеген сиры бұзауын жаңында тұр. Таулы-тасты, өзен-көлді белдерден өтіп ондаған шақырым жерден бұзауынжазбай тапқан сирына риза болған көршім: «Ақшаң да өзіңе, саудан да өзіңе»,-деп, саудасынан айнып, бұзаулы сирын алып қайтады. Жерсінбейтін, бошалайтын сиыр ғой.

«Гүжілдек»

Бұл ертеректе болған оқиға. Ол кезде колхоз болатын. Колхоздың басқармасы әуелден әулетімен ауқатты тұратын, көзі ашық, еті тірі, алды-артын баға білетін Жаңбыршы деген адам еді. Оның әкесі жетпістен асса да денесінің зорлығына қарамастан жүріс-тұрысы ширак, шаруадан қалмаған адам. Баласының қарсылығына қарамай жылқыны үйірімен, оннан асып түсер ірі қара ұстайды. Ешкі, қой сияқты ұсақ малда тіпті сан жоқ. Бұлар өз еркімен колхоз үлесіне берілген каншама малдан қалғандарды ғана. Соның ішінде бұзауынан өсірген «Гүжілдек» деп атап кеткен қызыл күрен бұқасы бар болатын. Оны қолдан шығармай ұстайтын тұқымның асылдығынан болса керек.

«Гүжілдек» өте ірі әрі қырсық мінезді. Қыртыс-қыртыс күжірейген жуан мойыны ірк-ірк етіп, алпауыт кеудесімен тұтасып кеткен. Қатпарланған әукесінің салбырауы анау, жер сызады. Аяқтарының жуандығы керемет. Басы кесек, мүйіздер жуандалып, айыр болып біткен. Қашан көрсөн, екі көзі қызыл болып, қанталап тұрады. Оның содыр мінезіненсескенгендіктен үнемі байлауда ұстайды. Бас жібі білеу шынжырдан. Оның үстіне мұрнынан тесіп, шығыршық өткізілген. Сол шығыршак арқылы арқанмен және байланған. Үнемі байлауда тұратын бұка, әрине, ызалы келеді.

Маңайынан мал да, жан да етсе болды-ақ, өкіріп-бақырып шабынып, қатты пысылдап, көзін алартып, ашу шақырады. Оның ептеп болса да ығатын бір ғана адамы бар. Ол-Жаңбыршы. Жаңбыршының оған бұзау кезінде тақымы батса керек «Гүжілдек», болды!-деп жекісе, анау басыла қалатын.

Жаңбыршы бірде көрші колхозға шаруа жағдайымен жолаушылап кеткен-ди. Сонда әкесі байғұс түлен тұртты ме кім білсін, қыстың көзі қырау болғанына қарамастан бүкіл малын үлкен ашық албарға шығарған. Ішінде «Гүжілдек» те бар.

Байлаудан босаған бұқа бұрынғы бұрынғы ма, одан сайын құтырына түседі. Аяғымен жер тарпып, қарын, топырағын устіне шашып, бұрқыратады. Іргені сүзіп, қирата бастайды. Кораның тұсынан көршілердің малы суатқа қарай өте бергені сол еді, албардың сырғауылды шарбак есігін қирата-мирата даラға бір-ақ атып шығады. Кешеде жүрген адамдардың зәре- құты қалмайды. Мұны көрген Жаңбыршының әкесі шыдамай кетіп, «арам қатқыра» басып, қайыра бергені сол еді, ашулы бұқа оған оқыс ұмтылады да жақындай бере басын шайқап кеп қалады. Сол бетімен өз иесін өткір мүйізіне іліп алып аспанға бір-ақ көтерді. Байғұс қарттың ләм-мим деуге шамасы келмейді. Көзі қанталаған жауыз бұқа өзін бұзауынан өсірген иесін мүйізінен түсіре алмай көтерген қалпы көшеде журеді де қояды.

Ойбайына басқан жұрт оған манайлай алатын емес. Әбден амалы таусылған жұртшылық Жаңбыршыға кісі жібертті. Жаңбыршының өзі келіп, онтайын тауып, шалма тастап, мойнына бұғалық салып, қылғындырып, жыққанынша атана нәлет бой бермеген фой. Ажалы келген әкесін босатып алған Жаңбыршы «Гүжілдекті» буынып жатқан жерінде пышағымен тамағынан орып жібереді. Содан былай бұл ауылда мұндай сүзеген бұқа болмаған көрінеді.

Далаңың өз қызығы өзінде

Торғайдың кең дала сахарасында бір-бірімен байламdas қатар жатқан үш өзен бар. Олар - Қараторғай, Сарыггорғай және Торғай өзендері. Оған сонау Ақтөбемен шектесетін Өлкейік өзенін қоссаныз, бұл алқапта су әбден мол. Бұлардың көктемгі тасуы арынды, өте қатты болады. Су тасқыны кезінде талай көпірдің астан-кестені шығып, қаншама жан-жануарлардың мерт болғанын көзіміз көрген. Ағынды су арнасынан асып, қаптап жатқан Үлкенді-кішілі келдерге күяды. Топан су адамға өткел бермей екі-үш ай жатып алады.

Сол кезде сәуірдің жайма шуақ күндері жан-жануар тулеп шыға келеді. Адамнан да, ағылып жатқан техникадан да сесекенбестен мойындарын иіп, қанаттарын қомданып, бір-біріне иіле қырындал сезім білдіре аппак болып құс төресі-аккулар отырар еді. Алыста орағытып, екеу-екеу болып бөлінген қоңыр қаздар мен қызыл ала түске боянған итала қаздар екеуара қанқылымен көзге түседі. Жол шетіндегі шалшық сулардан, тіпті аяқ астындағы томарлардың арасынан пыр етіп ұша жөнелетін үйректің нешеме түрі мен бүкіл

төніректі азан-қазан ететін ақ шағала, балықшы шағала, қызғыш құс, шәукілдектер осы өнірдің сәні.

Судан шошынғаны басылып, текелері бірынғай бөлінген киіктөр әлденеден сескенген шошқалар әлсін-әлі кездесе кетеді. Жабайы шошқа демекші, бұл шіркіннен кім сескенбеген. Әсіресе, қабанның түсі сұық. Денесімен біте тұтасқан жуан мойны мен дәу басы, күжірейген жалы мен сойдиган тісі кімді болса да шошындырады анық. Торғайдың қамысты қөлдерінде оларғаталай ұшырасқанымыз бар. Қаншама сұсты, қоркынышты болғанымен олардың да көніл аудараптық түрлі мінездері, нешеме оқиғалары баршылық. Мекендейді. Бірде қөлденекүн көтеріле тағы шошқаның шынғырған даусы естіледі. Біресе қатты қорсылға басса, енді бірде біреу тақымын бұрап жатқандай шынғырады. «Бір тексіздің қакпанына түскен екен ғой. Қап, әттеген-ай,» деп шопан жүгіре басып барады. Ойы - мүмкін болса, қакпаннан босатып, байғұсты қоя беру.

Дауыс шыққан жерге жакындаі түсіп, қамыстардың арасымен жүріп келе жатқан. Өлден уақытта жақындағы-ау. Арап сияқты аланқайға шықты. Бұл аланқай шопанға белгілі. Суы тез тартылып, тұзды соры бұрқырап жататын жер. Қараса, дәу қабанның жотасы көрінеді. Біресе аунайды, біресе бауырымен жылжығандай болады. Сейтіп жүріп шынғырады-ай кеп, ал қакпан дегенің мүлде байқалмайды. Бұл не ғажап.

Шопан неде болса, батылданып, алға қарай нық адымдады. Әдейі жөткірініп, жөтелді. Бұл-қабанға берген белгісі. Сол-ак екен, адамды көрген қабан шошына орнынан атып тұрып, қамыстың ішіне зып берді. «Мынауың құтырған неме ме, көмекке шақырып алғып, қашқаны қалай?»-деп ойлады шопан. Жатқан жеріне барса, аққан қанның тамшылары бар екен. Мәселе енді айқындала түсті. Бұл «батырың» өзін өзі емдеген болып шықты. Тегінде, касқырлар ондырмай талаған болу керек. Ауырсынса да жарасын мына аңы тұзға үйкелеген. Пәлесін қараши. Өйткені ашық жараға шыбын-шіркейден құрт түседі де арты айықпас дертке айналуы мүмкін ғой.

«Ақылды хайуан екен» деп сүйсінді шопан.

Мықтың да кейде дәрменсіз

Сарықопа көлі-өзінің алғып жатқан аумағымен де, табиғи ерекшелігімен де адамды еріксіз таңдандырады. Мұнда жабайы

шошка көптең кездеседі. Адам бұл көлдің маңында кейдежалғыз-жалпы жүруден де сескенеді. Сойдиған азу тісті қабан түгілі мегежіні кездессе де өтешауіпті екендейті анық.

Сондай ірі қабандардың бірі көктемде мұз ери бастаған кезде суға түсіп кетіпті. Оның ауыр денесін жұқа мұз көтере алмаса керек. Қабан бар даусымен шынғырып, жер-көкті азан-қазан етті. Дауыс шыққан жаққа қарай осындағы қамыс дайындаушылар тұра ұмтылды. Барса, қабаннан әл кеткен екен. Күдірейген шүйке жоны мұз болып катып қалған. Кәдімгі итбалықтан аумайды. Тек тырбандағаннан басқа амалы қалмаған. Әлгі қорқынышты түрінен, көрсетер айбатынан ештеңе қалмаған екен.

Келгендер колма-кол мұзды ойып, оның аумағын кенейтті. Біреулері жүгіріп барып, бірнеше сойыл ағаштарды, бір-екі сырғауылды алып келді. Сейтіп көп болып жабылып, дәу қабанды мұздың үстіне шығарды. Мұз тұтқынынан құтылған «батырын» алды-артына қарамастан қалың қамысты жапыра эыта жөнелсін. Бәрі ду күліп, қорқынышты хайуанның дәрменсіз қылғына мәз болысты.

Коршауда

Қараша қаздың қикуы аңшы ғана емес, кімді болса да елеңдетіп, дегбірін алып, көл шетіне шақырап еді. Әсіресе, жылы жаққа кайтар кездегі «әндері» өзгеше. Әккі аңшы құстың осынау кайтар шағын күтеді де ұшқан бойда атады. Ол ұшін таңның атуын немесе қас қарайған кезді күтуі керек. Өйткені қараша қаз от оттаған жерден әбден қас қарайып, қараңғы тұн алдында ғана

көлге, немесе айдынды өзенге топ-тобымен қикулап үшүп оралады дақөлден күн шыға жапа-тармағай көтеріледі. Сондай бір тұста Өлкейік өзеніне барғанымыз бар. Бірақ күн тым кешкіріп кетіп, таңның атуын күткенбіз. Машинада отырған бәріміздің де көзіміз ілігіп кетіпті. Әлден уақытта «Жигули» шайқала бастады. Бұл не пәле деп, терезеден қарасақ, сізге өтірік, бізге шын, айнала қаптап жүрген дала шошқалары. Қабаны да, мегежіні де, торайы да аралас. Жерден жеті қоян тапқандай машинаны қоршап, еркін жүр бәрі. Тіпті машинаға сүйкеніп те қояды.

Бірақ қоршау онша ұзакқа барған жок. Біз сонда да есікті ашпай, таңның атауын күттік. Таң атқан соң шықсақ, машинаның біраз жері закымданған екен. Тіс батқан жерлері де бар сияқты.

Ауылға бұл жайды айтып келгенімізде, ондағылар қолайсыз жерге дамылдағансындар деп түсіндірді. Сөйтсек, тұрған жеріміз тағы шошқалардың су ішуге баратын сүрлеу жолы болып шықты. Оны біз қайdan білейік. Содан былай жер жағдайы жайлыш ауыл адамдарымен ақылдасып алатын болдық.

Корқыныш

«Балықшының баласы суға қарап өседі» демекші, корықшының әйелі де құрып қойған ауды қараймын деп басын бәйгеге тіккені бар. Ол қайтып келе жатқанында бір бұтаның түбі сыйбыр ете, қалмасын ба. Жалт қараса, сойдау тісі ақсиған қабаның басы көрінеді. Шошып кетті. Одан әріректе бір топ шошқа және жайылыш жүр. Не істену керек? Ойланатын уақыт жок. Корқыныш бойын биленген ол екі қадам жердегі ағашқа өрмелеп шығып алды. Ал, қабан болса, басқа жер табылмағандай, дәл сол ағаштың түбіне жегіп келмесі бар ма. Күжірейген жалымен ағашқа сүйкеніп, касынып рахаттана бастады. Ол жетпегендей ағаштың түбіне ондап тұрып жайғасып, корсылдап қойып үйқыға кіріссін. Үйінің кетіп қалғанында да шаруасы жок.

Әрі қорқып, әрі таңданған әйел амалсыз ағаш бұтағына жабысып отыра берді. Қабан үйқысынан қашан оянатынан ол, қайdan білсін. Өзінің де дәл осы күйде қанша отыратын белгісіз.

Бірақ, тілеуінді бергір, күтпеген жерден трактордың дырылдаған даусы шықты.

Қабан сонда ғана оянып, шошынғаннан қалың орманға безіп берді. Корқыныш бұлты сөйтіп барып сейілді.

Қабанға да түйс керек

Шошқа фермасы орман ішіне орналасқан еді. Өйткені орман шошқаға әрі пана болумен бірге қасында қорыс көлі бар. Оларды бағуға да, күтуге де қолайлыш жер.

Шошқа күтушілер ә дегенде байқамаған-ды, сөйтсе, жайылып жүрген шошқаларға жабайы қабан келіп қосылыпты. Кәдімгі үйреншікті шошқатәрізді. Жақындауға болмайды, қорқынышты қауіпті. Оны айқайлап та, қуып та кетіре алмады. Сол бетімен қабан шошқалармен фермаға бірге келіп кірді. Не істей керек? Амал жок, ол да жеке бір шарбакқа қамалды. Шаруашылықбасшысына айтып көріп еді, «құтімге алындар өзі келген екен, қумай-ақ қойындар» деп бұйырды.

Қабан асыранды шошқалардан ерекше болатын. Түсі де өгеше. Мандайынан басталған қалың жалы күжірейіп тұрады. Қымылдары оқыс. Тегі өз ортасында бірденеден шошынған болукерек. Әйтпесе қыстауда не шаруасы бар. Оны бірде басқа қораға қамап көріп еді, ұнатпады, міnez көрсетті. Сондықтан үйренген орнына қайта әкелінді. Қабан күндіз шошқалармен бірге жайылады да кешке қарай өз орнына қайта жайғасады. Кетеремес. Қолға үйреніп кетер ме екен, әлде қайтсе де тағылығын жасар ма екен. Ол жағы әзірге белгісіз. Бірақ шошқа күтушілер үнемі үрейленіп жүретін болды.

Дәндеген торғай

Кала жүрті өртемен оянады да әдетінше аялдамаға қарай асығады. Өйткені қажетті автобусынан, баратын жұмысынан кешікпеуі керек. Бүгін де солай. Аялдамаға қарай жүрт ағылып жатыр. Аялдама басы ығы-жығы. Автобус келер емес. Жүрт көп күтіп қалды. Сөйтіп тұрғанда дүкен жақ шеттегі бір- екі әйел оқыс баж ете қалды. Жүрттың көбі бері қарай ығысайын деді.

Қараса, тісі сойдіған кәдімгі қабан жүгіріп жүр. Бірақ денесі кішірек торайы екен. Қалай болғанда да ашуы келсе анау сойдіған тісі кімге оңай тиер дейсін. Шеткі бір әйел қорыққанынан өзімен алып шыққан тегенесін қолынан түсіріп алды. Тегене шар ете қалды. Соған қарамастан торай оған бас салып, ішіндегі жұмсақ тоқашты ұнтай бастады. Тоқаш таусылған соң жан-жағын қарманып, қорсылдап тіміскіледі. Одан қорыққан екінші бір әйел қолындағы конфетін тастанды да түрдү.

Соны қанағат еткен торай бір шыңғырып алды да келген жағына кетіп отырды.

Бұл жерге жабайы торай қайдан келгеніне таңданды бәрі. Өйткені жақын манда хайуанаттар паркі жок. Бірақ 3-4 шақырым жерде орман қойнауында шағын батпақты көл бартын. Тұрғындардың бәрі сол келден келген болар деген тұжырымға келді. Ашыққан болар десті. Түсі суық торай келесі күні тағы келді. Әбден тәттіге дәндеп алған ол қунде келетінді шығарды. Жұрт еті үйренген торайға еріп, дәү қабанның өзі де келіп қалмас па екен деп, қауіптеніп жүрді. Бірақ көп кешікпей торайдың өзі де көрінбейтін болды.

Үңгірдегі үрей

Мен билетін «Баянтау» совхозының директоры Баяш аңсақ жан. Жылдың қай мезгілі болса да далаға қарағыштап бірденесін жоғалтып алғандай елендеп тұрады. Әсіресе, қасқыр десе, дегбірі кетеді. Әйтеуір тұз тағысына жаны қас. Анада ауылдағы бір отар қойға қасқыр тиіп, біразын тамақтап кеткеннен кейін, оларға өшіге түсіп, тіпті қатуланып алған. Сондықтан қасқыр кездессе - ақ, опын сонына түсіп бағады. Бір ғажабы Баяштан қасқыр құтылып көрген жоқ деседі жұрт.

Бірде Баяш жанындағы серіктерімен сабаны жинап алынған алқаптың бойымен келе жатады. Ойда жоқта бір қасқыр кездесе кетпей ме. Өзі де арланы екен. Бұрылып бір қарайды да сары жоталы тебеге қарай жосылта женеледі. Әккі анның егін алқабымен сонына тусу қын. Қасқырды сол бетімен қоя беріп, Баяш аныздың екінші басына шығып алды. Сөйтеді де қасқырға бүйірден қосылады. Бәрібір тықырдың таянғанын сезініп, ышқына түседі. Оны анау көрінген төбеге жеткізбеу керек. Жетсе бітті, маңайлатпай келетіні анық. Қашқан қасқыр да, күғыншылар да мұны жақсы түсінген.

Уақыт өзі ан сайын бұлардың аралары тым жақындай түсті. Енді оқ бойы келіп қалды-ау дегенде опырылған апан кезігіп калып, қасқыр соның ішіне кіріп кетеді. Қуып жетіп қалған машина екпінімен өте шығып, үзап барып тоқтайды.

Сөйтсе, бұл ескі шахтаның орны болып шықты. Жүргізуші қызба жігіт колына электрлі қол шамын ала салып, жүгірген бойда апанға түсіп кетеді. Сыртта қалғандар жігіттің өжеттілігіне масаттанып, оны жер-кекке сыйғызбай мақтап отырғанда, жаңағы қасқыр шахтаның екінші жағынан шығып алып, келген жағына қарай тартып отырады. Баяштың да оның жанындағылардың көздері шарасынан шығып, не істерін білмей қалады. Тілдері байланып, бәрі шахтага қарай ұмтылысты. Жігітті «жазым етті», «жарып кетті» деген түрлерінде үрей бар. Сөйткенше жаңағы жігіт ештене болмағандай жымып шыға келеді.

- Не болды? - десіп жатыр бәрі.

- Ештене болған жок. Шамды жағыптуускенім сол еді, қасқыр қарсы ұмтылғанда, зәре- құттым қалмады. Ол мені соға- моя даалаға тұра ұмтылды. Қолымдағы шамды қағып түсірді. Не болғанымды өзім де білмеймін,- деп самбырлап жатыр жігіт.

Шамасы екеуі де бір-бірінен қатты корықкан. Урейленген жүргізуші жігітті қаға-маға қашқан қасқырдың зыта жөнелген түрі анау. Бұлар қайтадан «атқа қонды». Жер бағдарын жақсы білетін Баяш жол нұсқады. Корқау қасқыр бұл жолы құтыла алмады.

Кешкүрым

Бұл алқапты Киіккөшкен деп атайды. Жылда астығы мол шығатын, шөбі шүйгін, шұрайлы жер. Биыл да диқан қауымы үлкен үмітпен дән сеуіп жатқан көктемгі кез. Баяш директор болған соң да үйқы- құлкі көрмейді. Бүгін де егінжайды аралап, диқандармен жүздесіп дегендей біраз жайға қанықты. Кешкүрым. Жолсыз жермен алтыншы бригадаға төтесінен тартқан еді. Көп ұзамай ескі қыстаудың орнынан бір қасқыр ата жөнелді. Қастауды бойлай өте бергендері сол еді, апанға көздері түсті. Кәдімгі қасқырдың аpanы.

- Кәне біреуің мына іnniң жанында қалындар,- деп бұйырды Баяш.

- Е, жарайды, мен-ақ қалайын, ананы тез қуындар,- деп шеткегі отырған мен машинадан секіріп түсе қалдым. Аналар қасқыр қайдасың деп тартып отырды.

Состиып мен тұрмын. Апанды айнала қарап шықтым. Ішінде бөлтіріктері бар сияқты.

Куғыншылар көзден лезде ғайып болды. Қас қарайып барады. Денем тоңазын деді. Сейтіп тұрғанда көз алдында от жарқ ете қалды. Қасқыр. Қаншығы екен. Қыстауды айнала берді. Мәссаған! Денем тоңазымақ түгілі, мұздап коя берді. Қас уақыт озған сайын жақындаі түседі. Көзінен от жарқ-жүрк етеді. Бойымды қорқыныш билей бастады. Қорыққанға қос көрінеді деген рас екен. Көзіме екі қасқыр болып көрінді. Амалсыз шегіне бердім. Айқайлайын десем, даусым шығар емес. Шегінген сайын қасқыр да жақындаі түсетіндей. Қолымда ешқандай қару жоқ. Не сірінке болсайши, ол да жоқ.

Шегіне-шегіне домалап жатқан шөлмекке көзім түсті. Жалма-жан шөлмекті алып, кірпіштің сынығына соғып жіберіп, дыбыс шығардым. Қолима керемет бір қару түскендей күш бітіп, оқыс қымыл жасадым. Бұл әрекетіме қасқыр да іркіліп, сескенгендей болды. Далатұн шымылдығын жамылған. Қалай дегенмен де қасқырдың от көзі өнменімнен етіп барады. Менде шегіне бергеннен басқа амал жоқ. Бір мезгілде қасқыр бұрылғандай болды ма, от көзі көрінбей кетті. Сол-ақ екен айдалаға зыта жөнелдім. Алдым жән, артым соқпақ. Арты қарап қоямын. От кезі көрінбейді. Мұндай жүйрік болармын ба? Аяғым аяғыма тимейді. Сол бетіммен, құдай дес бергенде дала қосынан бірақ шықтым. Қостағылар бұған сенер-сенбестері білмейді. Әйтеуір құле береді.

Куғыншылар болса, манағы қасқырды соғып алып, әлгі інге қайтып оралса, мен жоқпын. Зәрелері кетеді. Қасқырға жем болған шығар деп корқады. Апанның маңайын машинаның жарығымен іздел, ең болмаса киім - кешегі кездесер ме екен деп, көп әурегетүседі, ақыры олар да келеді. Диқандармен әнгіме соғып, сорпашіпотырған мені көргенде жүздері жайнап жүре берді. Енді қасқырды қалай, қайтіп соққанын олар айтып жеткізе алмады.

Қарынға жасасырған бөлтірік

Жұмыстан мезі болғанда дала кезіп кететін әдетім. Өсіресе қолима құрық ұстап, өзен жағалай қармақ тастауға құштармын. Бүгін де сол әдетіммен Затонның ескі жұртын бетке ұстап, Жалпак қара суына қарай астым.

Май айының орта тұсы-тын. Өкпек қара сұық жел әлі басылмаған. Бірақ көктемгі тіршіліктің қызығы мол. Өсімдік те, жәндік те дүниенің рахатына батқан. Солардың тыныштығын бұзғым келмей аяғымды сүйрете басып, төнірекке жіті көз тастап келе жатқанмын. Өлден уақытта ту сыртымнан мотоциклдің даусы шықты. Қыр жақтан келіп қосылатын сүрлеу жолмен әлгіндей болмай жетіп-ақ қалды. Өзімнің ежелгі көршім, орыс досым. Тоқтап, жөн сұрастық. Сейтсем ол картоп еgetін жерді бағдарлауға шықкан екен, Коймaston мені де мінгестіріп алды.

Сөйтіп ескі жұртқа шыға бергеніміз сол еді, орта тұстан, жарты қабырғасы құламай тұрған үйдің іргесінен бір арлан қасқыр жылыстай берсін. Аузында тістеген жемтігі бар. Мұндайдаделебесі қозып кететін Митрофан да болмай үш аяқты мотоциклімен ар жаққа өтті. Қасқырдың қарасыны көрінуі мұн екен көршім «қамшыға» басты. Қасқырға әп-сәтте жақындалап-ақ қалды. Жемтігін әлі тастамапты. Бір мезгілде күғышылар шыдатпаған соң, ол жемтігін тастай қашты. Сол кезде Митрофан тоқтай қалды.

Өй не болды? Неге тоқтадың?- деймін мен.

Амал жоқ.

- Неге?

- Біріншіден, қасқыр енді жеткізбейді. Эне, көрдін бе? Алдында қалың қамысты қара су. Соған қайтсе де сінеді. Екіншіден, жемтігін көрейік те.

Аттан түскендей мотоциклден түсे қалдық. Жақындалап барып, қарадық. Қарасак, қойдың қарыны. Қарын бүлк-бүлк етеді. Таң қалған біз қарынды ұстап керсек, сізге өтірік, бізге шың, ішінде екі-үш бөлтірік жатыр. Қасекен бөлтіріктерін қойдың қарынына сала қашқан екен. Қарынды қапсыратістеп, тастамай! жүрген себебі сол болып шықты. Мұндайды кім көрген?! «Естімеген елде кеп» деуші еді, енді «көрген кезде жазық жок» десе де болады.

Тосын тоққауыл

Құ тақыр, сайын далада іздел жүріп, ырымга деп жалғыз ағаш таба алмайсын. Жылап акқан өзенсімактардың бойындаған ат омырауынан аса қоймайтын бұталар, ши түптері, оқта-текте кездесіп қалады. Бірақ осының өзі-ақ ұшқан құс пен жүгірген аңға пана, жаны сая табар ықтасын, қорек. Сондай бір өзен бойын жағалап, оның тіршілік-тынысына мән беріп, ой үстінде келе жатыр едім. Кенет пыр етіп дәл аяқ астынан ұша жөнелген құстар шошын кеттім. Шіл екен. Одан екіншісі, ушіншісі ұшты. Шіл тобымен өзен

бойлап, тартып отырды. Сөйткенше болған жоқ, дәл қарсы алдымағы қалың бұтадан бір киік ата жөнелді. Киік шыққан жердің қары әп-сәтте алай-дүлей актүтек боран болды да кетті. Сол-ақ екен, дәл сол тұстан екі-үш қасқыр шыға келіп, киіктің сонына түсіп берсін. Үшеуі қойсын ба, әлгіндей болмай киікті кері қайырып алды. Көздері қанталаған қасқырлар мені елейтін түрлері жоқ. Есіл-дерттері-киікте.

Киік байғұс жаңағы шыққан жеріне салып ұрьыш, қайта оралды. Оны ажал тырнағынан құтқарар бірден-бір құш мъша бұталардай – ақ-соған жеткенше асық. Өзі де жүйрік қой, жануар. Жауларынан оқ бойы алда келеді. Байғұс киікті аяп кеткенім сондай, бар даусыммен айқайға қалай басқанымды өзім де анғармай қалдым. Тосын дауыстап шошып кеткен үш қасқыр жапа-тармағай тоқтай қалды да, мені көре салып, кейін қарай ойқастай жөнелді. Киік екі бүйірінен дем алып, есі кетіп тұр. Құтқарушысы не істесе де мойынсұнғандай, қозғалар емес. Сейтіп тұрғанда жаңағы қар бораған тұстан бір қасқыр көтеріліп, қарын сілкініп, тұра женелді. Жаңағы айқайыммен бірге мылтығымды да онтайлаған мен шүріппені басып ұлгердім. «Құланның қасуы, мылтықтың басуы» дегендей, ышқына екі-үш секірген қасқыр мұрттай ұшты. Бұл жәй енді түсінікті болды. Қасқырда да айла бар. Әлгінде актүтек боран жасағанда анау үшеуі мұны қарға көміп, тосқауылға тастап кеткен екен. Егер мен болмағанда мына киік төрт қорқаудың жемтігі болатындығы анық еді. Бірақ ажал тырнағына қорқаудың өзі ілікті.

Қансонарда

Тұнімен жапалақтап жауған алғашқы қар таң ата барып басылған. Жер бетін жапқан ақ мамық көзді қарықтырады. Үп еткен жел жоқ, ауа таза. Тазы иті, сәйгүлік аты бар аңшыға нағыз таптырмайтын қансонардың өзі. Жап-жаңа жүгіріп өткен аңның ізі «мен мұндалап» сайрап жатыр. Өккі аңшы қандай ізді болса да жазбай біліп, нендей аңның қай жаққа тартқанын айна қатесіз таниды. Осынау қансонарды тамашалап екі бірдей мал маманы аңшы болмағанымен, делебесі қозып келе жатқан. Астарында-желден жүйрік «УАЗ» автомашинасы, бағыттары-«Ақбидайық» қыстауы. Бірі мал дәрігері де, екіншісі зоотехник. Мақсаттары-қыстаудағы шопан жағдайын білу.

Өстіп келе жатқандарында ойда жоқта алдарынан дәу қасқыр кесе-көлденендереп өте берді. Мұндайда жігіттердің делебесі қозып кетпей ме.

- Тарт. Тұс сонына. - деді зоотехник рульде отырған жолдасына.
- Ойбай-ау кетті-ау. Анау мылтықты ал, мылтықты.-деп бұл да
қызынып, құлақшынын жанына бір-ақ ұрды.

«УАЗ» жолсыз жермен қарды есіп ала жөнелді. Алымды техника
қойсын ба, қасқырға лезде жетіп келді. Өзі де арлан қасқыр екен.
Ауыр денесімен оипа қарда малтығып барады. Ақылдасып
жататын уақыт жоқ, бұлар тек қасқыр қайда бүрүлса, машинаны
сонда бүрүп, ізінен қалмай отырды. Тәжірибелі аңшылар болса, ой
өйтпес те еди. Бұлардікі тек нede болса, қасқырға жетіп жығылу.
Солай болды да. Есік пен төрдей жақындаған кезде есікті ашып
қалып, мылтықтың шүріппесін басып кеп жіберді. Дес бергенде,
арлан омақаса құлап, домалап тұсті. Машина өтіп барып тоқтай
қалды.

«Аңшыларда» ес қалған жоқ. Екеуі де жіті қимылдан, жатқан
қасқырдың тұмсығынан бір-екі соғып жіберіп, машинадағы
отырғыштың артына тастай салды. Файыптан кез болған олжага
екеуі де мәз. Мұндай олжага кенелеміз деп кім ойлаған әуелде.
Көнілдері көтеріліп, денелері қызынып, бір желпініп қалды.

Қыстауға да жақындал қалаған екен. Машинаға орнатылған
мандай тұстағы кішкентай ғана айнаға қарағыштап отыратын
шоферлардың әдеті емес пе. Рөлдегі мал дәрігеріміз де соләдетпен
айнаға кез тастаған. Сол-ақ екен, денесі мұздап қоя берді. Тілі
курмелеңіп, «бық-бық» деді де қалды. Өз көзіне өзі сенбей айнаға
қайта үніліп қарап еді-дәл өзі. Жаңағы қасқыр артқы отырғышқа
алдынғы екі аяғын асып қойып, тікесінен тік түр. Тілін
жалақтатады. Екі көзі қанталаған, қып-қызыл «Қалай?»-деп көзін
қысатын тәрізді. Қорыққанға қос көрініп тұрма, кім білсін. Соғып
алған қасқыры тіріліп кетсе, қалай қорықпасын, қайтіп
шошымасын. Қос тізесі діріл қағып, көздері шарасынан шыға
жаздады. Не істерін білмеген ол аяғымен серігін тұртіп: «Әне,
қара!»-деді, айнаны ыммен нұскап. Анау қарап еді, оның да көзі
шарадай болды. Зәресі ұшып, бұға бастады. Тілге бірінші келген
ролдегі мал дәрігері есікті нұскады. Сейтті де айнадан көзін алмай:

-Қазір машинаны тоқтатып, есікten бірдей секіреміз,-деп
мінгірлеп, зорға түсіндірді. Ол кілтті кері бұрап, двигательді
сөндірді. Машина ез екпінімен шамалы жүріп барып, баяу тоқтады.
Екеуі де аяқтарының астындағы темір-терсектен қолдарына
іліккенін ала тұсті. Машинадан қарғып түскен олар не істерін
білмеді. Ақырын, біраз тұрды.

Қасқыр болса, өз жайымен отыр. Қозғалар емес. Машинаны әбден иемденіп алған. Екі жігіт еттері үйреніп алған соң, айқайға басайын деді. «Шық, кет.»- десті, Шығатын қасқыр жок. Бұлар қолдарындағы темірді бір-біріне соғып шыңылдатты. Машинаның үстіне шығып, әрекет жасады. Бір мезгілде қасқыр сүйретіліп барып шықты-ау. Аяғы жерге тиу мұн екен, шоқақтап ала жөнелді.

Екі «аңшы» машинаның артында жатқан мылтықты алғанша қасқыр да қамысты көлдің жиегіне ілігіп қалған-ды. «Байтал түгілі бас қайғы» деп, екеуі онай «олжадан» осылайша әрен құтылған. Бұл оқиғаны ауылдағыларға айтып еді, ешқайсысы сенбеді. Шек-сілесі қатып, өтірік десті. Бірақ алғашқы қан сонарға шыққан екі мал маманының басынан осындай оқиғаёткені рас еді.

Toйтарыс

Бүгін үйде отыратын күн емес. Қектемнің жайма- шуақты күндерінің бірі. Табиғат қайта түлеп, құлпырып-ақ тұр. Күні кешегі қысымын әлден-ақ мұлде ұмытқан құс атаулы ұшып-қонып тағат табар емес. Жан-жануар ерекше бір тіршілікте. Қар суынан жиналған кішкентай көлшіктің жиегінде толарсағы имиген жана тұған бұзауын айналышқатап, ала сиыр жүр. Қаймығудың не екенін білмейтін, енесінен айнымаған ала бұзау құйрығын шаншып алып, айнала шапқылап тыным табар емес. Осы көріністі жылда көріп жүрсек те ерекше сезіммен тамашалап тұрғанбыз. Ойда жоқта шоқ ағаштың ішінен бір арлан қасқыр шыға келмесі бар ма. Бізді анғармаған бөрі бұзауға қарай бұқпантайлап барады.

Біз есімізді жиғанша қасқыр да бұзауға тап бермесін бе. Бірақ қасқырдан ала сиыр шапшаң қымыл танытты. Тап берген тұз тағысына кесе-көлденен тұра қалды. Өкіріп-бакырып, жер-көкті азан- қазан етті. Мүйізімен жасқап, қасқырдың есін шығарды. Малдың төлі де сезгіш қой, «батырын» енесінің бауырына тығыла берді. Сөйткенше біз де қарап қалмадық. Колымызға түскен қаруымызben айғайға басып, жетіп улгердік. Мұндай қарсы шабуылды құтпеген «қасекен» сілекейі шұбырып, басы ауған жаққа зыта жөнелді. Ал ала сиырдың ашуы көпкө дейін басылмай бұзауын айнала берді. Оның әлгінде өкірген даусын естіген жақын мандағы сиыр, тайынша, торпақтар көздерін аларта жетіп келіп, төніректі азан-қазан етті. Енді қасқырлар тобымен келсе де мына біріккен күшке төтеп бере алмайтындығы анық.

Жан сауғалап..

Таңертең ертемен бау-бакшаның екі бірдей күзетшісі велосипедпен жұмыс орындарына бет алған. Кенет өздеріне қарай зытып келе жатқан киікті көрді. Сөйтсе сонынан бөрі куып, жақындаған қалыпты.

Не істеу керек? Күзетшілерде мылтық жок. Киіктің халі мынау, адамнан көмек сұрап, жан сауғалап жалбарынғандай. Басқа амалы қалмаған күзетшілер велосипедтерінен түсे қалып, аспалы калтадағы кілттерді алып, бір-біріне соғып шақ-шұқ еткізді. Бар айқайларына салды. Күтпеген темір шынылынан, мынау айқайдан шошып кеткен бөрі жалт беріп, бір бүйірге қарай қаша жөнелді. Ал киік болса, қарсыдағы жайқалған жүгери алқабына қойып кетті. Жан сауғалаған байғұстың көрер күні алда екен.

Тайлақтың тарзаны

Жолай әңгімелесіп келе жатқанымызда орманшы Тайлақтың аты кенет қулагын қайшылады, қалт тұра қалды. Бір орында шегедей қатып, денесі дір-дір етеді. Жан-жағына жалт қараса, бір топ қасқыр қоршап алыпты. Азу тістерін ақситып, ырылдағанына дейін естіледі. Масқара! Енді не болмақ? Сөйткенше болмай арт жақтан келіп жеткен Тайлақтың күшік кезінен асыраған Тарзан деген иті, сенімді сақшысы әрі көмекшісі қасқырларға жетіп барады.

Жетіп барған иті бөрілердің ішіне сіңіп, тіпті арланымен ауыз жаласқандай ма, қалай? Арланнан басқалары Тарзанға бас салғысы бар. Бірақ арлан қасқыр сес көрсетсе болды, аналар қүйректарын бұтығына тығып, шеттей береді. Ұмар-жұмар арпалысқан ешқайсысы жоқ, қайта секірісіп, бірін-бірі итермелей ағаштың ішіне енді де кетті. Тіпті адамның түсіне енбейтін ғажап көрініс. Бұл не жұмбақ?

...Бұдан бірнеше жыл бұрын Тайлақ панасыз, әлсіз жатқан бөлтірікті тауып әкеліп еді. Жылы үйге әкеліп, жемтік беріп, осы Тарзанның үйшігіне қоя берген. Бөлтірік есейген соң, оны Тайлақ елден жырақ жерге апарып тастаған-ды. Міне, әлгілер сол бөлтіріктің тобы болып шыққаны фой. Түз тағысының әлгі қылышы бір кездегі қамқор болған ата жауына және оның иесіне жасаған қайырымы еді.

Ал Тарзан ше? Ол келесі күні қайтып оралды. Ештеңе болмағандай қалпы бар. Денесі сау, жаракаты жоқ. Иесіне бар қызметін көрсетіп, әлі де аман-есен жүріп жатыр.

Қорадағы айқас

Аш өзегі ішіне түскен аш бөрінің көзі алақтап, тілі салақтап келеді. Дәл қазір ешқандай жаудан тайсалмайтын сыңайы бар. Тұн жамылып, келе төл қорасының іргесін қаза бастады. Алды-артына қарайтын түрі жок. Қораның ішіне тырнағы іліккенде, малдың исіне елітіп, көздері қанталап кетті. Ішке өткен соң, аяғын енді-енді басып тұрған жана туған егіз бұзауды көргенде, таза есінен айрылды дерсін. Жылы-жұмсаққа енді ұмтыла бергені сол еді, өзіне тап берген ала сиырдың мүйізіне қалай іліккенін де білмей қалды. Қатты соққыдан ес жимастан іргедегі ордың ішіне топ ете түсті.

Оңбай таяқ жеп, тұтқынға түскен бөрінің халі мүшкіл еді. Ала сиыр болса, ашуын баса алмай жауына тап-тап беріп, өкіріп-бақырып, төніректі у да шу етті. Ордың жанынан бір қадам шегінер емес. Мүйізіне іліксе, жарып тастауга бар.

Қорадағы айқастың мәніне түсінбеген біз ала сиырдың дабылымен келіп есікті аштық. Шам жақтық. Мазасызданған сиырды орнына жайғастырдық. Шаманың жарығымен ордағы итке көзіміз түсті. Орға әншайін бір ит түсіп кеткен шығар деп, жалпақ тақтайды жалғадық. «Ит» тақтайға жолар емес. Тісін ақситып, ырылдап, жолатпайды. Анықтап қарасақ-қасқыр. Енді не істейік?

Не істеуші едік. Тақтайды қайта сұрырып алып, енді соғып алу қамына кірістік. Қолға өзі келіп түскен олжадан айрылып қалуға бола ма?!

Қазкенниң құтжсолы

Онда жас кезіміз. Оқуды жеті шақырым жердегі ауыл мектебіне жаяу барып оқимыз. Қыс, жаз демей жолшыбай асыр саламыз. Жол қыскарту үшін айтылмаған ертегі де қалмайды. Бір күні Қазке деген жоласымыз ойда жоқ жерден жұлып алғандай:

-Жүріндер, күшік аламыз,-деді.

-Қайдан ?

-Ойбай, Садықтың үйінен. Күшігі көп көрінеді. Және күшік болғанда қандай.

-Кеттік, ендеше.

Күшіктердің енесі не тазы, не тәбет, не шәуілдек иттердің тұқымы емес, әйтеуір орташа бірдене екен. Бірақ өте өжет, өзге жүртты маңына жуытар емес. Дегенмен, Садық амалынтауып, оны қораға қамады да қойды. Күшіктер болса, бауырын енді ғана көтерген, дамыл таппай тістелесіп, алысып-жұлысып жатыр.

- Ал таңдандар,-деді Садық.
- Қалай таңдайық ?-дейді Қазкеміз.
- Өй, сол да сөз болып па, атам айтатын: не құлағынан, не қүйрығынан ұстап тұрып, созбалап жоғары көтергенді қыңыламаса, ондай күшіктен жақсы ит шығады деп.

- Жарайды, ендеше,- деп, бәріміз күшіктерді шетінен көтере бастадық. Біреулері шаң-шұң етіп бақырьш жатыр. Екіншілер сәлден кейін барып қыңылайды-ай келіп. Менің көтерген сұрлау күшігім қынқ етпеді. Сол-ак еken Қазке оны бас салды. «Тұбінде осыдан бірдене шықпаса, маған кел»,- деп қояды ол. Бұл жазда, маусым айында болған еді.

Өз ерекшелігімен алтын күз де келіп жетті. Бір күні Қазке әлгі күшікпен алек болып жүр еken. Жаман тонын тері айналдырып киіп алып, қалың шөпте домалап, жұлмаласып, үлкен болып қалған күшікпен алысада. Енді бірде сары түсті өлген қосаяқты жіпке байлап, сүррете қашып жүр. Құтжол оны қалай қашса да құтқарап емес. Қосаяқты бас салып, ұмар-жұмар етеді. Байқасақ, осының бәрі итті аңшылыққа баулудың бір түрі еken. Кейін кешкүрим тірі қосаяқтың өзіне салып жүрді.

Бір күні Қазкенің ағасы Қамза Құтжолды ертіп, анға шықты. Бұл енді қыс мезгілі болатын. Тілерсектен келетін әлі қатып ұлгермеген ұлпа қар. Бұл жерде ақ қайыңды шоқ ағаштар көп кездеседі. Аралары төрт-бес шақырымнан аса қоймайды. Солардың арасына салынған қоянның жымы көз алғысыз. Тұлкінің ізі де сайрап жатады. Шоқ ағаштары қақсан болды ішінен қояндар атып-атып шығады. Жалғыз-жарым жүрген тұлқілер де сыйтылып шыға келеді. Қөп кешікпей сондай бір тұлкінің кездесе кетпесі бар емес пе. Қамза Құтжолды қосып жібереді де өзі алыстан бақылайды. Өйткені астында аты жоқ, жаяу болатын. Құтжол тұлкіні куып берді. Біз де үйдін төбесіне шығып алып, қарап тұрамыз. Әлгіндей болмай ит тұлкіні кері қайтарып алды. Ұлпа қарға тұлкі малтыға береді. Ал Құтжол сияқты әлгі итке бұл түк те емес. Қөп ұзатпай-ақ ол тұлкіні қағып түсірді. Қазкенің қуанышында іпек болған жоқ. Оған күшік таңдасқан біз де қуаныстық.

Қып-қызыл тұлкіні Қамза арқасына салып, алып келді. Сол қыста Құтжол жеті тұлкі ұстады. Жүйрік те өжет итті енді қасқырға саламыз деген әңгіме шықты. Қасқырға жаяу шығуға болмайды. Ол үшін ат жарату керек. Жүйрік, сәйтулік болмаса да жегін ат бүкіл ауышда тек Аманжол ақсақшіда ғана бар-тын. Кон больш, соган кон қолқа салынды. Өттен не керек, Құтжол бір күні үшті-қүлі жоғалды да кетті. Бірденеден өлген ғой, жақсы ит өлімтігін көрсетпейді десті біреулері. Жұрттың бәрі өжет ит жалғыз шапқан соң, қасқырлар алып кеткен шығар деп жүрді. Кім білсін. Содан былай Құтжол көзге түскен жок.

Жақсылықты ұмытпағанты

«Ит семірсе, иесін қабады» деген мәтел бар. Өз басым оған сеніңкіремеймін. Ит тойынса, танысын да қаппайды еken. Бір сапарында дүкеннен азьқ-тұлік алып, мейманханаға беттеген едім. Алдыымнан бір ит кезіге кеткені. Бұратынғанына қарағанда аштан қатқан түрі бар. Көзін сұзіп, төніректеп кетпей қойды. Аяп кеттім білем, сатып алғанымнан ептең бере бастаным. Қомағай еken. Қолымдағыны түгел тауысты деуге болады. Ит әбден тойынып қала берді. Кешке қарай әрі таза ауаға серуендеуге шыққан едім. Көшеге шыға бергенім сол еді, қаптаған ит алдыымды орай берді. Тұрларі жаман, сұсты ашулы. Мына қалыптарымен талап тастайтын шығар деп, қозғалмастан тұрып қалдым. Сол-ак еken, көп иттің арасынан біреуі шыға келіп, маған жақындей түсті. Ырылдаған да, арсылдаған да жок. Қайта құйрығын бұлғандатып, алдыма келіп, шоқып отыра қалды. Тани кеттім-таңертен қолымдағы барымды берген аш итім. Топталған иттерге ол өзінше белгі берген сияқты. Олар да мұны түсінгендей және әп-сәтте ештеңе болмағандай жөндеріне кете барды. Ит те болса, адамның жақсылығын ұмытпаған еken. Кімге болса да жасаған жақсылығының алдынан шығатынын осыдан да байқау қыын емес.

Үйшікке үйірлік

Естімеген елде көп деген. Өзіміздің Майлыаяқтың үйшігінің дәл жанынан бір тауық ұя басыпты. Көп кешікпей ұлпілдек сары балапандар да пайда болды. Бұлардың шиқылдаған даусы қыбырлаған жүрісі иттің көнілінен шыққандай. Ол тіпті балапандарға қамқор болғансып, бөтен ештеңені жолатпай қориды. Ал балапандар Майлыаяқтың тұмсығын шоқып, үстіне

шығып алып, білгендерін істейді. Қамқор ит оларды ііскеп, мейірлене түседі. Алдындағы итаяқтағы асын қызганбайды. Ал балапандардың енесі алысырақ жүріп, итке жоламаса да мына татулықты айқып сезгендей. Балапандарына қауіп тәнер емес. Өйткені күзет мықты. Бұл достық уақыт өткен сайын нығая түсті. Әлгі тауық жылда Майлыаяқтың үйшігінің жанынан ұя басатын болып алды.

Өжеттілік

Бұл көшеде менің Майлыаяғымды білмейтін адам жоқ. Әсіресе, балалар жақсы көріп, үйірсек болып алды. Олар бірін бірі қуалап, ойнаудан есте жалықкан емес.

Бір күні осындай қызу ойын үстінде балалардың қатты тепкен добы жолға қарай домалап кетті. Кенет қарсы үйден кішкентай қанден ит допқа тұра ұмтылды. Осы сәтте көшемен жүк машинасы зырлап келе жатқан. Қанденнің мына екпінмен дөңгелектің астынатүсетінін сезгендей игім жанұшырып барып кеудесімен қағып жіберді. Көз ілеспез шапшандығына, ерен өжеттілігіне, өзін де құрбан ете жаздаған итімнің кимылына, таң қаларлық мінезіне риза болмаған адам жоқ. Ол ештене де болмағандай ойын балаларына еріп кете барды.

Сыйға сый

Бес жасар Орынбасардың адасқанына біраз уақыттөтті. Баланы іздемеген жан жоқ. Бүкіл ауылдағылар орман кезіп кетті. Із жоқ, тұз жоқ. Құзгі кешкі салқын болса мынау. Оның үстіне орманның ішіндеңі кездейсоқ қынышылықтар мен қорқынышты жағдайлар және бар. Ал Орынбасар болса, орман ішінде еді, әбден қажыған, тоңған, қарны аш. Тек қызарған тас жидекті қорек етеді.

Тұннің біруағында ол жүре-жүре қалжырап құлап түскенінде білген жоқ. Қалыңдайқыға берілді. Тұс көрді. Тұсінде шешесі құшағын жайып, кеудесіне басты. Оның жылы құшағы бойына қуат бітіріп, жылубергендей, раҳат тапқандай. Жаураған қолдары да жылынғандай. Сөйтіп жатып оянса, тұсі екен. Бірақ шындығында денесі жылынып, қолы жұмсақ денеге тиетін сияқты. Қараса, қойнындаиттіңкішкентайқұшіктері жатыр. Арқа жонып құшіктердің енесі қымтапты. Тани кетті- көршілерінің иті Қектүмсік екен. Бұл да бұдан жарты ай бұрын жоғалып кеткен. Ауылдан ұзап, орман ішінде құшіктеген екен. Орынбасарды

танитын ит күшіктерін тістелеп, сүйрелеп әкеліп, баланың баурына басьш, өз бойының жылуын беріп, жылытқан екен. Бұл құбылыс жайдан-жай болмаса керек. Өйткені бірде Көктұмсыққа Орынбасардың да жақсылығы еткен ғой. Қолына түскенін ол Көктұмсықтан аямаған, бөтен иттерден қорғаштаған. Соны ұмытпаған екен Көктұмсық. Қалың орманда балаға әрі жылу берді, әрі тұз тағыларынан қорғап қалды. Ол ол ма, Көктұмсық жоғы табылғандай әлсін әлі үріп, іздеушілерге белгі берді. Мұның бұл қылышына сүйсінбеген жан болмады.

Қамқорлық

Қазағым үй қоянынан гөрі жетім қозыны немесе лақты асырағанды жақсы көріп тұрады. Жетім төл қашанда адамға жақын жүреді де сонынан қалмайды. Нешеме күлдіргі қылықтары да болады.

Бірақ менің көршім Байдауыл ойламаған жерден үй қоянын асырып, әуреге түссін. Жеке орын әзірлеп, тор жасап, ит пен мысықтардан қорғаштап, дамылтаппай-ақ қойғаны. Сол еңбегі жанып, бір қояны бес көжек туды. Жыбыр-жыбыр, қыбыр-қыбыр еткен көжектер де сүйкімді-ақ. Әйелі ұл тұғандай Байдауылымда ес жоқ. Ертеден қара кешке дейін есіл-дерті сол көжектердің үстінде.

Содан бір күні таңертең тұрып далаға бой жазуға шығарайын десе, торда бірде бір көжек жоқ. Мәссаған! Қайда кетті екен? Тордың маңайын қарады, көрінбейді. Байқап журсе, тордың бір жері тесілген екен. Бүкіл кораның ішін қарады. Еш жерде байқалмайды. Қолды болды ма екен, әлде ит жеп қойды ма екен байғұстарды?

Әбден уайымға түскен Байдауыл албардың түкпіріндегі үйшікке жедел келсе, Майлышаяқ ішінде қаннен-каперсіз жатыр. Оны қарғы бауынан жұлқылай тартса да тіпті қозғалар емес.

Үйшіктің түкпір жағына көз салса, іздеп журген көжектері үймелеп сонда жатыр. Бұл мақұлықты кой деймін, сөйтсе тұнде тоңған көжектерге өзінше қамқорлық жасап, Майлышаяқ үйшігіне алып келіп, жылытқан түрі екен. Өз күшіктеріне де жасаған қамқорлық мұндай болмас, деп бәріміз таң қалдық.

«Өгей ене»

Жануарларда, андарда жалғыздық, жетімдік деген кездесі береді. Бірде иесіз калып, қаңғыған ит ауылдан тыскары, шалғай

орманның ішіне барып күшіктеptі. Күшіктері тамаша болып өссе бастаған еken. Бауырын да көтермеген күшіктерді ауылдағылар бір-бірден үйлеріне алып кетіпті. Ал ит болса орманда қала берген.

Содан әжептәуір уақыт етеді. Ауылдағылар әлгі итті тағы көреді. Бірақ ол тағы да жалғыз емес. Сонында ерген кәдімгі жанаттын күшігі бар. Бұған бәрі таңқалысты. Тегінде күшіктерінен айырылған соң, жетім қалған кішкене жанатты асырап, бауырына басып, қамқорлыққа алса керек. Алкішкентай жанат болса, жанадан пайда болған «енесінің» жанынан қалмай ереді де жүреді.

Ауылдағылар мұның арты не болар еken деп, көпке дейін бақылап жүрді. Жанат есейген соң да «енесінен» қалмады. Бірақ күз де жетіп, қылышын сүйретіп қыс та жақындаған қалған. Табиғаттың заңы бойынша, жанат қыскы үйқыға берілу үшін борсықтың тастап кеткен ескі інін паналады. Інге кіріп алған жанатқа өгей «енесі» тышқан, құс ұстап әкеліп беріп жүрді. Бірақ алғашқы салқынмен-ақ жанат қыскы үйқыға кірісті. Ал ит болса, қыс бойы сол жерді төніректеп жүрді.

Мергендік

Торғай өніріндегі қорықшы Жауғашты жүрттың бәрі біледі. Оны керемет мерген десетін. Бірақ оның аң-құсты қырып тастады дегенін ешкім естіген де, көрген де жок. Дегенмен, Жауғаштың қорықшылық атына сай ұстамдылығы бар ма, кім білсін, әйтеуір қашан керсөн қанжығасы бос жүреді.

Бірде Жауғаш әйгілі Сарықопаны қорып, жан-жағына қарайлап келе жатқан. Иығында мылтық, сонына ергені көше иті Сарықасқа. Қалың қамыстың ортасын жарып ететін жолмен бір аланқайға шыға келгені сол еді, әлде нeden шошыған бір үйір шошқага көзі түсті. Сол сәтте-ақ тұз тағылары жан-жаққа бытырай қашты. Бір-екеуі тіпті Жауғаштың өзін қағып кете жаздады. Сөйткеніше болған жок, дәл алдынан сопаң етіп, арлан қасқыр шыға келсін. Қорқау қасқыр ызалы, қаһарлы көрінді, Тегінде, осының алдындағана қыруар айқасқа түсken болу керек. Нени болса да бас салғалы тұр. Жауғаштың да қолы иығындағы «берданкаға» тие бергені сол еді, әлгі жаман Сарықасқа арланға жармаса кетпесі бар ма. «Әлін білмеген әлеқ» десенші. Күші басым, ызалы қасқыр қойсын ба, әкетіп барады. Енді сәл болса-ақ иттің түте-түтесінен шығармак. Жауғаш та қарап қалған жок. Мылтығының шүріппесін басып қалайын десе, итіне тие ме деп қорқады. Ол қашшама көздегенмен онтайын таба алмай көп қиналды. Бірақ еңбегі еш кетпеді-ау,

әйтеуір. Қапысын тауып, шүріппені басып кеп жіберді. Жалғыз оқ қасқырдың жанды жеріне тиіп, екі-үш рет ышқынып барып домалап түсті. Өзі де арлан-ақекен. Қас-қағым айқастың өзінде Сарықасқага аз жара түспепті.

Сол жақ аяғының тілерсегін қылп жіберіпті. Арланның танын тартпаса да Сарықасқаның өжеттігіне ауылдағылар да риза болған. Мал дәрігерлері оған ем жасады. Ал Жауғаш болса, ойламаған жерден қанжығасына қасқыр байладап қайтты. Жерлестері оның шын мерген екендігіне сенетін болды.

Алғырдың асырандысы

Хайуанаттар паркінде болғанымызда мынадай бір оқиғаның күәсі болдық. Хайуанаттар паркіндегі жолбарыс күшіктеуін күшіктеп, оны бауырына алмай қойды. Мұндай жағдайда күшіктеген аңын бауырына салғаннан басқа амал жоқ. Күтушілер амалсыз оны бір иттің бауырына салып көріп еді, ересек күшіктері шет қақпай қылпып шыдатпады. Енді не істеу керек?

Амал жоқ, онсыз да тынышсыз «Бақырауықты» еміздікпен асырып көрді. Оған да көндігер емес. Басқа нендей амал бар? Күтушілер қала іргесіндегіауылда енді ғана күшіктеген Алғыр атты иттің бауырына салады. Тілеуінді бергір Алғыр «Бақырауық» қарсылық көрсетпеді. Көзін ашып үлгерменеген күшіктері ештене біліп жатқан жоқ. Бір ғажабы, байғұс «Бақырауық» иттің емшегімен ауызданайын деді. Тіпті құшырлана еміп жатыр. Күтушілерге керегі де осы еди.

Біраз уақыт өткен соң, хайуанаттар паркіндегілер жағдайды білуғе барса, «Бақырауық» бауырын көтеріп, аяқтары әлденіп, әжептәуір болып қалыпты. Өзімен бірге бауыр басып, есіп қалған күшіктер бұған қарағанда әлсіздеу көрінді. «Бақырауық» ойнап жүріп, оларды олай да алып жығады, былай да алып жығады.

Енді оны алып кетпесе болмайды. Әйтпесе, хайуанаттар паркінің өміріне бейімделмеуі мүмкін. Ал Алғыр бөлса, көпке дейін аландап, асыранды «кушігін» іздеп жүрді.

Ажсалдан қалды

Менің Жолдошбек деген қыргыз досым мынадай бір әңгіме айтып берген.

-Досым,-деді ол,-наурыздың аяқ кезінде біздің жақ құлпырып кетеді. Әйгілі Алатоо тауы ақ көрпесін жамылып жатқанымен етегі ерте еріп, көк шығады. Жан-жануарға жан бітіп, өріс кенейеді.

Қыстар шықкан шопандар жотадан жотаға бойлап, тауға өрмелейді. Орманында құс сайдайды. Жылғаларда су молайып, бұлқына ағады. Қыраттарында қызғалдақ та құлпыра бастайды. Міне, сондай бір әсем күннің бірінде шопан ата Шонадай отар қойын бір жотаға жайып жіберіп, өзі екінші бір жайылым іздеп кетеді. Сол кезде аяқ астынан қар көшкіні болып, бұл манай алай-дүлей болады. Көшкін қар жолындағысын жалмап, төңректің астан-кестенін шығарады.

Айылдағы адамдар бұл құбылыстан қатты шошынып, қайран калады. Кенет бұларға қарай салып ұрып, сары ала төбет ит жетіп келеді. Бәрі тани кетеді. Шонадайдың Құтжолы. Шеткеріректе тұрған біреуін етегінен тартқандай болады. Қыңсылдайды, айнала шауып, алас ұрады. Әлгі жігіт иттің ынғайына көніп еді, Құтжол жол бастап береді. Бәрі енді иттің сонына ереді. Оппа қарда малтығып, жогары ерлекенше әжептәуір уақыт өткен. Қар көшкіні де ештеңе болмағандай саябыrsиды.

Бұлар тауға біраз көтерілгенде алдарынан Шонадайдың екінші иті-Құтбол қарсы шығады. Ол жұрт жеткенше нысаналы жерге екі барып, екі келді. Жөнкіліп жатқан қарды Құтбол алдыңғы екі аяғымен бұрқылдата қаза бастайды. Жағдайды енді тусінген халық Шонадайдың қар астында қалғанын сезеді. Қалындығы үш метрдей қардан ол қалай құтылып шықсын. Келгендер шопанды қар астынан алып шығады. Екі иті Шонадайдың ажалдан қалуына осылайша себепті болды. Міне, достым, Біздің жақта осындағы да оқиға болған,-деді Жолдошбек досым.

Жан тіда

Көктемнің бабына келген шағы. Көк шығып, айнала құлпырып тұр. Табиғат қайта түлеп, көнілге куаныш ұялатады. Көкіректі кере жұпар ауамен дем алып, андаусыз келе жатқанмын. Кенет дәл алдыма бір қара құс топ ете түскенде шошып кеттім. Жан-жағыма қарал едім, ештеңе көрінбеді. Әлгі қара құс тез есін жиып алып, аспанға қайта көтерілді. Одан көз жазған жоқпын. Ол қайтадан шабуылға әзірленген сыңай байқатты.

Сейтсем жаңағана қоянға шүйілген байғұс құс мұлт кеткен екен. Қимылсыз жатқан қоянға көзім түскен-еді. Қоян тапжылмады. Қара құс бар екпінімен жерге қарай қайта шүйілді. Көз айырмай тұрмын. Міне, қызық! Қоян шалқасынан жата қалып, ұзын аяқтарымен қорғанды. Қоянның аяғы тиіп кеткен кезде қара құс тайқып түсті. Бірақ ол аспанға қайта көтеріліп, тағы шабуылға көшті. Қара құс шаңқ етіп, қоянға шүйілді. Бұл жолы қоянның

катты соққысы дәл тиіп, аңшы құс тағы қапы кетіп, мерт болды. Мен орнынан қозгала қоймаған қоянға жақында барсам, аяғының астында тырбандап көжегі жатыр еken. Шіркін, дүниеде аналық мейірімге тең келер рақымшылық болған ба?! Балаға деген сүйіспеншілік қоян екеш қоянға да қысылтаяң шакта күш-қайрат берген ғой. Әйтпесе, ол қырдың қара құсы талай алып түскен қояндардың бірі ғой.

Сүжурек

Бірде шөп маясының төнірегінде бір топ қара құстың топталып ұшып жүргенін байқады. Маяға жақындаған бергенімде бір қоян ата жөнелді. Бет-әлпеті даланың кең жазығы. Оны байқап қалған әлгі құстар солай қарай шүйілді. Аңдып жүргендері осы қоян еken. Су жүрек байғұс жанын қоярга жер таптай жүр. Қоян құтыла алмасын әбден сезді. Ол енді өзінше қарсы шабуылға көшейін деді. Қайтсін! Шалқасынан жатақалып қорғанды.

Шаңқылдан айбат шекті. Қара құстар қояр емес. Екі жақтың құші тең еместігі анық көрініп тұр. Қара құстар бойларын түзеп, қайта шабуылға әзірленді. Бұл жолы қоймайтын сияқты. Мен қоянның батылдылығына риза болдым, әрі аяп кеттім. Иығымдағы қос ауыз мылтықты алып, шүріппесін басып қалып, аспанға аттым. Мылтық даусынан қара құстар лезде көзден ғайып болды, Ал су жүрек қоян болса, орнынан атып тұрып, жақын маңайдағы қалыңға қарай зыта жөнелді.

Кульпхана көшті

Тастакты жерлермен серуендейп келе жатқанмын. Бір биіктеу жартаска жақындаған бергенімде көзім екі тастың арасында бұғып жатқанын қоянға түсті. Қысқы ақ киімін ауыстырып, қоңырлатып үлгеріпті. Қоңыр тасқа ұқсастығы әбден келісіп тұр. Мені байқап қалғанымен қоян орнынан қозгалған жоқ. Арамыз онша қашық та емес. Менде таңдана түсіп, қарап тұрмын. Солқалпы, тапжылмайды. Жерге жабысып қалыпты.

Әлден уақыгтта ол тіпті айлаға көшті. Мені мүлде байқамаған болып, басын әрі қаратып, бұрып алды. Оның ойынша: ешкім байқаған жоқ болуы керек. Кәдімгі «сен тимесен, мен тимен» дегені сияқты. Онда менің не шаруам бар. Біраз тұрдым да кете бардым. Бірақ дәл мұндай айлакер қоянды әлі көрлемін жоқ. Қоянның бұл қылышы әлі күнге дейін есімнен кетпейді.

Серігіне адальқ

Қояды қорқақ, желаяқ хайуан деп қана білеміз. Бұл жансақтау пікір. Бірде балық аулауға көнілім ауып, өзен тасыған кезде іркіліп қалғанқарасулардыңайқап жүргенмін. Біртоп шенгелдінтубінде оқ тиіп, жараланып жатқан қоянға тап болдым. Байғұстың қозғалуға шамасы жоқ. Тіпті тіршіліктің белгісі де білінбейді. Ал оның жанында тапжылмастан серігі отыр екен. Жақындай түстім. Қозғалмады. Қос құлағынан тік көтеріп алғып көрдім. Тыптыраған жоқ. Бұл да жаралы шығар деп ойладап едім, олай емес екен. Не істеуім керек? Осылайша серігінің жанында отыра берсе, бір жыртқышқа жем болуы кәдік. Сондықтан көтерген қалпы қашығырап жерге апарып қоя бердім. Елең етер емес. Қозғалмады. Алақанымды шапалактап, қатты ықсырып қалдым. Сонда да сelt етпеді. Міне, осылайша қоянның өз серігіне деген адалдығын, жанашырлығын көріп, қайран қалдым. Адалдық деп осындайды айтсакерек.

Көршилер

Қайдан келгенін кім білсін, Ақбидайық жайылымында екі сары ала қаз пайда болды. Өдемілігіне, адамнан сескенбейтініне таң қаласын. Құс төресі-ақкудан кейінгі сұлу құс па дерсін. Ал олар басқа құс секілді қамысты қөлге ұя салмайды. Жұмырткасын інге салып, басатын ерекше құс. Мұны біздің жақта итала қаз дейді. Бірде жайылымды аралап жүріп, тұлқінің ініне кездестім. Інде тұлқінің күшіктері бар екен. Ал дәл соның жанынан жаңағы сары ала қаздың інін көргенде шынымен таң қалдым. Өйткені тұлқіге қажетті жем өз інінің жанынан табылып тұрган жоқ па? Тұлқі үшін бұдан артық олжа болар ма! Бірақ көрші хақысы деген осы емес пе, тұлқі оларға тимейді екен. Осы жайды көпке дейін жұртшылыққа айтып, тандай қағып жүрдім. Тәжірибелі аншылар мен қорықшылардың айтуынша, өз ініне көрші орналасқан құсқа көзі үйренген тұлқі еш уақытта тимейді екен. Қайта бұлардыңшекарасына әлдебір құс, не аң өтіпкетсе, бірлесе тойтарыс беретін көрінеді.

Күлығын асырды...

Ауылда күнкіл көбейіп кетті. «Файыптан бір ұры пайда болды. Қорадағы қаз, үйрек, тауықтан ештене қояр емес», - деседі бәрі. Кейбіреулер құстың жоғалуын ауылдың иттерінен көре бастады.

Бірде көршіміз ертемен тысқа шықса керек. Шықса, ауланы қоршаган шарбакқа кептетіліп қалған тұлкіні көреді. Тұлкіні шарбак торынан суырыш алғанда аузында құстың қауырсындары бар екен. Өзінде тіршіліктен еш белгі байқалмайды.

-Е, дұрыс болды-ау. Келіншегімнің шапанына «жаға» керек болып жүр еді, құдайдың өзі әкеліп берген жоқ па,-деп айнала бергені сол-ақ екен, өлген тұлкіміз-жанағы қиялдаған «жаға» зытажөнелмесін бе. Қап! Мұны білгенде... -деп, санын бір соғып, өкініп қалады ол. Ал содан бері қу тұлкі бұл ауылға жоламай қойыпты. Қаз, үйрек, тауықтарға да ешкім тиген жоқ.

Құда да тыныш, құдағи да тыныш.

Шыны бас, тұлкі дене...

Іш жакта. Қазактар Сібір аймағын осылай атайды. Орман көп. Қайынды шоқ-шоқ ағаштар одан да көп. Сол ағаштарды енші алғандай аң мен құс бөлшектеп, өздерінше бөліп алып, мекен етеді. Оған бөтен жақтан аң мен құс пайда бола қалса, пәлеге, қалғаны. У-шу, иу-қиу жанжал болып жатқаны.

Сондай бір шоқ қайындың іші әп-сәтте азан-қазан болды да қалды. Қарқылдаған қарға, шықылыштаған сауысқан төтенше оқиғаның белгісін беріп, дабыл қафуда. Олардан ұсак-түйек құстар да қалысар емес. Ал ашық аланқайда шыны бас, тұлкі текtes бір хайуан шырқ айналып жүр. Шошып кеттік. Жақындал барсақ-кәдімгі қызыл тұлкі. Бұландаған құйрығына да ие бола алмай, әлекке түсіп жүр.

Сейтсек, тұлкінің басы шыныға кептетіліп қалыпты. Қу тұлкі әуелде бал салынған шыныға кезіккен екен. «Ет тәттілігін қойса, мен ұрлығымды қояр едім» деген екен баяғыда бір ұры. Сол сияқты балдың жұғынына құныққандығы сонша түкен шыныға басын сұғып жіберген көрінеді. Ендігі әлегі мынау. Не істеу керек?

Әрине, құтқару керек. Құстар шуылын үдете түсті. Мен оның капысын тауып, ұстап алып, тұтқыннан босаттым. Жарыққа, күнге көзі шағылысып көпке дейін есін жинай алмай шоқып отырды. Басын шайқап-шайқап қояды. Әлден уақытта өзіне-өзі келіп, маған одырая бір қарап алды да жалт берді. Көп ұзамай құстардың да шуылы сап болды.

Жолы болғыш екен

Биылғыдай қары мол қыс көптен бері болмаған. Белуардан келер оппа қар тек шанғыға ғана дес беретіні анық. Әсіресе, өзен бойының қары ересен қалың. Тұлкі, қоянға қосар әлді итболмаса, аңшының жолы түсе бермейді. Бірақ дәл бүгінгі қансонарда сондай бір аңшылықтың сәті түсті ме деп ойлап едім.

Айлалы да тыран тұлқінің соңына түскелі де біраз уақытболды. Қырмызы қызыл тұлкі де әбден сілесі қатып шаршаған. Майлайаяқтан да әл кетті. Сол бетімен екеуі де ұмар-жұмарәзеннің аңғарына түсе берген. Енді қуып жеткен-ақ шығарсың деп төтесіненұрып келем. Ойлағанымдай-ақ, Майлайаяқ тұлкігежетіп-ақ қалыпты. Арапары онша қашық емес. Бірақ екеуі өгіз аяңға түсken. Тырмысып өзеннің аргы жағасына зорғашықкан тұлкі жығыла кетті. Оған төрт-бес қадамдай жетпей Майлайаяқ та құлап түсті. Бір-бірін көздерімен атып, зорға дезм алып жатыр. Мен тұлқіні мылтығыммен атып салғым келіп еді, қатар жатқан итке тиіп кетер деп қорықтым.

Не де болса, алға ұмтылдым. Мен де онып тұрған жокпын. Қарға малтығып келемін. Тұлқінің жеткен жері осы шығар, бұйырса, өзімдікі деи ойлап, өзен аңғарына сырғанап түстім. Сырғанап түсе бергенде шанғының аяқ ұстары сынып кетіп, оппы қарға күмп еттім. Мылтығым анадай жерге ұшып кетті. Иесінің жағдайын көріп, бірденеге ұшырадыға жорып, Майлайаяқ мені құтқару үшін жарқабақтан кері қарай домалады. Біздер осылайша әлек болып жүргенде, есін жинап, алған қызыл тұлкі құйрығын бұландағын, іргедегі қалың шоқ ағашқа тартып отырды. Бұйырмаған деген осы. «Жолы болғышекен түбі түскірдін!»-деп езу тарттым да қойдым. Енді кайтпекпін. Аңшылықта мұндай да бола береді.

Қырмызының қызығы

Қала шетіндегі шағын аудандардың бірінің комбинаты осында, болатын. Кенседен шыққандар дәл бұрыштан жирен түсті істік тұмсық аңды көрді. Тұлкі емес пе екен? Дәл өзі.

Ашыққансон, келген фой деп, үйғарыстың көзі шалған жұрт. Қай бір жетісіп жүр дейсін. Биылғы қар қалың. Тышқан аулап жеу оған онайға түспесе керек.

Жұмысшылар оған балық консервісінен тамақ таstadtы. Шұжық қалдықтарын берді. Адамға бойы үйреніп, сескенбейтін болып алған тұлкі танертең және кешкілік үзбей келіп тұратынды шығарды. Тіпті қолдан жетінін қайтерсін. Бұл, шындығында қызық жағдай еді. Бұл жағдай бүкіл қалаға жайылды. Одан жергілікті газетте де жарияланды.

Сол-ак екен, газетке хат келді. Хатта былай делінген: «Бұл біздің «Қырмызы» фой. Оны былтырығы күзде күшік кезінде улкендер бізге әкеліп берген еді. Қолға әбден үйреніп алған. Ін де жасап бергенбіз. Ол өзінің атын жақсы біледі. «Қырмызы десек жетіп келеді. Бізben асыр сала ойнайды. Оны бір мезгіл «демалыска» жіберген едік. Адресін айтсаныздар, қайтып алар едік. «Раушан» бақшасының балалары». Комбинаттағылар әрі сүйсінді, әрі таң қалды.

«Қырмызының» жаңа таныстары да тамақтан кенде қылған жок еді. Солай дегенмен де ескі достары - балалар келгенде әлгі тұлқінің бұландауын көрсөніз, ғажап! Балаларды ол бірден тани кетті. Сөйтіп «Қырмызы» балалар бақшасына қайтып оралды. Ал балалардың куанышында тіпті шек болған жок.

Төбет болмaganда

«Түйешіге жолықсан, өркеші биік тайлағын айтар, сиyrшыға жолықсан, шелегі толы қаймағыш айтар» деген мәтел бар. Сол сияқты, аңшыға жолықсан, өтірік -шыны аралас түрлі оқиғаларды құбылтып, өтірікті шындаі, ақсақты тындаі етіп айтар еді. Ал біз шыпдығында қөрген, білгенімізді тілге тиеі етеміз. Мынау іш жақта, тіпті Қызыл-жар, Көкшетау бойында бұлан жиі кездеседі. Сырт қараған адамға ол дегенініз жуас, сиyr мінезді болып келеді. Рас, мінезі, жүріс-тұрысы, тіршілік әрекеті сиyrға көп үкссас. Аңғалдығына керісінше айбат шегерлік шапшаң кимылдары да жоқ емес. Оның да дала кезіп, орман аралап, тіршілік етіп жүрген шағында талай кездейсоқ жағдайларға тап болып, түрлі оқиғаларды басынан өткеріп жататыны бар. Сондай бір оқиға ойға оралар еді.

Бірде ауылдағы бір ағайыным шай ішіп отырған фой. Бірақ оның баппен шай ішүіне мүмкіндігі болмай қалады. Есік алдындағы төбет әбігерленіп, дамылсыз үріп, өзінше дабыл қағып, көшени

басына көтереді. «Не болып қалды екен?», - деп ол есік алдына шықса, төбет үйдің іргесінде ағып жатқан өзенге карай шабаланып тұра жөнеледі. Мұның тегін еместігін сезген ол соңынан еріп барса, алпамсадай бұлан суда құлап жатыр. Суға түскен қалпы қорысқа енген аяқтарын қозгалта алмай әбден қалжыраған екен. Байғұстың денесі дір-дір етеді.

Ағайыным жалғыз езі не бітірсін, дереу ауылға жүгіріп келіп, 4-5 адамды сонына ертіп, қайта барады өзенге. Мықты, ұзынарқан алуды да ұмытқан жоқ. Бәрі жабылып, бұланды зорға тартып шығарады. Бұланның әлі біткендігі соншалық, жатқан орыннан тұруға шамасы келмейді. Аяқтары дір-дір етеді, дәрменсіз. Құтқарушылар оның астына қамыс төсеп, үстін жылыладап жабады. Біраз уақыттан кейін ғана ол есін жиып, әлі келіп орнынан зорға тұрады. Төбет болмағанда бұлан бұл трішлікten үміт үзетіні анық еді. Төбеттің тағы жануарға да жаны аштын болғаны да. Кездейсоқтық тұз тағысына да, үй жануарларына да ортақ болса керек.

Қаруы сайлы

Біздің ауылда Сайлау деген аңшы бар. Аңға шығайық десе, делебесі қозып, ішкен асын жерге қояды. Бірак қолынамылтық ұстап көрген жан емес. Бар қаруы-фотоаппарат.

Бірде уш дөңгелекті мотоциклмен бұрқыратып келе жатқанбыз. Кенет жолдың жиегіндегі биік қарағайдың түбіндегі бір нәрсеге көзі түсе кетті. Тоқтай қалды. Барып қараса, бұланның бұзауы. Тұруға, тіпті қозғалуға шамасы жоқ, әлсіз. Неғып жалғыз

қалғаны және белгісіз. Сайлау оны катты аяп кетті Үстіндегі күртесіне орап, мотоцикліне салып алды.

Үйге әкелген соң күтім жасалынды. Бірақ ол қолдан ешқандай жем алмады. Тіпті нәр таттай койды десе де болар. Енді сүт ішуге үйрете бастады. Ақыры, екі күннен соң еміздікпен сүт ішетін болды. Балық майын да ішті. Сәбіздің үгіндісін, қиярдың қабығын жей бастады. Көк шоп әкелінді. Сөйтіп қатарға қосылып, бұзау аяқтана бастады. Көп кешікпей аула ішінде ойнақтағанына қуанып қалдық. Бұзауды табылған жерінің атымен «Қарағай» атап кеттік. Өзінің атын естігенде жүгіріп келетін болды. Мотоциклдің даусын естісе де жетіп келеді. Қолға үйретілгендігі соншалық, ол талай рет мотоциклдің даусымен Сайлаудың сонынан әбден болдырғанша шапқылап, еріп отырады. «Қарағай» үйді Майлыаяқпен де достасып алды. Екеуі орманға жиі барып, серуендер келетінді шығарды. Ал түн баласына екеуі қатарласа бұйырып жатады. Осындай көріністердің бәрін де Сайлау фотоаппаратымен суретке түсіріп алыпты.

Ерке бұлан

Таңертеңгілік тылсым тыныш орманнан мезі болғандай, бұланның үш бірдей ересек бұзауы жайылып жүріп, ауыл шетіне келді. Әлденеден шошынғандай олардың екеуі кейін қарай бұрылды. Ал үшіншісі ештене сезбегендей шеткі үйге жақындал барды. Ашық тұрған терезеде құлпырып тұрған гүл шоқтары қызықтырды ма, кім білсін, ол біраз тұрды да кең терезеге бір- ак қарғыды. Ауызғы бөлменің ішін аралап, қызықтап көріп еді, ештенені ұната қоймады. Бұзау қайтадан сыртқа қарғып шықты. Үй иелері аң-тан. Ештене бұлінген жок. Дәнене болмағандай «ерке» бұлан өзімен бірге келген бұзауларға қарай майман басып кете барды.

Орда

Жүргізуші жігіт ескі сүрлеу жолмен табиғатты тамашатап, сұлу қайындарға сүйсініп, алдына жіті қарап келе

жатқан. Тоғайдың ашық аланқайына шыға берісте алдындағы орды байқап қалды. Айналыпөтүге кешігіп қалды да, тежегішке басты. Машинасы орға ентелеп келіп тоқтады. Жана қазылғантарен өрекен. Ал оның өрненеүінде бұлан зорға ілегіп, қарманыптыр. Енді болмаса орға құлап түспек. Бар күшін жұмсап, аяқтарын тіреп алған, денесі дір-дір етеді. Байғұс-ай, десейші. Не істуу керек? Жалғыз адам нендей көмек көрсете алмақ? Ол дереу машинасын кері шегіндіріп, басқа жолға түсті.

Жолы болып, дала қосына кезіге кетті. Бар жайды түсіндірген соң, механизаторлар тездете жиналып, көмекке үмтүлды.

Бұлар келсе, әлі біткен бұлан орға құлап түсіпті. Адамдарға әрі мұнайып, әрі үміттеніп қарайды. Арқан әкелген жігіттер көптеп-көмектеп, оны зорға дегенде сыртқа көтеріп шығарды. Алдына шелекпен су қойды. Ішкен жоқ. Әл жинаған бұлан өзін құтқарушыларға мейірімді көздерімен қарап, алғысын білдіргендей болды да әуелі жайғана, содан соң бұлкілге басып, тоғайдың қалың жынысына кіріп, көзден ғайып болды.

Фонтандың сағалап..

Кезекті бір демалысында Ленинградқа бардым. Қаланы аралап мәз болып жүргендеге, кездейсок өкіғаға кезіктім. Бір бұлан бұзауын ертіп, каналдан өтпек болады. Бұландар қалада жүреді деп кім ойлаған. Бұланның өзі каналдың жоғарғы жиегіне шығып алғанымен, бұзауытөменде қалып қойды. Бұзау жағалап отырып, бұрқырап атқылап тұрған фонтаннан бір-ақ шықты. Әрлі-берлі жүріп, қайтадан каналға бет алғана сол еді, суға беріп, түсіп кетті.

Қарап тұрғандар абыржып қалды. Бәрі жабылып, парктің техника қызметкерлерін көмекке шақыруға мәжбүр болды. Олар тор, арқан әкеліп, көп әлектеніп жүріп, бұзауды зорға дегенде көтеріп шығарды. Ал бұзау болса, ештеңе болмағандай орманға қарай тайрандал ала жөнелді. Өкіғаның дәл осылай аяқталарын білгендей бұлан ана орнынан тапжылмастан анадайда күтіп тұрған еді. Бұзауының соңынан ол да жөнеп берді.

Көмек сұрап..

Тас жидекке шелектерін толтырып алған терушілер орманнан ашық аланқайында бір сәт дем алын отырған-ды. Кенет орманнан бір бұлан шыға келіп, басын шайқап, іргелі кейінді журді де қойды. Отырғандарға не жақында майды, не кетіп қалмайды. Әуелде қорқып кеткен жидек терушілер мұның тегін

емесекендігін сөзді. Олар орындарынан көтеріле беріп еді, бұлан ілгері қарай жол бастағандай болды. Жүрт сонынан еріп барса, оның бұзауы қайыңның қалың бұтақтарына кептетіліп қалған екен. Адамдар бұзауды құрсаудан шығарғанша бұлан аулақтау жерде ерсілі-қарсылы жүрді де қойды, Бұзауының босауы мұн екен, бұлан ештеңе көрмегендей өз бетімен кете барды. Амалы таусылып, дәрменсіз болған жануарлар да адамнан осылайша көмеккүтеді.

Жүйріктен жүйрік озар...

Жолаушылар тым қөнілді. Сырнай тартып, әнге басып келе жатқандары бар. Кейбіреулері данғаза шуылға мән бермей-ақ қалғып келеді. Желдей есіп келе жатқан автобус жұмсақ, жайлы.

Бір мезетте жолаушылар өз көздеріне өздері сенбеді. Жаңағы қалғығандардың да ұйқысы шайдай ашылып, терезеден үніле қарап қалған. Желдей ескен автобусты екі бұлан қуып жетіп, қатарласа шауып келеді. Жүйрік сәйгүліктер ме дерсін. Денесі зоры озынқырап барып, кенет жолға атып шықты. Сөйтті де автобустың алдынан кесе көлденең өте берді.

«Оздым, бітті» дегендей, автобустағыларға бір қарап алып, қалың тоғайға ене берді. Бәрі аң-тан болып, не дерге білмей тұрғанда: «Жол тәртібін бұзғандықтан бұған бейге берілмейді», деп әзілдеді бар даусымен жүргізуші. Сонда барып автобус ішіндегілер гу ете қалды. Жолаушылар одан сайын қөнілдене түсті. Қалғып отырғандардың ұйқысы шайдай ашылды.

Күздағы қауым...

Тау жоталарын аралап, биік құзға шыққан қорықшы бір еліктің қыспаққа түскенін байқап қалды. Ол дереу көмекке ұмытылды. Еліктің тұрған жері де құзар биік. Сонау тау етегіне көз жетпейді. Қорықшы жақындалап келсе, бір-бірімен өріле ескен қос қайыңның арасына килігіп қалған екен. Адамнан шошынып, одан сайын бұлқынған ол бұрынғысынан да жаман кептетілді. Тіпті бір бүйірінен қан да көрініп қалды. Қалай құтқарса екен байғұсты? Ойлануға уақыты жок. Қолындағы балта шағынғана, әлсіз. Бірақ қайыңға салып көріп еді, балтаның жүзі кірш ете қалды. Дымқыл қайың тез шабылды. Әлден уақытта омырылған қайыңмен бірге елік те сылқ етіп құлап түсті. Дес бергенде құздың өр жағына құлады. Елік жалма- жан атып тұрды да секіріп, зыта жөнелді. Ал

қорықшының өзі болса, құздың нағыз қауіпті жағында, қапаста тұрғанын байқамаған екен.

Аяғы сәл тайып кетсе, төмен құлдырайтыны сөзсіз еді. Абырой болғанда елік те, өзі де аман қалды. Қорықшы үшін ең куаныштысы - еліктің аман қалғаны еді.

Орманның қожасы

Аюды жүрттың бәрі біледі. Кинодан да, көгілдір экраннан да қөріп жүр. Хайуанаттар парктеріне, қорықтарға барған адам оларға назар аудармай қоймайды. Қайдан көрсөн де ерсілі-қарсылы тенселіп жүреді де қояды. Ақ аюлар суды айналдырады. Қоңыр аюлар жемтік сұрап, дамыл таппайды. Әйтеуір сырт қарағанда корбаңдал, бүкжендең жуас көрінеді. Тек олардың қонжықтары ғана түрлі кимыл жасап, қылық танытып, жүртты қарқ қылады. Жүртшылықтың аю тұрған жерге барғыштай беруінің өзіндік сыры болса керек. Ол деген табиғаттың өзгешелігіне қарай кез-келген жерде кездесе бермейді гой. Ну тогай, қалың орман, мұзды мұхит сияқты мекендерде кездесетін аюды кім көре береді дейсін.

Біздің жақта да қарағайлы, қайынды, самырсынды ну төғайлар мен қалыңормандар баршылық. Бірақ түрлі себептермен мұнда мекендердеген аюлар қоныс аударып кеткен. Тек оқта-текте кездесіп қалатыны болмаса, көзге шалына бермейді. Сондықтан оны көрген, білгендердің айтқандарынақұлақ түріп, әңгімесін тындаимыз. Өзіміз жануарлар дүниесіне құштар болғандықтан сондай әңгімелерге құлағымызды түріп, қағазға түртіп алып жүреміз.

Аю қаншама корқынышты көрінгенімен оның мінез-құлқы, қылықтары өзгеше. Әсіресе, қонжықтарында кәдімгі балалардың мінезіне ұқсас қылықтары бар. Үлкен аюларда анғалдық, кездейсоқтық басым. Енді соларды әңгіме етсек дейміз. Әңгімені екінші жақтан баяндаймыз.

Ойыннан от шығажаздан

Жидек терген адам әдетте оның қызығына тойған ба. Қаншама жинасақ та, көздің жауын алар жемістің тұнып тұрған жерін іздейтін әдеттіміз бе? Табиғат сырын білмеген адамның жидектің қандай жерде көп өсетінін дөп баса алмасы және анық. Ал орман кезген, оның құпиясын зерттеген зерделі жан ондай өнірді дөп басады. Мәселен, шегірткені алайықшы. Мұндайда шегірткенің

комнас ролін атқаратыны бар. Шегірткенің шырылын айыра білген адам жидектің мол жерін де айнайтпай таниды. Сол шегіртке үніне ілесіп, қалынға кіріп кеткенімді өзім де анғармадым. Жидек болғанда қандай десеңізші. Кәдімгі қолды салып жібергенде уысын толып шығатын моншақтай қып-қызыл тас жидектің өзі. Уыстап, ауызға салып жіберсең, дәмі тілінді үйіріп әкетеді. Егер, оны шіркін қаймаққа арластырыр жесе, дәмі аузыннан кетпес еді. Осы ойға, жидектің қызығына беріліп кетсем керек.

Шелектің бірін толтырып, тергенімді екіншісіне сала бергенде шөптің қатты сылдырып естіп қалдым. Жалт қарасам, аюдың маймаяқ екі қонжығы жүгіріп келген бойда аяғымды тұрткілеп, секіріп ойнай бастады. Менімен күнде ойнап жүргендей еркелейді. Менің бұл қонжықтармен бетпе-бет бірінші кездесуім. Өздері сүйкімді екен. Тісін батырмай тістелеп, жұлмалагысы, аяктан шалып құлатқысы келеді. Әйтеуір ауылдағы ойын балаларының қылышын көрсетіп бақты. Сөйткенше болмай олардың енесі - ана-аю да қорбандаған жетіп келді. Не істерге білмей қалған мен орныман қозғалмадым. Қонжықтар әлі ойнақ салып жүр. Олардың қауіпсіздігін көрген енесі ешқандай әрекет жасай қоймады. Қайта балаларын дөңбек басымен итермелеп, кетуге ынғай білдіреді. Әйтеуір бұл ойыннан от шықпады. Ана-аю бір гүжілдеп алды да қонжықтарын ертіп, орманға кіріп кетті.

Мұның бәрі тұс көргендей қас қағым сәтте болды. Қалайдегенмен де жанымды шуберекке түйіп, не де болса, қозғалмауға бекінгенім сол еді. Әйткені аюды көргенде тұра қашқан өте қауіпті деп еститін едім, бұрын. Тапқырлық, ұстамдылық адамды кейде осындай қауіптен құтқарып қалады екен.

Салт атты аю

Геологтар орман ішіне орын тепкен. Аң-құстардан аулак орналасқан. Олардың өз шекаралары бар. Бұларға жолайтыны жоқ. Жұқ аттары да белгілі шекарадан аспайды. Бірақ геолог Сайранның сұр бестіңі шыбындан жүреді. Бармайтын жері жоқ. Оны бәрі жабылып ізден әуре.

Бұғын де солай болды. Сұр бесті қалың тогайға еніп кетіпти. Шөптің жеті атасын тауып, жейтін әдеті. Жұпар іісті шөпке әбден құныққан ол жанына аюдың ересек қонжығының келгенін де байқаған жоқ.

Бала аю қашан да ойыншыл келеді. Ұрынбайтын жері болмайды. Бұл да сейтті. Тасадан жасырынып келіп, сұр бестінің үстіне бір-ақ ырғыпшиқты. Тосып жағдайдан шошынған сұр бесті ытқи жөнелді. Геологтардың баспанасын бетке алып, шауып келеді. Мұны күтпеген бала аю да аттың арқасына тас кенеше жабысып алыпты. Сөйтіп салт атты аю геологтар мекенінен бір-ақ шығады. Ал сұр бесті болса, сол шапқан бетімен қораның ашық қақпасына койып кетеді. Устіндегі аю есіктің мәндайына соғылып, ұшып түседі. Салт атты аю әлден уақытта барып есін жиып, тоғайға қарай қорбандаі кашады. Геологтар бұл көрініске әрі тан қалып, әрі мәз болып, қарқылдаپ құледі. Сайран қораға сұнгіп кеткен сұр бестінің жағдайықалай болды еken деп барса, сабазың әлі есін жинай алмай осқырынып тұр екен.

Шелек болмағанды

Қазанның күзгі жылы қундерінің бірі болатын. Нағыз санырауқұлақ теретін мезгіл. Және сол тұста жаңбыр да мол жауып, санырауқұлақ дегенініз қаулап шыққан. Тоғайға кірсөн болды, аяғының астынан санырауқұлақ шыға келеді. Тайгада болған соң, аң аулаймыз, балықұстаймыз, санырауқұлақтереміз, - деп әнгіме айтты бірде қопакқа келген жолдасым.

Бұл жолы да сейттік. Ойымызда санырауқұлақтан бөтен ештеңе жоқ. Сол оймен қалың қарағайды бойлай түскенбіз. Санырауқұлақтың мол жеріне киліккеніміз сол еді, алдымызда бір дәу аю шыға келсін. Аю да, біз де орнымызда қатып қалыптыз. Ол артқы аяқтарымен тік тұрып бой түзеп алды.

Мен болсам, қолымдағы шелегіммен жасқай бердім. Аю өзінше әрекет жасап, қолыма жармасты. Қолым аудың жуан басына тигенде, жүргім дір ете қалды. Шошынғаннан шелегім қолымнан түсіп кетті. Шелектің қанғырлағанынан шошынған аю да лездे кейін шегініп, қаша жөнелді. Сонда барып, «Ух» деп дем алдым. Сөйтіп қысылшаң шақта шелектің де пайдасы тиді.

Кім кімнен қашты?

Көп нөсер жаңбырдан соң, көк шалғын қалың шыққан. Шөптің толысып, пісіп тұрған шағы. Менің көк шалғынға шалғы салғанды жаным сүйеді. Бүгін де орманның аланқайынан шабындық белгілеп алып, атжалдар сала бастағанмын. Еркін сілтеп жүрмін. Біраз уақыттан соң, шалғымның сабын жерге кадай салып, дәм алмақ болдым. Айнала бергенім сол еді, кайдан келгенін кім

білсін, дәл алдымға алпамсадай қоңыр аю тұра қалды. Не істей керек? Шалғыға қол жетпейді, алышпұруға күш жоқ. Амалым таусылған соң, ып етіп жанымдағы ағашқа өрмелей жөнелдім. Сейттім де өзімдікөтерерлік, бірақ ынғайсызыда бұтаққа отырдым. Ал аю болса, арада кетер емес. Ол да «сен асықпасаң, мен асықпаймын дегендей, ағаштың түбіне келіп жайғасты. Бір-бірімізді андыған екеуміз екі сағаттан астам отырдық. Шыдамым таусыла бастады.

Бұтақта отыру ынғайсыз болған соң мен амал жасап, екінші ағашқа көшудің әдісін іздестірдім. Бұтақтары арқылы қатар тұрған екінші ағашқа ұмтыла бергенім сол еді, ку бұтақ омырылып кетсін. Мәссаған! Мен бар екпініммен төмен қарай құлдиладым. Қас қылғандай аюдың тұра үстіне топ ете түстім. Күтпеген сокқыдан есі шыққан аю алды-артына қарамай зыға жөнелді. Аюға қарауга мұршам келмеген мен де зытып бердім. Екі жүйрік екі жаққа құстайұшып барамыз. Сонда қайсысымыз жүйрік болдық? Әй су жүректік-ай, десейші. Осындай бір қызық болды.

Aiу шақырым

Көктемдегі өзен арнасына түсін, қара сулар қайтқан шақ. Су жыли бастаған сөң, балықтар да көбейеді. Әсіресе, шөрттан шөршын, балық әуескіларының есін кетіреді. Сондай бір шақта мен де құрал жабдықтарымды алып, сұзы тайыз өзен қылтасына барғанмын. Бір-екі шортан ұстап, көніл жайланды.

Бір мезетте жақын маңайдан судың шолпылы естілді...

Су шолпылы қайталанып, күшейе түскендей. Біреудің акырынеппен басқан аяқ сыйбыры естілетін сиякты. Кім болды екен? Заңсыз аң аулаушы емес пе екен? Мен енді сыйбырдың аңлысын андыдым.

Осы кезде бір дәү қара дene суға койып кетті. Шапшыған су аспанға атылды. Судың опыр-топыры шықты. Мен тұра ұмтылып едім, қайтадан тоқтай қалдым. Өйткені дәл алдымда үсті малмандай су, ашулы, аузында тістеген шортаны бар аю тұра қалды. Ол бір акырып қалды да шортанын түсіріп алып, келген ізімен тайып отырды. Бар болғаны осы. Бірақ мен ол жерде тағат таппай кейін қайттым.

Мейірім иірімдері

Тұйғынның күшігінен тамаша ит шығады деседі жүрт. Одан туған күшіктер алғыр, жүйрік келеді. Қоянды құтқармайды, кейде

тұлқінің де тілерсегін қияды. Сондықтан ауылдағылар онын күшігіне құмар. Бұл жолы да өсіп-жетіліп қалған күшіктерді жұрт қолға тигізбей үlestіріп әкетті. Ал тұйғын байғұс оларды қай үйден таба қойсын. Күшігінен айрышған ит қайтіп оңсын. Уайым басып, жүдеп, үйге де жоламай қойған.

Үй иесі Сайдалы да тұйғыннан кем қайғырған жок. Қадірлі итінің қайда кеткенін білмей аң-таң қалысты. Сөйтіп тұйғын үшті-куйлі жоғалды.

Бір күні иесі үйшігін қарайынши деп барса, тұйғын орнына оралған екен. Бірақ өзінше еміреніп жатыр. Үй иесі ыждағаттап қараса, өз көзіне өзі сенбейді. Тұйғынды кіп-кішкентай еліктің лағы ракаттанып еміп жатыр. Сөйтсе, көптен жоғалып кеткен тұйғын орманды кезіп жүріп, мына жетім лаққа тап болған ғой. Енді оны бауырына салып, өз күшігіндей асыраған түрі мынау.

Біраз уақыт өткен соң, құртакандай лақ «енесі» тұйғыннан зор болып өсті. Алайда, табиғаттың заны қойған ба, «касқырды қанша асырасаң да орманға қарап ұлиды» деген сияқты, еліктің лағы да орманды аңсай берді. Ақыры өзінің табиғи ортасына кетіп тынды. Бірақ тұйғын мен екеуі көпке дейін кездесіп қалып жүрді.

Өлішер Навоидін: «Тазының киікке жаны ашымайды, мысықтың көгершінге жаны ашымайды» деген тұжырымы бар еді. Бірақ тағы жануарлар қандай қатыгез болса да олардың өзінен де мейірім иірімдерін байқауға болады.

Камтит жейтін суыр

Менің досым Ибрат жан-жануар дегенде ішкен жерге қояды. Олардың табиғи мінез-құлқын байқап, сезініп зер салып жүреді. Мидай далада жүрген суырмен достасып алғанын қайтерсін. Әбден үйренісіп кеткендері соншалық, жолықканша бірін-бірі асыға күтетін сынайы бар. Бұл манайдан он шакты шақырым жерде бұрылыстау болса да, Ибрат сол далалық «досына» бір бұрылмай кеткен емес.

Егер іннің маңайында суыр көрінбесе, Ибрат дыбыс береді. Сол-ақ екен, суыр інінен атып шығып, өуелі бір-екі аунап алады. Сосын машинаға қарай ептеп қана жақындан түседі. Өккілігі соншалық, он қадамнан артық жақындармайды. Ал Ибрат болса қалтасынан конфет алып, жолдың жиегіне тастайды да машинасына мініп, ілгерірек кетеді. Сол кезде суыр әлгі жерге жетіп барып, аузының дәмін алып тұрып, өзінше «әнгे» басады.

Ибраттың бұл сұырмен достығы бұдан екі жыл бұрын басталған-ды. Онда іннің дәл қарсы алдында машинасының дөнгелегі жарылып қалады. Ең алғаш конфетті сонда інге жақын тастаған еді. Қайтар жолда қараса конфет орнында жок болып шығады. Кетерінде тағы да конфет таstadtы. Екеуінің арасындағы достық осылайша басталып, жалғасып кетеді.

Күндыздың қылыштары

Біздің жакта не көп, корық көп. Оларда құстар мен андардың неше атасы бар. Бір жолы Тұлкілі қорығында аяқ астынан құндыздар мен кәмшаттар қаптап кетті. Жаңа орынды ұнатқан олар таңдаған жерінен үйшік, бөгеттер сала бастады. Өздерінің еңбеккорлығына таң қаласын. «Құрылым жұмысымен» дамылсыз айналысады. Көп ұзамай құндыздардың үйлері де дайынboldы.

Ал оның үстінгі қабатына жалқау кәмшаттар орналасты. Кәмшаттар құндыз үйнің есіктерінен кіріп, шығып жүретін болды. Балалар да, үлкендер де мұны сырттай қызықтап жүрді.

Қылышы қызық, көрер көзге әдемі осынау андардың асыр салған ойынын, бір-бірімен шекіслерін байқап, бақылаған адам шын ләззэт алады.

Әсіресе, кәмшаттар ойынға беріліп кетеді еken. Кәдімгі ойын баласы дерсін. Олар төбешіктен сырғанап ойнайды. Тіпті сырғанауға бөгет жасайтын майда тастандарды, қоқыстарды жұмыла итеріп, сырғанайтын жолды тазартып алады. Сосын барып ойын қыза туседі.

Бұл корық құндыз бен кәмшаттың тұрақты мекеніне айналды. Олардың саны да жыл сайын көбейе түсті. Бізге керегі де сөл еді. Андардың басқа түрлері келсе де куанбасақ ренжімейміз.

* * *

Биыл су тасқыны болады деп күтілді. Табиғаттың осындай ерекшеліктерін құндыз да сезгіш. Олар сол қауіпті жағдайға да тірлік жасады.

Құндыздар әдеттегідей үйшіктерін көлдің жиегіне салмай, сүға емініп өсіп тұрған бұтақтарды, қалың қамыстарды тандады. Олардың бұл есебі дұрыс болып шықты. Көктемде су тасығанда берік бұтақтар суда қалқыды да тұрды.

Ал үйшіктің ішіндегі құндыздың қүшіктері қаннен-қаперсіз асыр салып ойнаумен болды. Су қайтқан соң, олар қалыпты тіршілігіне кірісті.

Асырауы келіссе

Бірде аудандық «Жана өмір» газетінде борсыктың жетім калған екі күшігі жайлы жазылыпты. Онда әлгі күшіктердің қолға үйренбей, ақыры орманға қашып кеткені жайлы айтылыпты.

Ең сонында «Қолға үйретілген борсыкты ешкім көрген емес. Бұл бір қисыны келмейтін әңгіме болар» деген тұжырым жасапты.

Бұл мақаланы оқыған Сайдалы дереу қолына қалам алады. «Газеттің бұл тұжырымына келіспеймін, борсық қолға үйретілмек түгілі, адамсыз, оның камқорынсыз өмір сүрмейді» - деп жазады ол газетке. Газеттегілерді сендірмек болып фотосуреттерін қоса салып жібереді. Оқиға былай болған еді. Бірде Сайдалы өзінің «Жигулиімен» тұнделетіп келе жатады. Кенет алдынан жылтыраған бірдене көрінеді. Жақындай берсе кішкентай ғана аң екен. Жалтырап тұрған соның көзі болды.

Аузында тістегені бар. «Жигули» тоқтай бергенде, ол жалт бұрылды.

Тусе қалып, жолдың жиегін қарап еді, кіп-кішкентай борсық жатыр. Көзін әлі ашпапты. Тегі, бір жаққа тістеп алып апара жаткан беті сияқты. Сайдалы оны үйіне алып келеді.

Борсыктың күшігі екі күнде көзін ашады. Шиқылдалап, дыбыс шығарады.

Оған есебін тауып сүт береді. Кішкентай борсық күн сайын толыға түседі. Оған «Быртық» деп ат қояды. «Быртық» тез өсіп жетіледі, ширап шыға келеді. Ал енді ойынның көкесін көрсетеді дерсін. Үйдің іші астан-кестен болып жатқаны. Шашылмаған зат қалмайды. «Быртықтың» кісіге жақындығы сондай, Сайдалының келіншегінің сонынан қалмайтынды шығарды. Ол қайдабарса сондабарады. Сарайға, құдыққа, сиыр қорасына барғанда бірге еріп жүреді. Ал иттің үйшігіне онша жоламайды. Бірақ бертін келе Тұйғынмен де табысып, достасып алды. Соның өзінде әуелгі кездे тікірейіп тұра қалады. Желке жүнін құдірейтіп, құйрығын шаншып, құлақтарын қайшылап, айбат шегеді, ыскырады. Сосын барып мәмлеке келеді.

«Быртыққа» көршілері де үйреніп алды. Аты аталса болды, жетіп баратынды шығарды. Көршілер де құр алақан емес. «Быртықты» әбден тойындырып жібереді. Асырауы келіссе, борсық та қолға үйренеді екен. Бұл оқиғаны аудандық газет те оқырмандарына дереу жеткізеді.

Күзеттің күзен

Арал ауылы атына сай. Ауылдың екі жағын қалың қамысты көл алып жатыр. Жабайы құсы дегенің жыртылып айрылады. Ал басқа жағын ну орман қоршап алған. Орманды қарағай мен ақ қайын көп. Иші неше түрлі аңға толы. Санырауқұлағы мен тас жидегі, қарақат пен итмұрыны өз алдына. Ұя салған, мекен еткен құсы қаншама. Сондықтан қотанға бұлан кіріп кетсе де, бау- бақшада кояндар секендең журсе де оған жұрт онша таңдана қоймайды. Бірақ табиғатынан аса тағы, үйірсектігі жоқ сасық күзеннің ауыл қотанына келуі, шындығында таңқаларлық ақ жағдай еді.

Осынау әрі епті, әрі өте сақ, әрі жыртқыш анның тауықтарға тимеуі тіпті таңқалдырады. Тауықтың түсіне тары кірсе, күзеннің түсіне тауық кіретінін кім білмейді. Мұндайды ешкім көрген де естіген де емес. Алайда Ибраттың үйінде дәл осындағы күзен тауық күзетеді.

Иә, тауықты әкесінің асындағы жейтін әйтпесе тамағын қызып, қырып кететін күзен енді олардың жауға бермес күзетшісі болып алған. Ибрат тауықтарын үйден оңаша жерде ұстайды. Сол тыныштықты күзен де ұнатса керек. Судың тазасын ішеді, жемді уақытында жегенді ұнатады. Бірақ өзінің негізгі қызметі-күзетшілікті ұмытып көрген емес. Бұл түрғанда тауықтарға тұлға де, қара құс та жолаған емес. Ал күзеннің өзі адамдарға жолай қоймайды. Тек алыстан «сыйласады».

Бір- біріне жау дейтіні қайда?

Ауылдық үйлерде тышқан, шегіртке дегендер бола береді ғой. Оларды көргенде елендеп, кейде шошынып қаласын. Ал енді түн баласы тышқан шиқылдалап, шегіртке шырылдаса ше? Айта көрменіз. Тышқан шиқылдағанда бүкіл дененді шымырлатады. Мұндайда үйықтап көр, батыр екенінді білейін.

Бір жылды үйде әлдекайдан тышқандар пайда болсын. Бұл інбекен дүние жоқ. Ұйқыдан да маза кетті. Қакпаммен оның қайсы бірін ұстай бересін. Мұны естіп, білген досым өзінің қалаулы мысығы «Марғауды» қимас көнілмен уақытша үйде ұстаяға берді. «Тышқанның көкесін танытады, көзің ашылады», деді ол мақтанып, - «Марғауда» мысық жетпейді.

Обалы не айтқаны тура келді. «Марғай» келген күні алғашқы тұннен ақ құлағымыз сап болды. Досыма риза болғандығым сондай, ішімнен раҳметімді айтып, алғысымды жаудырып жатырмын,

Бәрін айт та бірін айт, мені есімнен тандырған - тағы «Марғай». Өз көзіме өзім сенбедім. Таңертең тұрсаң, кара көленкелеу бұрышта «Марғай» қаннен-қаперсіз пырылдап, ұйқыны соғып жатыр. Ал оның бауырына тығылып, кішкентай қара домалақ тышқан да ұйқыға берілген. Мәссаған! Бұларды жаратылысЫнан бір-біріне жау дейтіні қайда?! Мынасы несі? Танданғаным соншалық, аузымды ашып, көзімді жұмып тұрғанымда қолымдағы құл салғыш еденге сарт ете қалды да быт-шыты шықты. Бұдан қатты шошынған мысық пен тышқан бет- бетімен екі жаққа қаша жөнелді. Содан бері мысық пен тышқанның қоян-қолтық жатқанын естігенімде, көргенім де жок. Бірақ олардың бірлескен ойындарын цирк сахнасынан ғана көріп қалып жүрмін.

«Үлпілдек»

Ойпырмай, әкесі келгендей қуануын қарашы мына патшағардың! Мені елемейді де. Ештенені елең етер емес. Тұра тұр онаша қаларсың, сазайынды тарттырамын, бәлем!- деп даусын қаттырақ шығарып, қабағын түйіп, жұдырығын көрсетті жұбайым.

Аппақ қардай үлпілдеп тұрған ақ мысық есіктен кіре аяғыма орала кетті. Құйрығын шаншып, жонын құжірейтіп, көзін бір ашып, бір жұмып, балағыма денесін олай бір, бұлай бір сүйкеп етіп, төрт аяғын көкке көтере шалқасынан жата қалып, аунап түсіп, еркелей қалды. Иесін қатты сағынған түрі бұл. Жұбайымның зекігенине құлак асар емес. Егер мен болмасам, көрер едім, тығыларға жер таппас еді байғұс. Енді істеп жатқанын көрдің бе, мысық таиесін арқаланады, тірек санайды, қайткенде ұпайы түгел.

Мен де шешінбестен мысығымды аяладым да қалдым. Оны шыныда да «Үлпілдек» атап жақсы көріп кеткен едім. Даладан тауып әкелген өзім едім. Соңда үсті-басы кір-қожалак, қарғалар сонына түсіп журген жерінен алып келгенмін. Енді, міне, қылығы мынау. Тек жұбайима ғана жақпайды. Мезгілінде тістеленіп, ішетін бірдене бермеген соң, «жиендік» жасайтыны бар. Сонысы ұнамайды жұбайима. Асқа аузын тигізді, арамдады деп, әлекшәлелегі шығады. «Үлпілдектің» онашада одан асқан дұшпаны жок. Ығысып, жүдеп жүреді. Арашашысы-мен.

Бір күні мен жолаушы жүріп кеткенде үйге сонау Есілдің ар жағындағы туыстар келе қалыпты. Тісін қайрап журген жұбайым

соларға бұйымтай етіп, «Үлпілдекті» қапқа салып берген. «Көзін құртып келмеске жіберіндер», деп қатты тапсырыпты. Олар бұл тапсырманы орындаپ, екі жұз шақырым шыққан соң, қапшықты сілкіп қалып, мысықты мидайдалаға қоя береді. «Үлпілдек» сол кеткеннен мол кетеді. Мен келген соң, қатты ренжідім, көпке дсйін қабағым жадырай қоймады.

Сонынан жұбайым да ойланып «Бекер жасадым ба, қарғап журер ме құрғыр», деп, уайымдай бастады. Сөйтіп төрт айдың жүзі өтсе де үй ішінен қызық кетіп, бірдене жетіспей тұрғандай болды да тұрды.

Таң атып келе жатқан. Мен шала үйқы болып, аунай бергенім сол еді, мысықтың даусы шыққандай ма, қалай ... Елегзи қалдым. Тың тыннадым, Анық мысық даусы. Қалай серпіліп, атып тұрғанымды өзім де білмей қалдым, лезде есікке жетіп бардым. Есікті ашып едім, өз көзіме өзім сенбедім. «Үлпілдек». Нақ өзі. Байғуста нұсқа жәқ. Жұні алба - жұлба, қабыргасы ырсифан арық, көзі шұнірейіп кеткен. Маған бір ұмтылды да әрі қарай ештенеге шамасы келмей мияулап, қисая кетті.

Әбден қалжыраған еken. Оны жерден көтерігі алдым.

- Ойпырмай, бұл не деген керемет! Көзін таңып апарып тастаған екі жұз шақырым жерден төрт айдан соң үйді тауып келуін қарашы!» - деп таңданды жұбайым.

- Кешірініздер мені, - деп қолымнан «Үлпілдекті» жұлып алды да үйге қарай бетtedі. «Үлпілдегім» менің,- деп бара жатты ол, - қасиетті екенсің фой. Тірі жанның қолына ұстаптаймын енді....

Жұбайым оның арқасынан сыйпалап ұзак таңданып отырды.

Ошағына оралды

Менің әлгі«Үлпілдектен» кейін сонау алыстағы нағашымнан аттай қалап алған тарғыл-жирен мысығым болды. Оны алғанда бауырын енді ғана көтерген, сүт жалаған құртақандаі еді. Жаман иттің атын «Бөрібасар» демекші, мен де мысығымды

«Қырғи» деп атағанмын. Шындығында ол атына сай болып шықты. Үйдікін қойып, реті келгенде көршілердің тышқанын баудай түсірді.

Бірде біз қаладағы туысқандарымызға қонаққа барғанда, «Қырғиды» жалғыз тастамай ала кеткенбіз. Келіншегімнің «жолы ауыр болады, алмайық» дегеніне көнбекенмін.

Қонақта екі-үш күн мәре-сәре болдық, мысық үй иелеріне қаттыұнады. Бірақ енді қайтқалы жатқанда аяқ астынан «Қырғи»шті-қүйлі жоғалды да кетті. Іздемеген жер қалмады, бірақ еш жерден табылмады. «Е, ол қаланың тұрмысын жақтырмаған еken» деп, қоя салдық. Көрінтен итке жем болды-ау дестік бәріміз.

Бірақ, біз ойлағандай емес, «Қырғидын» өз есебі өзінде еken, Өскен ортасын, үйді ансаған ол өз бетінше ауылға тартып отырған. Ондаған шақырым жерді қалай жүріп еткен десенізші. Жолда тау да, сай да, өзен де, орман да, елді мекендер аз емес. Солардың бәрінен қалай аман өтті еken. Әсіресе, келіспес дүшпаны-иттерге қалай кезікпеген.

Өзі де кеп азап көрсе керек, саудасы біткен. Арықтап, жүдепті. Жолшыбай қаншама иттерге де кезіксе керек. Аяғына, денесінежарақаттар түсіпті. Небір қыншылықтарды жеңіп арага жарты ай салып, ерлікпен өз ошағына оралады. Сейтіп өмірімде екі бірдей мысығымның осындаи ерлікті қайталануының куәсі болдым.

Ақысыз - пұлсыз

Аудан орталығы - Қимадан Жақсыға дейін жүретін маршрутты автобусқа жұрт жапа-тармагай отырып жатты. Біреулер кішкентай ала мысықтың автобустың астынан өтіп бара жатқанын байқап қалған.

Жақсыға жеткенде жаңағы адамдар таң қалысты. Ештеңені көріп, білмегендей жаңағы ала мысық та жайымен кетіп бара жатты. «Жә, мысықтар шығар, бір-біріне ұқсай береді ғой, осы жердің мысығы болар», - десті олар.

Енді автобус кері қайтарда жаңағы адамдардың кейбіреуі де келіп үлгерген. Тағы ондаған шақырым жол жүріп, Қимаға оралды. Автобустан түсерде жаңағылар тағы да таң қалды. Ала мысық тағы да автобустың астынан шығып, үйреншікті қалың қурайға кіріп бара жатты. Сейтсе, бұл автобус жүргізуінің мысығы еken. Ол иесінің

автобусын айнытпай танып алған. Автобустың артқы білігі әрі жылы, әрі қолайлы орын. Ала мысық ақысыз-пұлсыз ауданмен екі ортада осылайша жүре береді еken. Оны иесі де кейін білді.

Балықтымысық

Мысық табанын жалап, бетін сұртініп «жуынғанды» жақсы көргенмен суды сұканы сүймейтін хайуан. Су шашыратсан болғаны, желкесін күжірейтіп, қуирығын шаншып тұра қалады да, сосын қаша жөнеледі. Бірак...

Аспан шайдай ашық болатын. Мизам шуақ ойнап тұр. Күн шекенді қыздырады. Мұндайда суға шомылған да бір ғанибет емес пе?! Сол оймен Есіл өзенінің жағасына келіп, суға түспек бадық. Су расында тып-тымық. Уп еткен жел жоқ.

Қамыстың сыйбыры да естілмейді. Шоршып ойнаған балықтарғана байқалады. Шешіне бергенімізде көзіміз жуан талдың түбіндегі отырған қара мысыққа түсті. Талдың ірі бұтағы судың бетін көлбей жатыр еken. Соның үстінде тұрып, мойнын созады, жер бауырлайды, құлағын қайшылайды. Жалғызырап тұрган мысық па деп те ойладық.

Қалтарыс жерде тұрып, соның қымыл-әрекетін бақыладық. Тайыз суда, жанағы талдың астында балық күнге жусап тұр еken. Қара мысық аяғын еппен жоғары көтеріп, тартып қалды. Су шолп етті. Мысықтың үсті-басы су болды. Бірак тырнағына іліккен балық сопан етті. Ештеңе сезбегендей мысығымыз әк шабакты соғып алды. Біз сол жерден кеткенше, мысығымыз әлгі әдісін тағы да қайталады. Балықшы мысықты бірінші көруім еді.

Сабак болды

Құрылыш аланының тұсынан өтіп бара жатқанбыз. Аланнан шеткерірек әудем жерде бір кесілген құбыр жатыр. Сол тұста бір сары мысық ерсілі-карсылы шайқалып жүр. Әлгі құбырға басын сұғады да кейін қарай қайта жүгіреді. Бір мезетте ол қалынкурайға қарай шапқылай жөнелді. Сөйткенше болған жоқ, үп-ұлкен жирен мысықты сонына ертіп қайта шықты. Екеуі жанағы құбырға барды.

Жирен мысық та басын құбырға сұқты. Одан соң, ішіне кірді. Артқы аяғымен жерге тіреніп, бірденені шірене тартқандай болды. Расында, солай болып шықты. Ол бар күшімен мысықтың әжептәуір ер жетіп қалған меуленін желкесіне тістеген қалпы алып шықты. Оның ес жиғанын күтіп тұрды да алдыңғы аяғымен салып-салып жіберді. Желкесін құдірейтіп, бір секіріп алды да жирен мысық тайып отырды.

Жас мысықтың құбырға қалайша кептеліп қалғанын қайдан білейік, бірақ жаңағы жириен мысықтың сабауынан кейін енді қайтып құбырға жоламайтын болар.

«Кис-кистің» арекеті

Талай мысықты қолға ұстап, түрлі қызықтарын көріп жүрміз. Бірде түкімы асыл деп көзі көк, екі құлағы қап-қара аппак мысықты тауып әкелгем. Оған қолайлы ат таба алмай, бәрі «Кис-кис» атап кеткен еді. Сол «Кис-кис» қорадағы айбарлы тәбет ит «Марғаумен» сыйыспай-ақ қойғаны. «Марғау» иесінен екі елі қалмай ереді де жүреді.

Бір күні көшпен ілесіп бара жатқан бөтен иттің тиіскені бар емес пе, «Марғауда» оны қуып тастантын жүрек жоқ. Сөйтіп тұрғанда ойламаған жерден жұлдыздай ағып келген «Кис-кис» бөтен итпен жағаласа кетті. Ит мысықтан зорға қашып құтылды. Жауын женіп, мерейі ұstem болған «Кис-кис» «Марғауға» келіп, тұмсығын жалап, менін аяғыма денесін үйкеп, шатырдағы жататын орнына секіріп шығып кетті.

Содан бері «Марғау» өзін құтқарушыға жақсы қарайтын болды. «Кис-кис» те мұндай достыққа қарсылық білдірген жоқ.

«Марғаудың» «Кис-кистен» өлердей қорқатын кезі-тін. Оны көрсө-ақ зытып отыратын. Бірақ мені тандандырған, бір нәрсе; таңертең тұрсам, «Марғау» үйшігінің алдында шокиып отыр, Жаңбыр құйып тұр. Бұл байғұс малшынып, үйшігіне неге кірмей отыр екен деп жақындал бардым. Белгі беріп, үйшікке кір десем, кірмейді. Құр қынсылайды, Бұл не пәле деп, үйшіктің ішін қарасам, «Кис-кисім» жатыр. Мысығым күшіктең қалған екен. «Марғаудың» сыры енді мәлім болды. Ол өзінің меншікті үйін «досына» босатып бергентүрі екен. Достықта шекара жоқ деген осы да.

Шамасынбілмеген...

Ауылдағы көршімнің үйінде кірпі пайда бола кетті. Ол үйдегілерге лезде үйреніп, маңайындағылардың берін тіптіөзімсініп, иемденіп алды. Бірақ та мәулені бар мысыққа қырын кслді. Оларға құйылған сұttі тартып іshedі. Үлкен мысық қығылықты салып көріп еді, болмады. Өйткені оны не тырнал, не тістеп болмайды. Ештенеден хабары жоқ бала мысық та жекпе-жекке шықты. Бірақ инелі кірпіге не амал жасамақ?

Бір күні үй иелері қалаға кетіп, кешке дейіп келмеді. Бірақ ыдысқа сұttі толтырып құйып кеткен-ді. Кірпі тағы да екі

мысыққа бой бермей бар сүтті ішіп алады. Шамадан тыс ішкендігі сонша, қарны қабактай болды. Домалаңдап, аяғын зорға басып жүргенде шарбақтың арасына кептетіліп қалады. Қанша әрекеттенгенімен не ілгері, не кейін шыға алмайды. Сөйтіп үй иелері оралғанша, тұтқында болды. Әлін білмеген әлек деген...

Әділ шешім

Балалар картоп сактау үшін терең ор қазған. Ертеңіне оған сабан төсейтін деп барса, ішінде жалғыз тышқан жүреді. Балалардықеріп, ерсілі-қарсылызырықрап, жанын қоярға жер таппайды. Олар жүгіріп барып, үйдегі мысықты алып келді де шұңқырға тастап жібереді. Балалардың ойы қып-қызыл майданды көру еді.

Бірақ күтпеген жағдай болды. Қара тышқан мысықтың тырнағынан құтылмайтынын білген соң, нede болса бірден көзжұмбайлыққа салып, қарсы шабуылға шықты. Бар даусымен шиқылдап, мысыққа тап-тап береді. Мысық күтпеген шабуылдан сасқалактап шегіне берді де қабырғаға арқа жоны тиісімен сыртқа бір-ақ ытқыды. Сөйтті де алды-артына қарамай қаша жөнелді». «Ә, солай болар!» дегендегі қара тышқан ордың бұрышында екі аяғымен тік тұрып, сыртқа қарады.

Мына жағдайға шек-сілелері қата күлген балалар тышқанды ұстап алды да жөніне қоя берді. Әділ шешім. Дұшпанына тетеп бере білген тышқанның да әрекетін ерлік деп бағалады олар.

Орнығуы орынды

Алыс сапарға шыққан жолаушының ішіп-жейтін тамағын өзімен ала жүретін әдеті. Тамақты жүргізушилер, әрине, кабинада сактайты. Мен де сейтемін. Бірақ тамакқа біреу тиісетін сиякты. Орауым босан, тамағым шашылып қалады. Байқауымша, бұл тышқанның шаруасына ұксас. Тышқан бұл әрекетін түнде демалуға тоқтаған кезде жасайтын шығар деп ойлайтынын. Бірақ түнде тоқтаған жерден тышқан кездесе бере ме? Әрине жоқ. Ендеше бұл пәлекет осы машинаның ішінде екен деп түйдім. Олай іздедім, бұлай іздедім, табылмады. Тіпті кабинадағы отырғышты

да ауыстырдым. Болмады. Із-түз жоқ. Сол қалпымен жаздай жүрдім.

Міне салқын күз де келді. Бұдан былай жылу жүйесін қосу керек. Бірақ пешім іске қосылмады. Бұған не болды еken деп, бөлшектеп көрсем, ішінен іздеп жүрген тышқаным шыға келді. Мактадан түрлі үнтақтардан жып-жылы ін жасап алыпты. Ұрыпты ұстап алып, қоя бердім. Жазалауға да болатын еді. Бірақ жаз бойы, мындаған шақырым жолды бірге жүріп өткен «сапарласым» болған соң өлімге қимадым.

Ақтышқан

Қардан ақ көрпе жамылған шөптесінде ақтышқан көп кездеседі. Олар қысқа тиянақты дайындалып, қыстай жейтін жемін інінен табады. Ку тулкі сондай бір іннің парша-паршасын шығарыпты. Жазға дейін жетерлік жемді патшағар құртты да жүре берді. Ал ақтышқан болса, қара басын әрен қорғап қалды. Оның күйін көргенадам қатты аяр еді. Ағаштың түбіріне бұрсып отырып алған. Жейтін жемі жоқ, тас-талқан болған іні анау. Ешнәрсеге зауқы соқпай дел-сал отырған ақтышқанға кездесе кеттік. Ол адамның келгенін сезбегендей, тіпті селк етіп қозгалар емес. Ол үшін бұл дүние қараң қалған сияқты.

Біз аяп кеттік. Сөйлік те «Қазір тұра тұр. Бәрі орныша келеді» деп дорбаны актарып ішінен нанның қалдығын, біраз пісте алып шықтық. Пістені ақ тышқанның тұра тұмсығының астына шақтық. Оның иісі оған жан бітіргендей болды. Алдына түскеніненайрылыпқалатындаидай пістені жайма-жан қомағайланатамағындағы қапшығынатығандай бастады. Жем бітісімен жалтберіп, түбіршікке еніп, жоқ болды. Өлден уақытта басын қылтитып, қайта шықты. Біз тағы да жем тастанап қойғанбыз. Ақтышқан жаңағы әдісті тағы қайталады. «Енді қысттан аман шығуына сенімдіміз» деп біз өз жөнімізге кете бардық.

Енді бірде денесі малмандай су, дір-дір етіп жатқан кіп-кішкентай ақтышқаға тағыдатапболдық. Оның әлсіздігісондай, тіпті қозғалуға, қарсыласуға шамасы жоқ. Ақтышқан-бұл атырапта жирик кездесетін кеміргіш. Оны көргенде балалар да

мәз болып қалады. Қолға түскен кеміргіш үй жағдайына тез көндікті.

Қолдан жем жейтін болды. Әсіресе, тоңазытқыш етке құштар. Сүт те оның сүйсініп ішегін асы. Әбден тойынып алған соң, асыр салып, ойнайтын әдет шығарады.

Ақтышқан айлакер, тапқыр, епті ғана емес, сондай-ақ үй техникасына да әуестігін көрсетті. Әсіресе, айналдыратыны - іс машинасы. Мекен жайы диванның манайы. Тоңазытқыштың моторына денесін жылытып, әбден иемденін алды. Соңғы кездері шансорғышты да байқап көріп жүр. Әуестіктің соны иеге апарып соғарын кім білсін.

Көңілді қамшәт

Сарқыраманың гүрілдеген үні сонадайдан естіледі. Біз де осы үнді бетке алып келеміз. Байқағанымыз: дәл сол манда бір қызыл тұлкі бір жатып, бір тұрып, әлек болып жүр екен. Мұздың астынан бірденені алуға әрекет жасайды. Әлден уақытта тұмсығын біреу қыршып алғандай ыршып түсті. Сейтті де орманға қарай зыта жөнелді. Артынша-ақ. Сол жерден бір кәмшат құтырынып, құлпырын шыға келді. Сейтсе ку тұлкі балық ауламаған екен. Ол балықтардың қалдығын алып, қылғыта беріпті. Ал балық аулаушы -әлгі кәмшәт болыпшықты. Ол суға қойып кетеді де әп-сәтте балықты тістеген қалпы қайтып шығады. Тұлкі кәмшаттан әлдеқайда ірі болса да оған бас салуға, аузындағысын жырыпәкетуге бата алмайды. Кәмшат болса, мұны ойынға айналдырып, мұздай судың көбігін шашыратып, тұлкіні шошындырады екен. Тойынған тұлкі ақыры қашып құтылса, кәмшат өзінің сүйікті ісін одан әрі жалғастыра берді. Біз көпке дейін алыстан бақылап тұрдық.

Сенім

Өзен және дала тасбақаларының ешкімге зияны жоқ, момақан, баяу қымылдайтын мақұлық екенін табиғат сүйер әрбір адам жақсы біледі. Ал соған кейбір адамдар құмар келеді. Үйіне әкеліп, асырайтындары да бар. Қолға көндігіп кететіндері жиі кездеседі. Сол есеппен біз де біреуін үйге әкеліп

едік, кішкентайымыз мұрнын тыжыртып ұнатпай-ақ қойды. Сондықтан оны ауылдан ұзағырақ жерге апарып тастады.

Келесі күні танертеп есікті ашсам босағада кешегі тасбақа тұр. Баяу ғана жылжып, кіп-кішкентай басын жоғары көтеріп қояды. Аяп кеттік. Оның иесіне деген адалдығына, сеніміне риза болдық. Тұні бойы біржарым шақырым жерді жүріп отырып, адаспай келуі - тасбақа үшін ерлік. Иесін тапқан тасбақа өзінің үйреншікті жері - қорага қарай беттеді. Ол тауық қорасы еді. Қораз қоразданып, тауықтар қыт-қыттап үркे қарағанмен екі-үш күннен соң үйреніспін кетті.

Kіrpіniң алекке түсуі

Емен ағашы басқалардай емес, ерекше бір әуен, үн шығарады. Оркестрге арналған ұлт аспаптарын жасауда ұста-шеберлердің еменді пайдаланатыны осыдан болса керек. Бірде орман ішін аралап жүргенімде құлағыма бір үн шалынды. Тындай жүріп дыбыс шыққан жерге жақындей түстім. Кәдімгі музыкалық тактімен шығатын дыбыс мені өзіне тарта бастады. Қарасам, қара жолдың үстінде бір кірпі аяғын зорға басып жүр. Әбден қалжыраған секілді. Себебі, кішкентай бір ыдыс басына кептетіліп қалыпты: Жаңағы дыбыс осы екен. Амалы таусылған кірпі басын ыдыспен жерге ұра берген. Жақындал барғанымда ол қашқақтамады. Содан байғұс кірпі біраз қарап тұрды да есін жинаған соң, тұқ болмағандай қалың шөпке қарай томпандал, жорғалай жөнелді.

Бірде шөп шауын жүріп, аяғынан жараланған кірпіге тап болғаным бар. Елемей, тастап кетуге қимадым. Кірпіні қолда ұстауда үйренгенмін. Үйге алып келіп, ем жасадым. Қолда күттім. Оған «Тікенек» деген ат қойдық. «Тікенекті» үйдегі балалар қатты ұнатып, куанысып қалды. Кірпі оларға үйреніп алды. Шиқылдал, тықырлатып маза бермейтін тышқандар осы кірпі келгелі жым болды.

Жазда алыстағы ағайындар келіп, қонақ болып жатқан еді. Солармен еріп келген қонақ бала «Тікенекке» үйір болып, маңайынан шықпай қойды. Дәл кетерінде бала жылап, қонақтар кірпіні аттай қалап, сұрап алды.

«Тікенек» барған жерін жерсінбесе керек. Аулада сенделіп жүрген де қойған. Тамақ та ішпеген. Сондықтан баласы қанша жыласа да оны тоғайға апарып тастаған.

Біз оны ұмытып та кеткенбіз. Бір күні ... Иә бір күні өз көзімізге өзіміз сенбедік. Бұдан екі ай бұрын кеткен «Тікенек» үйге қайтып келеді деп кім ойлаған. Сонда «Тікенек» екі ай бойы 70 шақырым жерді жүріп өткен болды.

Иә, кірпінің адамға үйірсек келетіні, түстеп алғанын тез танитыны белгілі болды. Оған қоса жерді бағдарлай алатын қасиеті және бар. Оны «Тікенектің» тәжірибесінен-ақ аңғардық.

Жарқанаттың ұясы

Көктем көзі болатын. Ұзак сапардан оралған бетіміз еді. Үйде өзімнен басқа жан жоқ. Кетерімде әлдекалай терезенің желдеткішін жабуды ұмытып кетіппін. Қайтып келгенде өз көзіме өзім сенбедім. Терезенің желдеткішінде басын төмен салбыратып жарқанат отыр. Терезеге ептеп жақындал едім, міне, қызық, қос әйнектің ортасына ұя салыпты. Ұяда екі балапаны жатыр. «Япымай, жарқанаттың қайда түнеп, қайда ұя салатынын жүрт біле бермейтін еді. Мынаусы қызық екен!»-деп таңданым.

Үйде кимылдаған жан болмаған соң, қос жарқанат жылы да жарық жерді мекен өткен. Әдетте, олар ұяны қараңғы жерге салады дейтін еді ғой. Мұнысы да, жұмбақ. Бірак көрген көзде жазық жоқ. Сөйтіп қос жарқанат өз ұрпағын осылайша ерекше жағдайда өрбітті. Ал олар ұшып кеткенше терезенің желдеткіші жабылған жоқ.

«Ұры құмырсқалар»

Сәуірдің соңын ала ақшагұл тұқымын сеуіп, бетін кіренкемен жауып қойғанбыз, Гүл бас жарып, шығып берсе, бауымыздың сәні кіретіні сөзсіз. Сондықтан да әрі-бері өткенде оның бастау алып өнуін күн санап күтіп жүрдік. Құндер өтті, апта өтті, өнетін гүл көрінбеді. Әбден болмаған соң, шыдамымыз таусылып, топырақты қазып көріп едік, сепкен тұқымымыз жоқ болып шықты. Тек иненің жасуындағы жан-жаққа тарамдалған ұсақ тесіктерден басқа ештеңе көрінбеді. Аң-таң болып қоя салғанбыз. Сәуір түгілі мамырдың жаңбырлы күндері де өтіп жатты.

Ойымызда ештеңе жоқ, үйдегі гүлге топырак алайық деп, бақтың екінші бетіне бардық. Келсек, бір топ ақшагул жайнап өсіп тұр. Бұл араға оның тұқымын сепкен жоқ едік қой, қайдан пайда болды еken деп одан сайын тандандық. Ағаштың ұшымен ептеп топыракты қазып көріп едік, кәдімгі ұсак қара құмырсканың илеуі еken. Бірақ бірде-бір құмырсқа жоқ болып шықты. Илеуін тастап кеткен еken. Сөйтсек, құмырсалар баяғы біз сепкен тұқымды жер астынан өздері жасаған жолдармен осы жерге тасып алса керек. Олардың «ұрлығы» осылайша әшкере болды.

II ТАРАУ

Құстардың сықылыштағанына кулақ тұр

ЖАРАЙСЫҢ, БОЗТОРҒАЙЫМ

Бірде өрт бүрк ете қалды. Өрттің қызыл тілі жолындағысын жапыра жалмап өтті. Бірақ аса көп жерді қамтыған жоқ. Қажырылық көрсеткен жұрт өрттің бетін тез қайтарған. «Ух!»- деп дем алып, өртең жерге қарап тұрганбыз. Сөл сәтте әлдекалай құстың бір ұясына көзім түсті.

Ұяда бейшара бозторғай отыр. Қимылдамайды. Байғұстың қанаты мен құйрығын өрт шарпыған. Қездері жұмулы, мойны салбырап кеткен, өте әлсіз күйде. Одан көз алмай қарап қалыптын. Менің де бойымды әлдебір сезім билеп алғандай еді. Әлден уақытта әлгі байғұс мойнын зорға бұрып, біздерге жалбарына қарап қояды. Бірақ орнынан тапжылар емес. Қозғалуға шамасы келмейді.

Әйтеуір, ұясы бүтін, күймей қалыпты. Жіті қарасам, бозторғай оның айналасын тұмсығымен шоқып-шоқып топырағына дейін қопсытып пігіфарып тастаған. Манайының шебін жұлып, шамасы жеткенше әбден тақырлаған екен. Тілсіз жаумен жалғыз өзі жекпекеке шығып, жанталасқан. Денесі күйіп, от шалғанына қарамастан орнынан тапжылмай, жұмыртқаларын басып, отыра берген. Өйткені ұяда болашақ ұрпағы жатқан еді. Құс та болса, шыбын жаңын ұрпағы үшін қиоға дейін барған. Қанат, құйрығы жанса да болашақ ұрпағының өмірі үшін қүресін төқтатпаған. Жұдырықтай құстың мына өжеттігіне, ұрпағына деген жанашырығына, мейірімділігіне, жанкештілігіне риза болып таң қалмаған адам қалмады сол жерде. Ойымызға кез келген ұяда жұмыртқасын тастап жүре беретін көкек оралды.

«Жарайсың, бозторғайым!» деп біз қатты риза болдык.

ТЫРНАНЫҢ ҚҰЛЫҒЫ

Жаздың бір күнінде жолдан кесе-көлденең өтіп бара жатқан тырнаны байқап қалдық. Сонына ерткен балапандары бар. Біз бақыламақ болып, тоқтай қалдық. Сөйткенше, үлкен тырна ұшып кетіп, едәуір жерге барып қонды. Ештенеге аландамай өз бетінше жүрді. Жерге түсе қалып, әлті балапандарын іздедік, көрінбейді. Жазық жер. Бұған таң қалып, оншакты қадам жүргенде барып, бірдене қыбыр еткендей болды. Сөйтсек, тырнаның бір балапаны мойнын, екі, аяғын созып жіберіп, жермен жексен болып жатыр екен. Анандай жерде дәл солай екіншісі жатыр. Шөп арасында жермен-жексен болып, жата қалыпты. Балапандардың тусі де шөпке ұқсас, адам айырып болмайды. Жүргізуі біреуін ұстамдық болып еді, біз тыйып таstadtық. Өйткені қолға ұстаған балананның тез өліп қалатынын білетінбіз. Тыриып жатқан бұларды көргенде түйе құстың тұмсығын құмға шаншып жіберіп, өсімдікке ұқсай қалатыны есімізге келді. Жануарлардың, құстардың табиғаттың өзі берген қорғаныш әдістері бар той. Мынау солардың бірі.

ҚАРЛЫГАШТАРДЫҢ ҚАРЫМЫ

Есілдің жарқабағынан төмен түсіп, қармақ салуға қолайлы, тымық жер тауып отырған едім. Зуылдан жүрген сонасы құрғыры болмаса, мазалап жатқан ешкім жоқ. Әуеде ерсілі- карсылы ұшып,

айқұш-үйқыш із тастап, шықылықтап жүрген қарлығаштардың даусы құлакқа жағымды естіледі. Балапандарын ұядан ұшырып, баулып жүрген қарлығаштар тым көнілді. Олар ұяларын өзенін биік жарқабағына салған. Кенет олардың бірденеден сескеніп, қауіптенген үрейлі дауыстары еріксіз назар аударды. Байқасам, қанатын жайып, қалықтап жүрген кезкүйрық соларды төніректеп жүр екен. Мұндай қауіпті жаудан ұсақ құс біткен сақтана қалады. Өйтпесе, жазым болары анық.

Бірак әккі кезкүйрық қапысын тауып, әп-сэтте бір қарлығашты іліп әкетті. Байғұс қарлығаштың жан даусы шықты. Сол-ақ екен, дабыл көтерген қарлығаштар ата жауына бірі қалмай лап қойды. Олар қара бұлтша қаптап кетті. Не болар екен?

Тобымен шабуылға көшкен қарлығаштар кезкүйрықты қанатын көтертпей есін шығарды. Жан-жағынан шоқып, қанаттарымен қағып, жерге ұшырып түсірердей әрекет жасады бәрі. Өзен бойындағы биік талға жақындаған сайын шабуыл үдей түсті. Қарлығаштардың қыспағынан, қатты шырылдаған дауыстарынан есі кеткен кезкүйрық тырнағын еріксіз жазып жіберуге мәжбүр болды. Оның тырнағынан босаған қарлығаш допша домалаған күйі төмен құлдинап бара жатты. Әлден уақытта құлап бара жатқан қарлығаш қанатын сермел қап бой түзеді де аспанға шығандап қайта көтерілді. Сөйтті де өзін құтқарған қарлығаштардың қатарына қосылып кете барды. Мен көз жазып қала бердім.

ҚАРҒА, ҚАРҒА, ҚАРҒАЛАР..

Көгершіндерге төгілген жемге құс атаулы қаптады да кетті. Ішінде төрғай да, ұзақ та, аксақ ала қарға да бар. Аксақ қарғаға басқалары әлімжеттік жасай берді. Ол «таяқ» жей берген соң, ағаштың басына шығып отырды. Бір мезгілде: «Қар-р-р! Қауіптөнді! Сақтанындар!» -дегендей оқыс атой салды. Сол-ақ екен, жем теріп жүрген құстар тым-тырақай қашып, бас сауғалады. Ал аксақ қарға жерге түсе қалып, асықпай-саспай жемді жей бастады. Сол кезде әлгі құстар қайтадан қаптап кетті. Қомактылауын аузына тістеп, қарға ағашқа қайта көтерілді. Аксақ қарға құлығын асырып, бұл әдісті бірнеше қайталады.

Әдетте қарғалар мен ұзақтар да ұясын жылы етіп жасайды Бәрі-болашақ ұрпактарының қамы. Ал жылу беретін зат онай

табыла қоя ма, шарқ ұрып, іздеп табу керек. Бірде көршіміз түлкі жағалы қысқы пальтосын жел қақтыру үшін балконға жайып қойған. Ойларында ештеңе жок, Әбігерленіп, ұшып-қонып жүрген ақ ауыз ұзактар балконға да жиі келгіштеп кетті. Олар қызығатында жем, азық жок еді ғой деп, күмәнданған көршіміз балконға шығып, жаюолы пальтосын аударып-төңкөріп көрсе, жағасының жартысы дерлік ұстарамен қырыққандай күзелін қалыпты. Сейтсе әлгі «батырларың» жанағы пальтоның жағасын жұлқылап, керегін алын жүр екен. Құстардың да жақсыны ангара білгені ғой.

АҚЫЛДЫСЫН ҚАРАШЫ

Көктемнің шуақты күні-тін. Екпе ағаштың жасыл жапырағы жайқалып тұр. Қора сыпырушулыар көшени, адам жүретін тротуарды жинастырып, тәртіпке келтірген. Тағамның, қалдығын салатын қораптың қақпағы ұқыпташ жабылғанымен оның маңайын қанаттылар төніректеп жүр. Ала қарғалар қыста да, жазда да адамдар көп жүретін, азан-қазан болып жатқан үлкен қаланың өзін мекендереп алған. Үйдің шатырын былай қойып, балкоnda, гүлзарларда, парктерде жүре береді. Сондай бір қарғаны көргеніміз бар. Ол аяғын пандана басып, қырындай кетін бара жатты. Сол кезде екінші қарға бір үзім нанды контейнерден тауып алдып, тротуарға алдып келді. Оны байқап қалған басқа қарғалар лап қойды. Сенікі, менікі деген жок, жабыла кетті. Нанды тастай беріп, енді бірін-бірі шокып, жанжал шықты. Бірақ мұның бәрі текке өурешілік болды. Кепкен нанға ешқайсысының тұмсығы батпады.

Тек жанағы анадайда онаша отырған қарға бұл оқиғаны байыппен бақылап тұрған еді. Аналар ешәрсө бітіре алмай, өз жөндеріне кете барды. Сол кезде бұл асықпай барып, кепкен нанды аузына тістеп алдып, жақын манайдағы шалшық суға тұмсығымен батырып-батырып барып шокып керді. Бұл әдісті бірнеше рет қайталады. Суға жібіген нанды ақылды қарға асықпай тамсана жеп алды. Ақылдысын-ай, шіркіннің!

«ҚАРҒАШТЫҢ» САЙРАУЫН-АЙ»!

Әртүрлі құстардың адамша сөйлеп, сайрағанын естіп те, теледидардан көрін те журміз. Ғажап қой! Кәдімгідей: «Бұл кім?»,

«Ақымақ!», «Тамақ ішем!», «Ойнайык», «Қап, бәлем, тұра тұр!» десіп /әрипे орыс тілінде / сайрағанда аузыңды ашып, көзінді жұмасың. Бұрыннан құлағымыз үйренген тоты құс емес, кәдімгі ала қарға, сауысқан, қара торғай, тіпті су торғайдын өзі сайрап ала жөнелгенде, еріксіз таң қаласың. Бара-бара құстармен әнгімелдүкен құруымыз да мүмкін-ау, деген ойға берілесін еріксіз.

Көктем болатын. Ну қарағай ішіндегі жалғыз аяқ жолмен келе жатқанмын. Қолымда теріп алған бір шелек тас жидегім бар. Көнілім көтерінкі. Іңылдап «Әупілдек» әнінің әуеніне салып келемін. Кенет қарғаның жерде құлап жатқан ұясын байқадым. Ағаштың бұтағы көтере алмаса керек. Қарасам, ішінде сарыауыз екі балапан жатыр. Біреуі өліп қалған, екіншісі шала-жансар. Не істей керек? Қамқорсыз, қалқансыз қалған жетімек балапанды көгеріп, үйге алып келдім.

Үйдегілер балапанның асты-үстіне түсіп әуре болды. Өлсіз байғұстың жем жеуге де дәрмені келмеді. Дегенмен, амалын таптық. Балапан қысқа дейін қонданып, үй қусына айналды. Ешқайда кетпейді. Оған «Қарғаш» деп ат қойылды. Өзінің атын естісімен ұшып жетіп келетін болды. Бірақ ебедейсіз, олактығы да бар. Алдынакойған суды төгіп алып жатқаны. Ыдыстарды қағып кетеді. Бірақ бәрінен де таң қалдырганы адамша сөйлей жөнелгені болды. Мұндайды ешкім күткен жоқ-ты. «Бота», «Айна» деп балалардың атып атап қоя береді. «Пырыс» деп мысықты қуады. Майлыаяқтың ырылдағанын, ағаш кескен аранын сырлылын айнитпай салады. Ал өзіне-өзі: «Қарғаш, же, же!» - дегені тіпті қызық. «Қарғаш» қолда қыстай тұрды. Оны қорадан шығармайтын болдық. Өйткені көршілердің де дүниесін бұлдіре берді. Кейде үй маңындағы шоқ ағашқа барып, серуендетіп қайтамыз. Қайтарда ағаштан жасалған торға салып аламыз. Тор дегенінің-«Қарғаштың» жаны сүймейтін нәрсесі. Сондыктан торды көрсе-ақ қашқақтай бастайды. Тек: «Қарғаш, же, же!» деген сөзге ғана сенеді де жетіп келеді. Сөйткен «Қарғашымыз» қар ери бастап, қараторғай, қара қарғалар келіп жатқан кезде үшті-күтілі жоқ болды да кетгі. Көктем келісімен өзінің табиғи ортасына кеткен шығар дедік те қойдық.

БІРЛІКТЕ ТІРЛІК БАР

Дүниеде өзінен үлкен құс жөқ деп ойлаған қара қарға ағаштың үшар басына шығып алып, жан-жағына пандана қарайды. Өзі отырған бұтқаты бір-екі шоқып қойып, тұмсығын көкке көтереді. Сырттан қарағанда денесі шындығында да ірі, жауын алып та, шалып та түсетін сыңайы байқалады.

Келін қонған жері орман кептері жұптасып даясалған мәңгі жақын екен. Сөйтіп әлгі қос кептер шақырылмаған қонақтың бұзық ойы бар шығар деп секем алды. Сөйтті де ойламаған жердей қарғаға қарсы шабуыл бастады. Мұны құтпеген қарғаның манағы ірілігінен ештеңе қалмады. Тосын шабуылдан құтылу үшін оның істтегені жок. Жалтарып та көрді, қанатын қайырып тастап, тәмеіс құлдилады да. Атылып аспанға да шарықтады. Бірақ қос кептер сонынан қалар емес. Әбден ізіне түсіп алған, «жаяуына» шүйіле түсті. Әйтеуір қарға зорға дегенде белестен асып барып құтылды. Ендігөрі бұл маңайға жуымастай болған шығар, батырың.

Арада көп уакыт өтпей-ақ жанағы женімпаз кептерлердің бірі көң-қоқыстың манайынан өте бергені сөл еді, бір сары шымшықоған тап берді. Оның көмекке шақырып, шырылдаған даусына төніректегі ұсақ құстардың қаптап кеткені соншалық, кептер қоршауда қалды. Мұның жағдайы жанағы қарғадан да мүшкіл еді. Арадай қаптаған ұсақ құстар кептердің есін шығарды. Кептер де қарғаның кебін киіп, зорға жан сауғалады. Сөйтіп ұсақ құстар да «жаяуына» тойтарыс берді. Бірлікте тірлік бар деген осы екен.

БАЛЫҚТАН ДӘМЕЛІ

Есіл өзеніне әуескөй балықшылыр қыста да қармақ салуға келіп тұрады. Әр жерден ойықтар жасапдармактарын салып тастаған олар ықтасында отырған-ды. Сол-ақ екен бір ала қарға пайда болып, жанағы ойыктарда жағалай бастады. Сонау шеткеріргіне барып, жан-жағына қарағыштап, біраз тұрды. Кенет ол қармактың бауын бас салып тістеп алды да, аспанға көтерілді. Бірақ онша ұзап кете алмады. Қармаққа іліккен балық судан шоршып шықты. Мұз үстінде тулас жатқан балыққа қармақ иесі тұра ұмтылды. Қарға балықты ұстаганымен ұқсата алмады. «Әй, балықшы болғанына!»-

деп отыргандар күлісіп алды. Қарға болса, алысырақ барыпотырды да, балықшыларды көпке дейін андумен болды.

ЕБІН ТАПҚАН ЕКІ АСАР

Тұнгі бір кезекшіліктен кейін қатты ұйықтап кеткен мен танертенгілікте қарғаның қарқылынан ояндым. Антеннада отырган ол тепсініп, дауысын қаттырақ шығарып, бірденені талап еткендей кейіп танытады. Әлден уакытта балконға шықсам, әлгі қарға көрші әйелдің қолынан жем жеп тұр. Таң қалдым.

Көршілер бірде балкоnda тамақ ішіп отыргандарында балконның жақтауына қарға келіп қонады. Олар оны жаралы шығар деп ойлайды. Бірақ олай болыншықпайды. Ол балконғатасып, қанатын қомдап, аяғын алшаңдай басып, манғаздана жүреді. Бұлардың тамақ бергеніне қарсылық білдірмейді. Әрі-беріден соң, балконның ішін тіміскілей арапап, ашық жатқан жәшіктерді тексерे бастайды. Отырган адамдардан именбейді. Үйренісе келе ол балконға жиі қонақтап, қатты қарқылдаپ, тамақ сұрайтын болып алды. Көршілерді үйқысынан ерте оятып алатын болды.

ЖАЗАСЫН АЛДЫ

Аулада отырганбыз. Аяғын андал басып, жер бауырлап бара жатқан сұр мысыққа көзіміз түсті. Пәлекеттің ептісін-ай. Ағаштың дініне жабысқан қалпы қара торғайдың ұсына жақындал қалыпты. Ұядағы сарыауыз балапандар ештеңе сезер емес. Ал сұр мысық енді бір ұмтылса, тырнағы ұяның ернеуіне ілінді дей бер.

Дәл сол сәтте мысық не болғанын білмей де қалды. Ағаштан ұмар-жұмар құлап түсті. Қатты соққы алған оның құлағына санқылдаған дауыс естілді. Ал біз бәрін көріп тұрмыз.

Төтеннен шабуылға шыққан қарға болатын. Ол ағашың бұтағында отырып, мысықтың арам пиғылын сезіп қойған екен. Дәрмесіз балапандарды қорғамақ болған ол екпінімен мысықты соғыпөтіп, тырнағын да сұғып алған-ды. Кездейсоқ шабуылдан мыс «батырың» ұшып түсті. Оңай олжа түгілі бас қайғы болған сұр «аңшы» сол сәтте-ақ тайып берді. Қарға болса, үлкен шаруа бітірніп, қанат-құйрығын таранып, осытөніректің батырындай пандана түсті.

ӨНЕРЛІ ҚАРҒА

Күн жауын-шашынды болатын. Тұла бойы малмандай су, үстібасы батпак, қозғалуға тіпті шамасы жоқ бір байғұс қарғаға тап болдым. Не істеу керек? Тастан кетсем, өледі. Сондықтан оны үйге алып келдім. Құс кораға әкеліп, күтімге алынған соң, жаны кіріп, есін жиды. Бойы үйренген соң, үйдегілердің қолынан нан, картоп, балық жейтін болды. Өз бетімен ыдыстан сусын ішеді. Бірақ қызыл әтеш әлек шығарды. Мекиендерін қорғаштап, қарғағақұн көрсетпеді. Сондықтан оны ашық аулаға жіберуге тұра келді. Ал мұндағы «көршілер» мысық пен ит еді. Екеуі де жуас. Олар қарғаны өз ортасыныңбір мүшесі ретінде қабылдап, ешқандай қыңыр мінез көрсетпеді.

Қарға «дарынды» болып шықты. Ол өзінің қоңыр даусымен мысықтың мияулаганың, иттің қыңсылағанын айнаңтай келтіретінді шығарды. Мұны қызықтаған ауыл балалары үйге жі келіп, қарғамен ойнайтын болды. Ал басқа қарғалар болса, оны жақын кіріп, іш тартқан емес. Қайта олардың мұны талап тастағысы келді. Бірақ оған балалар жол бермеді.

I

ҰЗАҚТАРДЫҢ ҮНТЫМАҒЫ

Көктем әбден күшіне енген кез. Жан-жануар біткен әдесттегі тіршілігіне кіріскең. Әсіреле, ұзақтарда дамыл жоқ. Болашақұрпағы үшін ұя жасап, әуре болып жүр. Бір мезет бәрі жиналып, құрделі мәселе шешетіндей-ақ топтаса қалыпты.

Кенет бірі қалмай ағаштан дүрліге көтерілді. Бірденеден қатты шошынды ма деп қалдық. Бірі келіп, бірі кетіп, сапырылысты да қалды. Бірі ұсақ бұтанаң тістегі әкеліп, екіншісіоны сымша орап, үшіншісі жұн-жұрқа тасып, бәрі енбск әуеніне берілді де кетті. Манағыдай жеке-жеке тіршілік емес, жабыла жұмылып, мақсатты бір істі тындырып жатыр. Әп-сәтте бірнеше ұя дайын болды да қалды.

-Баяғыда,-деді жанымдағы жолdasым мына көрініске сүйсініп кетіп,-шымнан ойып үй саларда немесе құдық қазарда бір малды сойып жіберіп, бүкіл ауылды көмекке асарға шақыруышы едік. Сөйтіп, көтеп комектесіп, бір шаруа тындырылатын. Мыналардікі де сол тәрізді екен. Неткен ғажап көрініс!

Ынтымақты, бірлескен еңбекке не жетсін. Құс та болса, түйсігі бар екен.

ҚАЗ АШУЫ...

Былай қарағанда қаздан жуас құс жоқ шығар деп ойлайсын. Бірақ олай емес. Қаз ашуына кездесе көрме. Әйтпесе...

Қандай құс болса да көткемде мінезі өзгеріп сала береді. Ерекше сайдайтыны да, дамыл таптай қара жұмысқа берілетіні де, қызығаныш білдіріп, жанжалдасуы да осы көткем тұсы. Әсіреле, ата қаз мүлде қаһарланып алды. Жанынан мал өтіп бара жатса да тұра ұмтылады. Талай бала ата қаздың қолына түсіп қалатын. Мұндай мінез балапан шығар кезде ерекше байқалады.

Бірде біздің қоңыр ала қаз көршіміздің ата қазымен айқаса кетті. Екеуі де ірі қаз. Ауланың шаңын шығарады. Бір-бірімен тұмсықтасып, қанаттарымен соққыласуда. Жұн жұлдынып, қауырсынушып кетіп жатыр. Қанаттарының топшылары қып-қызыл ала қан болды. Өлістей берісетін гүрлері жоқ. Оларды қолдаған басқа қаздар бүкіл төніректі данғаза қылды.

Біз шыдамай арашағатустік. Көршім қолындағы шыбығымен жасқап еді, болмады. Сосын қолымен ұстап, айыра бастады. Солақ екен, екеуі де бірден әлгіге тап берсін. Бірі алдынан, екіншісі артынан бүріп, қанаттарымен соққылап, есін шығарды. Оған көмекке мен бармағанда көршімнің не боларын кім білсін. «Қаз ашуын тырнадан алады» деуші еді халық, ал мыналардың ашуын көршімнен алғаны дұрыс болмады.

ҚАНАТТЫ КҮЗЕТІШ

Біздің үй мен бақшаның құзетшісі-кәдімгі жабайы қоңыр каз. Осыдан төрт ай бұрын енесінен айрылып, жапа шеккен балапанды өзен жағасынан тауып алып, үйіме алып келген едім. Қазір ол есейіп, ер жетті. Үйдегілерге үйренгенгендігі соншалық, оларсыз ешқайда аяғын аттап баспайды.

Қоңыр каз үй құзетуге әбден машықтанып алды. Жабайы құстар түгілі көрши-қолаңың жан-жануарларын үй маңына жуытпайды. Қатты ысқырып, қанаттарын қағып, айбат шегіп шақырылмаған конактарды манайллатпайды.

Қоңыр күз де келді. Құстардың жылы жаққа қайтатын шағы туды. Бірақ қолға үйренген қоңыр қаз жылы жаққа кетуді ойлаған да емес. Бар білетіні-үй күзету, иесіне қызмет ету.

КӨРІ ҚАЗ

Құс өсірушілер, әдетте, үй қазын қаншама асыл түкымді болса да, сегіз жылдан артық үстамайды. Соған қарамастан бір қазды әбден қартайғанша үстаямызға тура келді. Оған себеп, аяғын тәй-тәй басып жүрген баламыз қаздың біреуімен әбден достасып алған еді. Қимас дос болғаны соншалық, ол қазды сойып алудан бас тартты. Сөйтіп қаз жыл өткен сайын картая түсті. Енді баланың өзі де жігіт болды. Дала қосына жұмысқа кетерде оны әлгі қаз қаздандаш шығарыш салады. Жұмыстаң келерде-күтіп тұрып алдынан шығады.

Екі досты бір-бірінен айыру қиын болды. Бірін-бірі көргенше үздігіп тұрады. Қаз әбден қартайып, енді жүргуге де жарамайқалды. Оны бауыздап тастауға ешкімнің батылы бармады. Бір күні баланың үйде жоқтығын пайдаланып, үйдегілер кәрі қазды сығандарға беріп жіберді. Бұл жайды үйге келген сөң білген – баланың тамақ ішуге де зауқы сөкпай қойды. Ертеңіне жұмысқа кетерде де бірденесін жоғалтқандай көnlі өртайып тұрды.

ҚЫЗЫЛ ЭТЕШ

Бұл ауылдың маңында өзен, көл жәк. Сөндиктан қаз үйрек жоқтың қасы, ал тауықтарды өрбітіп жіберген. Қай үйге барсан да жиырма-отыз тауық жайыльп жүреді. Қай үйде болсан да жұмыртқадан жасалған тағам мол. Тұрлі түсті қауырсындар қыздардың тақиясына тағылды. Үлпілдек жастықтар тенделіп жүқаяқта жинальп тұрады. Құздікте тауық етінен жасалған бәліш мұрънды жарады. Әйтеүір, тауықтан да келер береке көп. Ал

Умітжанның қызыл әтешіне баға жетпейді. Көрші-қоланың әтештерін маңайға жолатпайтын әдептінен басқа, Умітжанды таңсөріден оятатын қоңыраулығы және бар. Оның үстінен әнеугі оқиға Умітжанның даңқыш бір шығарды.

Умітжан бір күні сиырын сауып алғып, еріске айдаған еді. Содан үйіне келсе, әлгі әтеші құрғыры құтырынып алышты. Әдетте қыт-қыттап мекиендерін жемге шақыруыш еді. Бұл жолы мекиендерін түре қуады да қыт-қытты қүшайте түседі. Жерді

шоқып, топырағын бұркыратып, қазығын айналған атша аласұрып, дөнгелене береді. Қанатын қаттыраққағып, қораздана түседі. Қызыл этештің мұндай мінезін бұрын-соңды байқамаған Үмітжан аң-тан. Неде болса оған жақындей түсті.

Сол-ак екен, көршінің көк әтеші киліге кетті. Ол да көпке дейін берілмейтін көкайыл. Үмітжанның қызылы қоysын ба, оны әпсәтте қан-жоса етті. Сейтті де ұшқан бойы жанағы жерге барып, әлті әніне қайта басты. Үмітжан жетіп барып еді қызыләтеш мұның өзіне бас салды. Топырак арасында бірденелердің жылтжылт еткенін енді байқады. Еңкейіп қараса, жылтыр тенгелер екен. Қолымен тырмалап көріп еді, құмыра ілікті. Жұлдып алғанда ауыр болып шықты. Іші толған тенгелік ақша. Тап-таза сары алтынның өзі. Ертеден қалған көз. Қызыләтештің тұмсығына іліккен осы мол қазына екен. Ол болмағанда, оның бұл жерде қанша жатарын кім білсін. Қалай болғанмен де Үмітжанның қызыләтеші осы оқиғадан кейін Алтынәтеш аталып кетті.

ТОТЫНЫ ЖҰТҚАН ЖЫЛАН.

Бұл заманда әлемді түгел аралап шығам деген адамға жол ашық. Бұрын иек астындағы Бурабайды немесе Баянауылды көрмеген жұрт енді Африканың да топырағын басып жур. Сондай бір сапарымызда талайды көріп, нешеме әңгімені естігенбіз. Барған жерімде жол бастаушының бір әңгімесі жадымда қалыпты.

Африкалықтар қолына түскенін базарлайды. Барымен базар деген сол. Кіп-кішкентай негр қызы да әкесінің айтуымен көптен қолға үйреткен тоты құсын амалсыз базарға апара жатады. Тоты болғанда қандай. Тұрлі-тұсті қауырсыны көз тартып, жұтынып тұр. «Тамақ ішемін», «Ән саламын» деп сайрағанда таң қаласың. «Таң атты, тұр!»-деп иесін оятады екен. Әлті қыз тотының осындағы қылықтарын есіне түсіргенде жүрісі өнбейді. Сейте-сейте биік ағаштың жанына қалай барып қалғанын да байқамай қалады. Қолындағы кіп-кішкентай, шағын торды басынан асыра көтеріп келе жатады. Әлден уақытта ысылдаған жыланның даусы естіледі. Жалт қараса, ағаштың жуан бұтағында керемет ірі жылан тұр. Одан шошыған қыз қолындағы торды ішіндегі тотысымен қоса тастай сала зыта жөнеледі. Сол бетімен

үйінен бір-ақ шығады. Болған жайды әкесіне егжей-тегжейлі айтып береді.

Әкесі машинасына отыра салып, оқиға болғанжерге барады. Барса, жылан баяу жорғалап барады екен. Қызу қандылықпен барған бетте оны машинамен басып өтеді. Енді қызытастап кеткен тотыны іздесе, көрінбейді, жоқ. Ол ойланbastan бұылтықтанып жаткан жыланның қарнын жарып жібереді. Сонда ішінен жаңағы қызы тастай қашқан тор шыға келеді. Қыздың әкесінің таңданғандығы соншалық, тордың ішіндегі тоты тірі жатады. Тотыны олай-бұлайқозғал көрсе, баяғы қалпы, ештеңе болмағандай. «Тамақ ішемін», - деп сайрап отыр. Жыланның нені болса да жұта алатының неніболса даждұта алатынынбілетін ол оғантанданған жоқ. Бірақ тотының жылан ішінен тірі шыққанын көзімен көрсе де басын шайқап, таңдана береді. Біз де жол бастаушының бұл әнгімесіне сенерімізді де, сенбесімізді де бітmedіk.

«БАЛЫҚШЫ» САУЫСҚАН

Анда-санда балық аулауға баратынбыз. Бірде айдынды жағалай жүріп, бірнеше қармақ салған едік. Кенет ең бірінші тастаған қармақтың қалтқысы сұнгіп кеткенін байқап қалдым. Жемін қадап, бірақ тастауға үлгірмеген қармағымды тасті салып тұра жігрдім. Өйткені ірі балық құрықты да сүйретіпекетуі мүмкін гой.

Ал осының бәрін жақын жердегі талға қонақтағансауысқанбақылап отырган екен. Осы сәтті пайдаланып, ол жаңағы жемтігін, дайындал қойған қармағымды бас салып, жұтып жібереді. Сөйтіп өзінің жаңағы орнына қарай ұша жөнеледі. Әуелде қалыктап, әдемі ұшып бара жатқан. Әлден уақытта алдынан бір төсқауыл кездескендей кіlt кідрді де артынша жалт етіп, талдың түбіне құлай кетті.

Қолыма іліккен табан балыққа мәз болып, бұған онша мән бермеген едім. Бірақ қармағымның сүйретіліп жатқанын көргенде таң қалдым. Жақындал барсам, байғұс сауыскан әлсіреп жатыр. Қармақ жұтқан құс онушы ма еді. Дереу оны құтқару қажет болды. Қармақты зорға шығарып алдым. Біраз жатып, есін жиган «балықшы» сауысқан талдың бұтағына барып қонды. Маған рахмет айтқандай, жан-жағына қарап, шықылықтап қояды.

ҚИМАСТЫҚ

Үйдің жанында жалғыз кәрі терек өсіп тұратын. Соған екі ләйлек үйір болып, ұя салатын. Жас ұрпағын қанаттандырып, болғансон жылы жаққа кете баратын. Осылайша олар бірнеше ұрпақ өрбітті.

Бір жылы үй иесі әлгі теректің тамыры шіріп, құлауға айналған соң, кесіп тастайды. Ләйлектер жұбымен көктемде тағыда келеді. Келсе, терек орнында жоқ. Олар үйді, ауылды құнімен төніркептеп, әрлі-берлі ұшып жүреді де көзден ғайып болады. Үй иесі бұған қатты налиды. «Теректі бекер-ак кескен екенмін!» деген уайымдайды. Бірақ келесі құні өз көзіне өзі сенбейді. Кешегі қос ләйлек электр бағанының ен ұшар басына ұя сала бастапты. Ескі жұртты қимай, баған болса да ұя салып, тағы бір ұрпағын қанаттандырып қайтты олар. Құс екеш құс та өсіп-өнген, ұрпақ өрбіткен туған жерін қимағаны ғой.

РАЙЫНАН ҚАЙТПАДЫ

Қайдан пайда болғанын кім білсін, қаланың нағыз жүріс-тұрысы көвшулы жерінде орман кептері келгіштей берді. Ол ол ма, кептер тілті троллейбус желісінің түйіскен сымына ұя салып алды. Оған көшениң шулы да, сымның тербелуі де, әлекірдің жарқылдаған ұшқыны да, жел де, жауын-шашын да кедергі болмады. Жабайы кептер үшін бұл дегенің кәдүілгі табиғи құбылыс іспеттес.

Кезекті байқау кезінде жол қараушы қызметшілер ұяны бұзып тастаған еді. Бірақ бір апта өтісімен ұя қайтадан пайда болды. Бұл жолы ұяға ешкім тиіскен жоқ. Көп ұзамай шүпірлеген балапандардың да шықылығы естілді. Бірбеткей жабайы кептер осылайша өз дегеніне жетті. Ұрпақ үшін олар алған бетінен қактпады.

ҚАМҚОР ЛӘЙЛЕК

Жайма шуақ құн болатын. Жер де, көк те жап-жасыл. Көк шалғынғашалғы салып жүрген едім. Жасыл шөптің атжалдары артта қалып жатты. Кенет дәл алдынан ұшқан құсқа көзім түсті. Аппақ ләйлек мізбақпастан қозғалмай тұр. Қорықпайды да қашпайды. Жанына жетіп барсам, аяғының астында қоянныңжана тұған көжектері қыбырлап жатыр екен. Тегі, қоян «батырың» адамды көрген соң, су жүректігіне басып, зытып отырса керек. Ал

ләйлек болса, дәрменсіз көжектерге пана болып, басын бәйгеге тіксе керек. Қамқор ләйлектің бүл қылығына риза болған мен көжектерді қауіпсіз жерге апарып таstadtым... Жасыл орақ қайта жалғасты. Қамқор ләйлек көнілі орныққандай аспанға женіл көтеріліп, калықтап кете барды.

ТАПҚЫР ҚАСҚАЛДАҚТАР

Ақ айданда қасқалдақтар қалып жүр. Денесі шағын болғанымен жауыннан тайсалмайтын айбатты құстың бірі. Су жапырағының гүлін теріп, кездескен жәндіктеріне кенеліп жүрген қасқалдақтар абыр-сабыр болды дақалды. Сөйтсе өзен жағалауына ақ ителгі келіп қонған екен. Әлгіндей болмай қасқалдақтар үлкен бір шабуылға әзірленгендей, айданың дәл ортасына топ құрып, жиналып алды. Ителгі ширақ қымылдан, аспанға тік көтеріліп алып, қас - қағым сәтте төмен құлдилады. Сол сәтте қасқалдақтар шалқасынан жата қалып, аяқтарымен суды жоғары қарай фонтанша атты. Ителгі нысанасына түсе алмай қайта көтерілді. Ол екінші рет шабуылдан еді, тағы да әлгіндей тойтарыс алды. Ештеңе тындыра алмаған ителгі беті ауған жаққа тайыптырды. Тапқыр қасқалдақтар жауынан осылайша қорғанған еді.

ТЕНТЕК ТЕЗГЕ САЛЫНДЫ

Жып-жылы үяда сұқсыр үйректің шүпірлеген балапандары қыбыр-қыбыр етеді. Олардың исі мұрнын қытықтаған ку түлкіұға еппен жақындаған берген. Енді бір аттаса, балапандар өнешінен өткелі тұр. Ол енді бір аттай бергенде күтпеген қатты соққы есінен тандырды. Ересек сұқсыр ұшып келген бетте бар екпінімен түлкінің бір бүйірінен соғып өтті. Кімнен соққы алғанын түсінбеген және күтпеген шабуылдан есі ауған түлкі тұра қашты. «Жығылған үстіне жұдышық» дегендей, сұқсыр үйрекке көмекке келіп жеткен ұзын мойын тырналар да жабыла кетсін. Шабуылдаушылардың кім екенін түлкі сонда ғана анғарды. Мұндай шабуылды бұрын-соңды көрмеген түлкі енді айлаға көшейін деді. Ол құстар аспанға қайтып көтерілгенде, жан-дәрмен деп қаша жөнелді. Ал олар шабуылға көшкен кезде шалқасынан жата қалып, аяқтарын ербендетіп, қорғаныска көшті. Құстардың жұмыла кіріскең шабуылынан түлкі өзінің айлакерлігімен зорға

дегенде құтылды. Осылайша оңай олжаға батқысы келген күтілкіні біраз жерге куып тастаған үйрек пен тырналардың әрқайсысы өз жөндеріне кетті. Тезге салынған тентек енді қайтыпбұл маңайға жоламайтын болар.

ҮКІГЕ ҮКІМ ЖОҚ

Бұл далада не көп, құс пен аң көп. Кейде ауыл қотанынан көрініп қалатындары да бар. Осы маңайда Қызылкемерден басқа ауылда көшे бойы, әр үй сайын жайқалып тұрған ағаш баршылық. Әсіресе, мектептің маңайы зәулім ағаш көгал. Сол себептен бе, әйтеуір осы ауылға қарға мен ұзактар, торғайлар мен ұзактар, кегершіндер қаптап кеткен.

Бүгін жүрртты таңдандырғаны ауылды төніректеп жүрген ірі құс болды. Осы жаңа ғана ағаштың басындағы сыңсыған ұзак пен қарғаның арасына сұңғіп кетіп еді, біреуін тырнағына іліктіріп, жөнеп берді.

-Әй,-деді біреуі мына жайды көрген сәтте,-таңертен де осы құсты көріп едім.

-Осы,-ауылдағы,-ауылдағы кегершіндер мен торғайлардың азайып бара жатуының себебі де осыдан болып жүрмесін?

-Оған таңдануға болмайды,- деді Мырзабай ақсақал төтеден килігіп,-мына құсты таныдындар ма, түге?

-Жоқ, онша танымай тұрмыз. Жапалақ емес пе екен?-десті тұрғандар.

-Танымасандар, айтайын, бұл -үкі. Орман мен даланың кожасы. Бұл жалғыз емес, тегі. Екеу-үшеуінің келгіштеп жүргенін екі жылдан бері байқап жүрмін. Жаңағы торғайлар мен кегершіндердің азайғанынан секем алғандардың жөні шындыққа саяды. Бұлардың обалына қарап жатқан кім бар, табиғат та қатаң болып алды ғой. Тамақ іздеп, ауылға келмегендекайда барады. Ойландаршы өздерін. Енді, міне, қарғағатырнақ салғанын көрдіндер ғой.

-Көрдік.

-Көрсөндер сол

-Е, келе берсін, кегершін мен торғай таусылып қалар деймісін. Өзі де тамаша құс екен, шіркін!

-Дене бітімі, қанаты қандай!

-Өзі де, аты да әсем емес пе! Үкі десе үкі! Үкіге үкім болмас.
Тиіспейік, жүре берсін.
Ауылдастар осы токтамға келді.

I

III ТАРАУ

**ЖЫЛАН АРБАСА,
ШОРТАН ШАЛМАСА**

АРБАСУ

Балығы шоршып, құсы ұшып-қонып жатқан өзеннің тірлігі өз алдына. Оның жағасында қанша тұрсан да қызығына бір тоймайсын, қалжырамайсың. Мазанды алар сонасы мен сары масасын да елемеуге барсың. Ал жаңа ғана өзің жалға түсірген көк шөптің іісі қандай! Мың түрлі жұпарды әкеліп төге салғандай. Ая жетпегендей жұта бергің келеді. Ал шала кепкен шөптің іісіне мұлде тәймайсын. Осының беріне мас болғандай әрі қақ төбегешігіп алған күн тасырайып әкетіп бара жатқан сөң, өзіміз қалқайтып жасаған құркенің астынан пана іздедік. Шалғыны, айырды құркенің сыртына сүйей салып, ішке енген мен тіпті рахаттандым. Өйткені төніректегі бар салқын самал өсінің ішіне жиналған еken. Жаңағы жұпар иіс те құрке ішін жайлап алған. Не керек, ыстық соғып келген адамға кішігірімжұмақ падерсін. Тынысын кенейіп, бойын балбырап жүре береді.

Жігіттер де осында келіп дамылдады. Әңгіме дүкені ашылды. Солардың әңгімесіне құлақ түріп жатып, көзім ілігіп кетіпти. Тегі, табиғаттың сыйына маужыран кеткен болуым керек. Әлден уақытта құлағыма ысылдаған әлсіз дыбыс жетті. Көзімді ашып, жан-жағыма қаранып едім, ештеңе көрінбеді. Тек құркенің босағасында Есіркептің алатөбеті жатыр. Үйқысырап қайта қалғыдым.

Бірақ ысылдаған дыбыс еселене түскен сияқты. Үйқым ашылып кетті де төбетке көзім түсті. Ала тебет басын көтерген калпы катып қалған. Бұрылуға шамасы жоқ, дәрменсіз бірдене. Бұған не болды еken деп жітілеу қарасам, дәл алдында құйрығынан тік шаншылып қап-қара жылан тұр. Мәс саған, бұл қайдан шықты?!

Жыланның түсі суық. Тілін жылтың-жылтың еткізеді. Ықсырығы манағыдай емес, күшейе түсті. Денем мұздап қоя берсін, Тілім құрмеліп, ләм-мим деуге шамам жоқ. Даусым шықпайды, еркімнен айрылдым. Менің жайым мынадай болғанда, сорлы төбеттің халі қандай десенші.

Бір мезгілде бойымды жинап, бас жағымда, құркенің сыртында даотырған жігіттерді шынтағыңмен тұрттім.

-Саған не болды, ей?-деді біреуі аргы жатқан. Менде үн жоқ. Тағы тұрттім.

-Әй, саған не болған, не керек өзіңе?-деді екіншісі. Менде әлі үн жоқ. Біреуі мұнысы несі, қарайықшы деп, құркенің алдына қарай ойқастап жүрді. Қараса, жаңағы көрініс. Мұның да түсі бұзылып,

лезде кері бұрылды да жолдастарына айтты. Жылан естіп коярдай-ақ ол да сыйырлан айтып жатыр. Жыланның талайымен «ісі» болған Жұмабай орнынан атып тұрып, қолына жуан бұтакты алып, жыланға мысықша жақынады. «Қане, өзі?!~ деп жеткірініп, жетеліп қойды. Сөйтсек, мұның мәнісі бар еken. Егер ол жылан жақтан шықса, онда жылан еріксіз аландап, арбауынан жаңылады да төбет күш алып кетеді. Егер төбет жақтан шықса, онда жыланның женуі сөзсіз. Мұны Жұмабай үлкендерден көп естіген. Жыланды қолындағы бұтакпен де сұлата салуға болар еді, бірақ ол ондайға бармады. Сондықтан ол жылан жақтан шықты. Сол кезде жылан басын Жұмабайға бұрды да жерге сылқ ете түсті.

Сол-ақ еken, ала төбет орнынан қыңыслай тұрып, айдалаға қаша жөнелді. Төніректі басына көтеріп, өзін біреу ұрып жібергендей қыңыслап барады. Байғұс табеттің жыланның айбарынан женіліп, арбауына беріліп, біткен жері осы еken ғой.

Жылан болса, күркенің іргесін ала өзенге қарай басын қайқаң-қайқаң еткізіп, бауырымен жорғалай жөнелді. Мұның бәрі қас қағым сәтте бөлгөн жай. Ал мен бөлсам, сүзектен тұрғандай өнім бозарып, күркеден шыға келсем керек. Жігіттер мені де, төбетті де не аярын, не құлерін білмей тұрып қалды. Содан былай ала төбет күркеге мулде жөламай қойды.

ТАМАҚСАУ

Біздің ауылда тілімен де, тұрмыс құйімен де қазақ болып кеткен неміс жігіті бар. Егер алда-жалда кезігіп қалып, жөн сұрассаңыз, өзінізге қарсы сұрап қойып, дүрсе қоя береді. «Ер жігіттің үш жұрты бар екендігі анық болса,-дейді ол,-өз жұртым-орыс, нағашы жұртым-неміс, қайын жұртым башқұрт, құдаларым-қазақ. Орыс, неміс, башқұрт, казақ тілдерінде еркін сөйлеймін. Сонда мен кіммін?» Ал осыған жауап беріп көрініз. Сол жігіт саятшы, балықшы адам. Аты Владимир.

Бірде ол тағы да балық аулауға шықты. Өзеннің жағасына шатыр тігіп қойды. Төніректегі хайуанаттарды, құстарды, жалпы табиғат көріністерін фотосуретке түсіріп алатын әдет бар. Бұл жолы да құралақан емес. Солардың ішіндегі оған ұнағаны сұр жылан болды. Әлгі сұр жылан мұны маңайладап, төніректеп кетпей қояды. Ауға түскен ұсақ балықты жұтып жібереді де жайына

кетеді. Ал Владимир болса, жыланнан қорықпайтын пәлекет. Жыланды қолына ұстап жургенін талай көргенбіз.

Мына сүр жыланды да бойына үйретті. Бірде жылан келмей тұрып, ол балықтарды әдейі жинап алғып қойды. Өдettегідей жұтқыншағына ештеңе түспеген жылан ашу шақырғандай жиырылып, өзінше ысқырып, әлекке түсті. Сол кезде бір кішкене шабақ балықты жағалауға тастай салды, Жылан әуелі екінші жаққа ыршып түсті де өзіне өзі келіп, балықты жұтып жіберді. Бұл әдіске жылан да, балықшы да әбден үйренди. Балық аулауғашықкан сайын сүр жылан алдынан шығып тұрды. Қолға үйренген, асыранды жылан ба дерсін.

Бір күні оған жем беруді Владимир ұмытып кетіпті. Сонда құркеде тамақ ішіп отырған үйреншікті балықшыға жыланның өзі келеді. Ол басын жоғары қақшита көтеріп, тамақ сұрағандай қалып көрсетеді. Владимир жүгіріп барып, бір шабақты әкеп, тастай салады. Енді жылан уәделесіп қойғандай түскі ас мезетінде кешікпей мезгілінде келіп тұратын болып алды. Ол ол ма, жылан тіпі құркениң жанындағы ағаштың түбіне жайғасып, көрші орналасты. Оның адамға үренгендігі сопшалық, жорғалап, сонынан еріп жүретінді де шығарды. Тамақсая сүр жыланды енді басып кетпесем болғаны деп, қауіптенеді Владимир.

Владимирдің Нияз атты ұшқыш өзбек досы болады. Міне, сол мынадай оқиғаны айтып береді. Бірде ол планермен аспанға көтеріледі. Күн ашық. Биіктікті көрсететін белгіге қараса, сегіз жұз метрге көтерілген екен. Сол кезде сұп-суық бірдене аяғын жанаң өткендей болады. Аяқ астына қараса, әрегіректе тіп-тік шанышылған күйі улы жылан тұрады. Шабуыл жасайтын түрі бар. Нияз ойлануға да шамасы келмей, қолына түсken күртесімен жайқап қалады. Жылан жасқанып, кейін жылжиды. Осылайша жыланмен арбасқан қалпы жерге қонады. Жылан кабинаның бұрышына жайғасып алыпты. Мұны көрген ұшқыштар таңданысып, оның кабинада қайдан пайда болғанын білмей қояды. Бәрі жабылып, улы жыланды амалын тауып, құмды дағаға қоя берді. «Ұшқыш жылан ирелендер», өзжөніне кете барды.

Жер сілкінісінен кейін шамалы бұлінген үйдің тәбесінде жарықшақ пайда болып, одан бір кішкентай кесіртке кіріп-шығып журді. Бұл өзі керемет епті әрі шапшаш жәндік. Үйдің қабырғасы мен тәбесінде жорғалап журеді. Оған тиіспей, сыртынан бақылайтын болдық. Ол электр шамына жақын жайғасып алып, жарыққа ұшып келген шыбын-шіркейлерді, ине тұмсық сары масаны ұстап қоректенеді. Тырбандалап, жорғалап, үйдегі балаларға да ермек болды.

Әрине, жем-азық оған әрдайым онайға түсе бермейді. Шіркейлер кейде оған ұстаптай кетеді. Соны байқаған балалар масаны ұстап алады да сабанның басына шаншып, кесірткеге жақыннатады. Ол шап етіп масаны жеп алады да қабырғаның жарықшағына кіріп кетеді. Содан көпке дейін шықпай қояды. Келесі күні балалар осы әдісті тағы қайталады. Сөйтіп ол күндеңі әдетке айналады.

Кесіртке енді балалар ыскырып қалғанда шығатын болды. Тіпті шамның жаңына келіп, қорек сұрағандай тұрып алатынды шығарды. Осылайша қолға үйренген жәндік бір айдан астам уақыт бірге тұрып жатты. Бірақ тағы бір жер сілкінісінен кейін оны көре алмай қойдық. Табиғат апатының құрбаны болды ма байғұс, кім білсін.

КАПОТТАҒЫ ЖЫЛАН

Торғайдың құмдауыт даласында жылан көп кездеседі. Улы жылан, сұр жылан, су жылан - әйтеүр толып жатыр. Бір күні «Жигулимен» ақырын келе жатқанымызда жолдан кесеколденен өтіп бара жатқан сұр жыланға кез болдық. Басып кету-обал.

Тежегішті басып қалып, тоқтадық та шамалы уақыттан соң, жылан жайымен өтіп кеткен болар деп, ілгері жылжыдық.

Ойымызда ештеңе жоқ. Кешке қарай машинаны үйдің жаңына қойып, двигателін көрейік деп, капотын аштық. Сол кезде өз көзімізге өзіміз сенбедік. Конденсатордың қақпағында қаннен-каперсіз оратылып жылан жатыр. Мана жолда көрген жыланымыздың дәл өзі. Біз сәл төқтағанда машинаға оратылып үлгерген болып шықты. Бірақ двигательдің ішіне қай уақытта, қалай өткенін түсіне алмадық.

ЕСІЛДЕ

Есіл өзенін жағалай келе жатқанмын. Көктен тілегенді жерден бергендей күн ашық әрі аса ыстық болмайтын. Өзенді бойлай өскен тал арасынан сауыскандардың шықылықтаған даусы естіледі. Пыс-пыстаған, шырылдаپ әнге басқан шегірткелер жаз қызығына берілген. Мұндай күнде қармақ салудан қызық нәрсе жоқ. Менің қолымда да бірнеше қармақ бар еді.

Есілден тәтті балық жегін келсе, қолына қара балық немесе көкжан түсір. Ал енді қызық көргін келсе шөртан, шөрағай аула. Дәл бүгінгідей тымық күні көкжан аулағаннан қызығы жоқ.

Көкжан-ірі ақбалық, көзі мен жоны көкшіл болып келеді. Бір қызығы, дәл осындаі күндері көкжан өзен жағалап, қалың балдырыдың, атқұлақ жапырақтың түсінда тобымен тапжылмастан жусап тұрады. Ол қармаққа тек шегіртке түйресеңғана түседі. Ал суды шопылдатсан, немесе көленкен су бетіне жығылса-бітті, әлгі көкжан тобымен зытып отырады.

Күн тас тәбеге көтерілгенде көкжанның қызығына беріліп отырғанымда ғажап ірі балықтың жон арқасын байқап қалдым.

Жон арқасының ұзындығы кішігірім қайыққа жете қабыл екені анық. Күдірейген қап-қара жотасын киттікі ме деп қаласын. Қорыққанға кос көрінгенде су ішіндегі балық та әлденеше зорайып көрінетіні анық. Бірақ мынау тым кесек. Әйтпесе Есілге кит қайдан келсін?! Екі көзім шарамнан шығып, көкжан жайына қалды. Балық сонынан ілесіп, жонынан көз алмаған күйі мен де біраз жерге барып қалыптын. Сол сэтте ойыма нағашым орала кетті. Нағашым - осы төніректегі әйгілі аңшы әрі балықшы еді. Ауылға төтесінен тұра жүгірдім. Әйткені оның дәл бүгін үйде екенін билетінмін.

- Қой-ей, түймедейді түйедей етіп айтатын аңшылардың әдеті. Кішкене шегінсенші,-дейді көзі жайнай түскең нағашым салған жерден.

- Тіпті де шегінбеймін,-деп қасарыстым меп.

- Жарайды, көрейік, ендеше. Үйдің тәбесіндеңі ескекті алышптыс. Мен ауларды алыпшығайын,-деді ол.

Мен сатымен тәбеге заматта көтерілдім. Ескекті қолыма ала бере, бұл кісінің ауларды алғаны несі деп таңданым. Аудың тар көзіне мен көрген шортан болса, оның құйрығы да сыймайды гой деймін ішімнен. Тәбеден түссем, нағашым бірнеше құрыққа

байлаған бірнеше ірі-ірі шортан кармақтарды да ала шықкан екен. Сонда ғана көнілім орнына түсті. Жаңағы жер ауылдан бір шақырымнан қашық емес. Нагашым ауыл тұсынан қайығымен шықты да мен жағалаумен кармақтарды алып, жедел тарттый. Нагашым әлгі жерге келе сала әпсәтте екі-үш ауды айнала құрып тастады. Жедекабыл қимылдап жүр. Тағы бірін құрып жатқанда алғашқы аудың қалтқысы тулай жөнелді. Қайықпен жетіп барса, дес бергенде, ауға түскен ірі ақ шабақ екен. Оны қолма-қол қармаққа қантарып, «қармағымды қап, балық!»-деп, қамыстың бауырындағы айдынға тастай салды. Ауды неге алып шыққанын сонда ғана түсіндім. Осылайша үш ау құрылып, үш қармақ тасталды. Қантарылған ақ шабақтар жалт-жүлт етіп ойнап тұр.

Жағалаудатыпрышып, елегізіп мен жүрмін. Нагашымның суданшығуға асығатын түрі жоқ. Сөйткенше болмады, бірдене бір қармақты ала қашты. «Түсті, түсті!» Әкетті!»-деп айқайға бастым. Расында, құрықты тулақтай тулатып, шортан ерсілі-қарсылы сүйреп жүр. Ұсақ-түйек шортан болса, бүйтпес еді. Жаңағы өзім көрген «батырдың» өзі іліккен секілді. Нагашымның құрыққа қолы тиісімен, екінші қолындағы ескекпен қайықты жағағақарай ести. Шортанның күштілігі сондай, тіпті қайықты да сүйреп кетердей. Бірақ жаратылысынан әлді нағашым қойсын ба, құрықтың сабын маған іліктірді де: «Тарт!».-деді. Мен шамам келгенше жағаға қарай тартамын, болар емес. Енді нағашым әдіске көшіп, шортанға жанамалай беріп, ескекпен салып жіберді. Қатты соққы әлсіретіп жіберсе керек, манағыдай емес, тартқаныма көнді. Екеулеп жағаға сүйреп шығардық.

- Осы ма?-деді нағашым.
- Жоқ,-дедім мен. Көрген шортаным тым ірі еді, мынау да осал емес екен. Құмдауыт жерді құйрығымен соғып, тулап жатыр.
- Кой, осы шығар. Қорыққанға қос көрінеді дегендей, дәу болып елестеген шығар,-деп нағашым болмады. Шортанның кескініне дән риза. Сөйткенше болған жоқ. Екінші құрық және кетті. Манағыдай емес. Құрықтың басы қалтан-құлтаң етіп, жерден бір-ақ көрінеді.

Күн қызырып батқалытұр. Айнала алтын түске боялған. Онықызықтауға уақыт жоқ. Нагашым қайығына қайта мінді. Енді ол құрыққа бірден жармаспай, өзеннің терең тұнғыбы жағынашып, шортанды үркітуге кірісті. Сөйте-сөйте өзенің

кайранына әкелді. Сонын барып құрықтан ұстай алып, жағаға жақындасты. Құрық менің қолыма тиді. Ол алғашқы әдісін тағы да қолданды. Бір емес, бірнеше рет ескекпен салып жіберді. Бірақ бұл жолы ескек жетесінен үзіліп түсті. Шортанды екеулеп жағаға сүйреп шығардық. -Осы ма?- деді нағашым.

- Осы! - дедім мен сүйсініп. Күні бойғы енбегім жанған сияқты,

- Болса болар,-деп нағашым да маңдай сүртіп жатыр.-Осы жасқа жеткенше бұдан ірі шортанды көргенім жоқ. Бәсе, бұл тұста ұсақ балық неге жоғалып кетті десем,шортан, шорағайлар қаптап кеткен екен ғой. Енді балық көбейетін болады.

Расында, «әүп» деп иығынан асырғанда әлгі шортанның құйрығы жерге жетер-жетпес болып тұрды. Салмағы даденесіне сай болса керек. Алғашқы шортанды мен де иығыма салып едім, біраз жүк болды. Екеуміз ауыл қотанына қас қарада енгенімізде, көп адам үйге дейін сонымызға еріп келді.

БІР ҚАРМАҚТА ЕКІ ШОРТАН

Шортан қармағым бар тын. Соны алып, өзенге бардым. Күн бетін шөкім бұлт қөлегейлей берді. Сары маса шыдатпай буып барады. Шабак қармаққа құрт түйреп тастағаным едәуір болды. Ешқандай балық қабар емес. Бір мезгілде алабұға ілікті-ау, әйтеуір. Оны қамысқа өткізіп, суға қантарып қойдым,

Тулай алмай жұлқа тартып қойып,жусап тұра берді. Ал шабакілікпей діңкемді құртты Шортанға керегі шабак қой. Шыдам да таусыла бастағандай. Ақыры бүйірғаны осы шығар деп,күн кешкіріп кеткен соң,кармаққа алабұғаны түйреуге тұра келді. Солай еттім де қармақты қамыстың ығына таstadtым. Ала бұға ойнап қала берді. Бір қасиеті алабұға көпке шыдайды, өлмейді. Өлсе де денесі езіліп, бұлінбейді.

Сол күнгі түн тымықтау еді, бірақ таң ата қатты жел тұрып, дауыл басталып кетті. Судың маңайына жуыйтын күн емес. Осылайша екі-үш күн өтті. Күн ашылысымен баяғы қармағыма келдім. Су бетіндегі ескі қамыстар жапырылып қалыпты. Қамыстап жасаған қалтқым көрінбейді. Әйтеуір құрығы жатыр екен. Қармағымның бауы дауылдың күшімен қамысқа, қалқан құлак жапырактарға оратылып қалған. Қайықпен жақындалап келсем, шортан түсіп тұр екен. Кәдімгі шорағай шортан. Жақындалап баруым мұн екен, ол бұлқынып кеп қалды, Аузындағы

алабұға шыға келді де шорағайым кете барды. «Қап, айрылдым-ау», - дедім ішімнен. Бірақширатылған бауымен құрығымды тартқанда екінші шортан көрінді. Қармақ аузында, ал өзінде жан жоқ. Таң қалдым. Сөйтсе, қармаққа әуелі түскен осы шортан еken. Ал ұзак тынбай соққан дауылдың толқынымен алабұға аузынан шығыпкеткен ғой. Жаңағы шорағайдың қармақтың бауырындағы алабұғаны енді ғана қапқан түрі еken. Іліктір қармағы жоқ болған соң, алабұға сусып қала береді де шорағай кете барды. Сөйтіп бір қармаққа еki шортаның түскенін де көрдік.

ҚАЙСЫМЫЗ ҰСТАДЫҚ?

Шортан ауламағалы көп уақыт өткен. Аңсарым ауып, өзенге тарттым. Баяғы Есіл өзені ғой. Күн де шағыл, ойлағанымдай-ақ еken. Қолыма түскені кішкентай ғана шабак. Барыммен базарлап, соны қаңтарып, қармақ тастадым.

Едәуір отыруға тұра келді. Бір мезгілде қармақты жұлқи жөнелді. Тартакойдым, салмақты көрінді. «Өп, бәрекелді! Шортаның өзі еken», - деп ойладым. Ұстаған балығым жақындағанда құстың қанаты сияқты бірдене көзіме түсті. Шындығында, солай еken. Әуелі судан алабұғаның басы көрінді. Ал алабұғаны сұнгуір үйрек тістеп алыпты. Мені көре сала үйрек тістеген жемін қоя беріп, қайта сұнғи жөнелді. Сөйтсем жаңа ғана қармаққа түскен алабұғаны ұстай алған еken әлгі үйрек. Олжаны өзінше бөлісіп, суға тастайын деп едім, бірақ сұнгуір үйрек қайтып көзге түспей қойды.

МҰРТТЫ ЖАЙЫН

Бірде қаладан келген досым қолқалап болмаған соң, Есіл өзенікайдастың деп тартып отырдық. Бұрын талай ақ балықты шоршытып жүрген жайлы орынға жайғастық. Бірақ болмайын десе, болмайды еken. Күнімен отырып, соқыр балық та қолға ілікпеді.

-Қой, болмады ғой, қайтайық. Үйдегі куырылған балықтан артығы жоқ шығар, - дедім мен. Сөйтіп қармақтарды жинап алуға енді ұмтыла бергенім сол еді, еki қалтқы бірдей судың астына сұнгіп кеп кетті. Қолма-қол құрыққа жармасып едім, жойқын күш өзімді жұлып әкете жаздады.

Досыммен екеулеп зорға тартып шығардық қармақты. Сізге өтірік, маған шын: қармақты қалқан дәу жайын екен! Мұндайалып балықты бұрын көрмеген біз ан-танбыз.

Алып балықты екеулеп үйге зорға жеткіздік. Үйге келген соң, қызық көріп, салып көрдік. Таразы тілі 29 килограмм 300 грамды көрсетті. Ал керек болса! Қазақ біреуді кемсіткенді «жайынның жалпақтығындей» деп жатушы еді. Мынаның жалпақтығы да, ұзындығы да керемет. Мұртты жайынға, таңданбаған жан жок. Біз оның басын әдейі кептіріп, әлі күнге сақтап жүрміз.

ҚОМАҒАЙЛЫҚТЫҢ САЛДАРЫ

Біздің байқауымызша, шортан-қомағай, тойымдылықтың не екенін білмейтін, аузына не түссе, соны жейтін тойымсыз балық. Кейде осы мінезінен көресіні көретіні де бар.

Бірде шортандар, олардан ұсақтау шорағайлар тып-тымық өзеннен бөлініп қалған қара суды мекендейді. Өйткені мұнда ұсақ балық дегенініз қалтап жүретін. Қомағай шортандарға керегі де осы. Бірақ су да тез тартылып бара жатты. Ұсақ балықтар да таусыла бастады.

Шыжыған күннен тартылған судың терендігі тізеден төмен, Азық таусылған. Байқаймын, қомағай балық не істерін білмейді. Не болса, соған ауыз салады. Әбден болмаған соң, тіпті бірін-бірі қуа бастайды. Сондай бір сәтте екі шортан бір-біріне кездесіп қалып, азу салысты. Міне, қызық! Бірінің астынғы жақ сүйегі екіншісінің аузына ілікті. Ал екіншісінің үстінгі жақ сүйегі біріншісінің аузына ілігіп, екеуі шайнасты да қалды. Бірін-бірі жұлқып, сіресіп қалған. Тек тұрып-тұрып барып қатты бұлқынысады. Бірін-бірі әкете алмай бір орында шыр көбелек айнала береді. Біраз қызықтап қарап болған соң, екеуін де ағаштың айыр бұтағымен жағаға бір-ақ көтеріп таstadtык.

САЗАН САЗАЙЫН ТАРТҚЫЗДЫ

Балықшылардың өмірінде түрлі оқиғалар бола береді. Бірде балықшылар тұзды қөлден сазан аулап жүрген-ді. Бір мезгілде көлдің дәл ортасында қарандаған бірдене суға бір батып, бір шығып жүрді. «Бұл не болды екен?»-деседі бәрі. Балықшылар бір кезде бауы ұзын жалтылдаған нәрсеге сол қарайғаннның іліккенін байқады.

Ал жағалаудағы біздер үлкен бір кезқұйрықтың балыққа тұскенин көріп қалғанбыз. Тырнақтарын балыққа бойлата батырған кезқұйрық қайта кетеріле алмады. Ірі балық қанатты «балықшыны» суға сұнгітіп-сұнгітіп, әбден есінен тандырғанға ұқсайды. Оның кеудесінде құр жаны қалғандай еді.

Балықшылар жалтылдауықты тартып алды. Сазан балық сорпаға жарады. Ал кезқұйрық болса, өзіне езі келе алмай кешке дейін жатты. Таңдаң түбінде жатқан оған балықшылар әдей ұстап, ұсак балық тастады. Кезқұйрық ертеңінде ғана аспанға көтеріліп, жайына кетті.

«ЖИЕНДІК» ЖАСАҒАН...

.Аңшылар да, балықшылар да бүгін тым көнілді. Бұрын-соңды болмаған олжаба кенелген. Құс та, балық та жақсы түсті. Неше түрлісі бар. Балықтарды тазалап, тұздап, құс біткенді күркенің сыртына тастай салған. Көпке дейін аңшылықтың мың сан қызықтарын айтып, дауылдастып барып жатқан.

Ертеңіне тұрса, кешегі күрменің іргесіне тастаған олжаларының бірі де жоқ. Кім ұрлап әкеткені белгісіз. Ешкім келіп-кеткен емес. Аң-тан болған аңшылар іздей бастады. Жақын манда бір ескі машина қорабы жатқан-ды. Шептің арасында жатқан балықтың қабыршықтары, құстың бұрқыраған жүні сол жерге алып барды.

Машинаның астынғы қуысына таяқ жүгіртіп қараса, әлгі

олжалары осы жерде жатыр. Бір-бірден сұрып ала бастады. Ең ақырында көзі жылтырап актышқан керіпді. Сөйтсек ұрымыз актышқын болып шықты. Балық пен құсты бір-бірлсій, түнімен тасьш алған екен. Бірақ қиратып жегені шамалы, Аңшылар оның еңбек қорлығын бағалап, олжаларынан аздап болса да белісті.

«АЛТЫН» БАЛЫҚ

Алтын балық туралы ертегіні кім білмейді. Шіркін, сондаі балық кездесер ме еді! Қайдан кездессін?! Бірақ...

Қаладағы бір досымыз құміс тойларын еткізудің қамын жасап жүрген. Базардан дастархан молшылығы үшін бірнеше балы та сатып алыпты. Бірақ әлгі балықтардың бірі «қалындыққа» ойламаған сыйлықтыарту етті. Әйелдердің бірі балықтың ішінжарып, тазалай бастағанда пышагы қатты бір затқа шақ ете қалады. Аршығанда ішінен алтын жүзік шыға келеді. Досымыз мамандарға апарып көрсеткенде нағыз жоғары сапалы алтын деп бағалапты. Кұміс тойдан кейін «қалындығымыз» теңіз түбінен келген алтын жүзікті осылайша саусағына салып жүретін.

КІР ЖУАМЫН ДЕП

Ауылымыздагы жалғыз мұғалімнің келіншегі өте пысық жан еді. Қолы бос отырмайтын. Бүгін де бір тегене кірлеген дүниелерін тенден алып, өзенге келген. Күн батуға таяқ тастам қалғанда шаруасын тындырып болған. Сейтіп жүргенде еден жуатын шүберегі суға шайылмай қалған екен. Ол оны да суға тастап жіберіп, ерсілі-қарсылы шайқай бастайды. Енді сүйн сығып ала-алайын десе, салмақты бірдене ілесе шығады.

Келіншектің таңданғандығы соншалық, өз көзіне өзі сенбей селтиіп тұрып қалады. Оның алдында үлкен бір шортан тулап жатқан еді. Еден жуғышпен қалай оралып шыққанын бір тәнірім білсін: «Маган бұйырып тұрған болды ғой» деп олжамен оралды.

«ӨҢШІ» БҮРШАҚ

Биылғы күз тіпті ерекше еді. Жаздың сонын ала тұтас жауын жерге қақ тұрғандай нөсерлете мол жауған. Содан бері күн

ашық. Таң атпай жатып, ерте шыққан күн жер бетін лезде қыздырып, балбыратып жібереді. Құс сайрап, ұшып-қонып дамыл таппайды. Тұнімен жортқан аң дамыл тапқысы келіп, көленкे, тыныштық жер іздейді. Шыққа малынған өсімдік атаулы күннің қызыуымен бусанып, кебе бастайды.

Біз ауылда өкіл болып жүргенбіз. Алдағы егін орағына барша жүртты, дихан қауымын жұмылдыру міндепті тұрған еді. Совхоз директоры Жұмасейт бірде қолқа салды.

- Аға,-деді ол,-егістік басына барып қайтайық. Фажайып нәрсенің қуәсі боласыз.

- Ол не көрініс?-дедік біз.

- Баракөрерміз,-деді директор,-кеттік.

Егістік алқап бірінен соң бірі артта қалып жатыр. Жайқалып тұр. Бидайдың масақтары толысып, әбден піскен. Шалғы салудың кезі келіп-ақ қалған екен. Директор тоқтап, жерге түсті. Бізді бастап, олай-бұлай жүрді де:

- Ештеңе байқамадының ба?-деді ол.

- Үйреншікті көрініс, ештеңені сезенім жоқ.

- Назар аударынышы?

Мен жан-жағыма көз тастадым. Тың тыннадым. Егістіктің исі мұрын жарады. Төңіректе ызындаған жәндіктердің, құстардың даусы ерекше естіледі. Бірақ бір әуен ерекше әсер етті. Әуен құс қанатының сұылындағы. Бірсес балықтың желбезегінің үніндей. Бірсес жас сыйбызының бұлдықкан дыбысындағы естіледі. Тырс-тырс еткен әлсіз дауылпаздың да гүлі бар. Бәрі косылып келіп, әдемі бір әуенге ұласады. Ақырын аяндал егістікке бойлап енген мен таң қалдым. Сойтсем, әбден пісіп, қауызын жара бастаған үрме бұршақтардың әуені екен бұл. Дикандықпен көзі шыққан директор мұны көптен байқап жүреді екен. Ал мен болсам бұл фажайып көріністі бірінші рет көруім еді. Үрме бұршақтың ән салатының кім білген. Алтын күздің бұл да бір тамаша көрінісі еді.

ҰЙҚЫЛЫ-ОЯУ шөп

Ертенгісін салқындау еді, тұс ауа күн жылынып қоя берді. Бусанып, шаршаған соң, тер басу мақсатымен орманның ашық алаңқайына шығып отырып едім, маужырап кетіппін. Мына

жұпар иіс, күннің сәулесі, табиғат қызығы әсер етпей қойсын ба?!

Бей-жай күйде төнірекке көз салып қоямын.

Өне бір ерсілі-карсылы сабылған еңбеккөр құмымрұқалар да дамыл жоқ. Аяқ астында кесіртке де жүр. Жасыл жонын күнге қыздырып, қозғалмай қалыпты.

Орман іші мұлгіген тыныштыққа бөккендей. Сол тыныштықты бір әуен бұзып жіберді. Қайдан шыққанын көпке дейін аңғара алмадым. Сәлден соң жан-жағымды мұқият шолып отырғанымда көзіме кідімгі қонырауға ұқсас өсімдік ілікті. Соған бір ара ұшып келіп, шырынын сора бастады. Араның қанаты дамылсыз діріл қағып тұр. Жаңағы әуен сонықі екен.

Ара ұшып кетті. Жаңағы өсімдік күміс мұртын күнге шағылыстырып, бұрынғысынан да құлпыра тұсті. Біраз уақыт өткен соң, бір шекім бұлт күннің бетін көлегелей қойып еді, бетін жасырғандай бұға қалды.

Сөйтсек, кешкүрим немесе шекімдей бұлт пайда бола қалса бұл да басын төмен түсіріп, мұлғи қалады екен. Ашылған гүлдері өз-өзінен жабылады. Сондықтан да мұны халық ұйқылы-ояу өсімдік деп атап кеткен. Ал күннің көзі шықса-ак болғаны қайтадан құлпырып қоя береді. Қанатынан ән есіп, ара да жетіп келеді.

Сыр сандық (немерем сыр тартады)

*Өмірден алып жазатын,
Сөзім болмас сірә жат.
Бір күні өтсем дүниеден,
Артымда қалсын жазған хат.
Кердери Әубакір*

Бурабай төнірегі айнала жарыса орналасқан шипажайлар мен демалыс үйлері. Солардың ішінде ерекшесі «Оқжетпес», «Бурабай», «Жекебатыр», тағысын тағылар. Табигаттың өзі салған суреті де осы түс. Оқжетпестің тасына өрмелемеген, Күміскөлге шомылмаған, жұпар ауасын жүтпаған адам кемде кем шығар бұл жарық дүниеде. Қасиетті жерге кім құштар болмаған.

Немерем Арманмен, жиен балам Даниярмен осынау қасиетті жерде жұмақтың терінде жургендей сезінгенімізді несіне жасырайық.

- Тау мұнары, су айдыны, мұлгіп тұрған орман, әсіресе, биші қайың - қандай ғажап! - деп тамсанып қояды немерем. Ұлы Табиғат қолмен мұсіндеңедей мынау көгілдір Көкше, сұлу Көкше тұнып тұрған сыр, сейлеп тұрған сурет, өн бойы тұнған тарих. Көкпенбек құз басынан мұнар кетпейтін тау сілемдерінің саясында шалқыған көлдер, көкке бойлап ырғалған қарағайы, әк балтырлы қайыңы, дертке дауа ауасы, па-шіркін, Көкшениң он бойына сыйып-ақ тұр-ау! Көкшени бойлап, қойнауына ене бергеннен-ақ толқып жатқан Шабакқөл, жолаушыға жол сілтер хан асуы, қос өркешіне дейін көрініп тұратын Ақбура, сылқ-сылқ құліп, тастан-тасқа қуана секіріп ағып жатқан күміс күлкілі мың сан бұлак, қыздың жиган жүгіндей әйгілі Тасқамал, аты анызға айналған Жекебатыр, күн сөүлесіне шомылған, сәл уақыт аялдаған адамның бойына ғажайып жасару әсеріп сездіретін аумақты Абылай аланы, жаратылышы бөлек, айтылар анызы да мол Буратау, Бөлектау, Теміртау, Тас кебіс, Сиыр тас, Аю тас сияқты нешеме тас мұсіндер табиғаттың өзі салған суреттері демей кер. Оқжетпес пен Жұмбақтастың өзі неге тұрады!

Бір шың бар етегінде тіл-тік найза,

Адамзат жасағандай құйған тастан, - деймін Сәкеншілеп.

Оқжетпес найза-қия - қыранға үя,

Қарасаң жанның шері тарқамай ма?- деймін Мағжаншылап.

Памирлер, Гималайлар толып жатыр,

Оқжетпес дүниеде біреу ғана, - дейді немерем Көкімбекшілеп.

- Бұл өленге сазгер атам Кәрім Илиясов ән де жазды ғой, деп қояды ол.

Иә, Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Көкімбек Салықов, қазақтан шыққан өзге де дүлдүл ақындар жырлаған Оқжетпес әлі де талай ақын-жазушыға жүк болары сөзсіз. Басындағы бөркін түсіп кеткенше қияндап жерден қарасаң, оның ұшар басында тізе бүгіп жатқан піл да сонда, сандық тас, кебіс тас, сиыр тас, аю тас, қой тас, не керек, үйінді-жынынды емес, табиғаттың өзі қалаған, өзі

мұсіндең бейнелі тастар сонда. Барлығы өз алды бір дүние, құпия сыр, өлең-жырға арқау.

- Алақай, әне Жұмбактас! - деп немерем секіріп-секіріп қояды.

Сынғырлата ән салып, тымық күнде жақындаса, қауымдаса сыйбыр қағып, сыйбырласып, қоғадай маужырап, сымдай тартылған зәулім қарағайлар мен өз болмысымен көз тартарлық кесек сурет, құйма тастардың арасынан шыға келсен, көл ортасынан андағайлап Жұмбактас көзге түсер еді. Жұмбактасты жан-жағынан күміс құлкісімен тербел, әк тенге шолпысымен толқынданған мөлдір көл жатар еді мөлтілдеп.

Мөлт еткен көз жасында Күміскөлім,

Майда ескең қоныр салқын самал желім, - деп Біржан сал жырлаған Күміскөл ғой бұл.

- Эне, қаранызыш! Тіпті қалың жауды жаусатып салып, маңдай терін бір сүртіп тастан, «әй, бір мызғып алайынши дегендей» шалқалап Жекебатыр жатыр. Дұлығасын, болат сауытын шешпеген қалпы. Немерем соған ынтыға, көз жазбастан қарап қалыпты. Егер Абылай аланы, Абылай қыстауы мен жайлauы, Хан көлі, Нұқ кемесі, Кенесары үнгірі, Тас қамал, Бүркітті тауы, Ақбура, Тас сырғанақ, Тас кебіс, Күркіреуік өзені, Қылشاқты өзені, Шалқар көлі, Теке келі сияқты Бурабайдың ен бойындағы әйгілі жерлерді атап көрсетсе, жыр ғып айтып берсе, Сәкен Сейфуллинше:

Сыр сандықты ашып қара,

Ашып қара, сырласым.

Сым пернені басып қара,

Басып қара, жырласын, - дегендей, аныз-әңгімелердің кілтін ашуға болар еді. Арман немерем соны сезгендей әрауық суыртпақтап сұрап қояды. Бірак кішкентай кезіндегідей: «Мынауда сенікі ме?» - деп сұрамайды. Есейгендігін білдіріп, дәмдеп сұрап, манғаз тындаиды.

Кішкентай демекші, кішкентайында тілі тәтті еді өзінің. Көрінгенді сұрап білгісі келетін де тұратын. Арман бала әкесінен ерте айрылды. Әжесі Нұркен марқұм төсекте ұйықтар алдында Арман бүлдіршініе тәубе етуді үйреткен. «Иә, алла!- дейтін сәбілік шын ниетімен - бергеніңе шүкіршілік. Папамды сақта, мамамды сақта. Атамды, әжемді, барлық бауырларымды, өзімді сақта», - деп мінәжат ететін. Өкінішке орай, сол әжесі де, әкесі де

ерте өтті дүниеден. Әсіресе әкесі Хамидолла баласы үш жасқа келгенде аяқсты қайғылы қазаға ұшыраған. Содан аудан орталығы Жаксыдан Көкшетауға көшіріп әкелуге мәжбур болғам. Жолшыбай кездескен тау-тасты да, өзен-көлдерді де, жайылып жүрген малды да, жүк артқан машинамызды да «Ата, сенікі ме?» деген сұрактан танбайтын. Тілін қызық көріп, «иә» деп жауап беретінмін. Сол үш жасынан қойнымызға салып, бағып-қағып есірдік.

Жалпы адам баласы қызық қой. Өз балаларымызды дәл немередей жақсы кермеппіз. «Өйтіндер, бүйтіндер» деуден аспасақ керек. Ал немере деген, әй, енді, тәттінің тәттісі-ау! Алматының жоғары партия мектебінде оқып жүргенімізде журналистикадан сабак беретін ұстазымыз Кияница лекциясын немересінің қылышынан бастайтын. «Адамзатында мұндай тәтті жанды көрген емеспін. Немереме тіпті тенеу таба алмаймын» деп тұрып тебіренетін. Рас еken. Арманымды жиендікке қимай тұра немере ғып ұстадық. Солай болып шықты да. Бірінші кластан бастап қазақ мектебіне өзім жетелеп апардым. Шүкір, мектепті де тәмамдады. Еуразия мемлекеттік университетіне де түсті. Енбегіміз ақталды, Азамат болды деген осындей-ақ болар. Емтиханың тапсырып келгеннен кейін қасиетті жер Бурабайда дем алып жүрген шағымыз. Абылай бабасының жүрген жерлерін көріп, ескерткішіне тәу етіп, рухани азық алған. Тарихты жақсы көргендіктен талай шығарма жазып, байқауларға қатысып, қазақ жұртының тәуелсіздігі жөнінде карсыластарымен додаға түсіп, тарих беттерін аударыстырудан еш жалыққан емес. Қаншама ер жетті дегенмен ойын баласының қылышы басым. Өзімнен бойы асып кетсе де, еркелігін қоймай мойынға асылатынын қайтерсін.

- Ата, мен сияқты бала болдын ба? - деп қояды Оқжетпестің тайғанақ бір тасынан сүрініп жатып.

- Әрине, - деймін мен. Мен де бала болғам. Мен де сен сияқты әкеден жетім қалғам. «Сен сияқты» деген сөз аузыма қайдан түсін еді. Балам мұнайып қалды. Әкенің орнына әке болып, қаншама тәрбиелесем де, әкенің орны бөлек қой, шіркін! Әкеден үш жасында қалудың несі жақсы дейсін. Тағдыр ғой. Бұл тағдырға не істерсін?!

Күйеу балам - Арманың әкесі Хамидолла Кіші жүздің берішінен болады. Ата-бабалары ерте заманда қуғын көріп, сонау

Қап тауының Ноғайлы далаларынан бір-ақ шығады. Бері үрпақтарының айтуына қарағанда, ол жақта қазактар коп. Қанша шетте жүргенімен қазактың әдел-ғұрыптарын, салт - дәстүрлерін, тілін, ділін берік сақтаған. Атажұртын сағынған біразы Кеңес үкіметі тұсында елге оралып үлгірген. Солардың ішінде осы Хамидолланың шешесі, ағалары, апа-қарындасты да бар. Өзі Целиноград ауыл шаруашылық институтын тәмемдап, инженер-электрик мамандығын алғып шығады. Институттың соңғы курсында жүргенде мединститутта оқып жүрген біздің тұнғышымыз Қарлығашпен көніл қосып, үй болды.

Арманның үшке келген кезі. Әкесі ауданда инженер- электрик. Біреуден ілгері, біреуден кем қызмет атқарған. Дәл осы тұста Торғай облысы жабылып, барша жұрт әлемтаптырық болып жатқан. Мені сол атқарып жүрген қызметтіммен Көкшетауға баспасөзде мемлекеттік құпияны сақтау жөніндегі облыстық басқарманың бағыты етіп жіберді. Былайша айтқанда, цезураның бағыты. Бұл күндері кейбір ақын- жазушылар цензураны ит етінен жек көретінін жасырмайды. Өйткені біз олардың шығармаларын тежеп, шығармай қойыппыз. Бұл барып тұрған былышыл, жабылған жала. Ол дегенінде Қазақстан Орталық Комитетінің шаруасы. Илияс Есенберлиннен бастап, біраз жазушыларды ұстаған көрінеді қырына алып. Ал біздер арнайы тапсырмамен Солженицын сияқтылардың шығармаларын (әрине қолға түссе, бірақ оның кітаптары біздің жақта болған да жоқ) кітапханалардан алып тастап жүрдік. Біз түнгі қыз ойнақ, кісі өлтіру, милицияның айла-тәсілдерін, теріс тәрбие беретін кассеталарды, түрлі жазбаларды, ірі-ірі апраттарды, өрттерді баспасозде жариялатпаганымыз рас. Қазір кетті ғой жайылып, тізгін босатылып. Тәуелсіздікті пайдаланып, көрмегенді көрсетіп, істемегенді істетіп қойды. Кісі өлтіру тауыкты бауыздаудап женіл болды. Енді оны жинап алу үшін де жарты ғасыр керек болар. Облыс жабылып, ауыс-түйгіс болып жатқанда күйеу балам Ақмоладағы туған апасы Зылиханың үйінде, ертен жана орынға жұмысқа шығам деп тұрғанда кешкі шайдан кейін опат болды. Бұл тағдырды қой енді, апасы ыдыс жуып, Қарлығаш оларын сулықпен сұртіп тұрғанда, Хамидолла трикосының балағын түріп алып, ас үйдегі сары масаларды газетпен үргылап жүреді. Сөйткенде жалаңаш тізесі жылу батареясына тиіп, ток соғады. Бұл шілденың 30-ы болатын. Шошып кеткенде оның иығы тоңазытқышқа тиіп,

еденге құлап түседі. Апасы мен жары шыр-пыр болады да қалады. Қарлығапі дәрігер болғандықтан оның аузызинан үрлеп, кеудесіне массаж жасайды да, апасы жедел жәрдем шақырады. Бірақ, амал не, жүргі токтап қалған, білдей азаматты ешкім құтқара алмайды. Кейін сарапшылардан сұрастырсақ, бұл бүкіл бір молтек ауданда, әйтпесе 120 пәтерлік үйдің біреуінде балық сатумен айналысадындар аквариумға жұмсалатын электр қуатын тегін пайдалану мақсатымен батареяға тоқтың бір үшін жалғап қойғандықтан деп түсіндірген, Бұл сол кездегі Целиноград сияқты үлкен қаладағы үшінші оқиға екен. Міне, содан бері жиен балам Арман-немерем әжесімен екеуіміздің тәрбиемізде болғанын жоғарыда айттым.

Бұл үқастықты қойыңыз, менің де тағдырым Арманның Тағдырына ұқсас. Мен де әкеден ерте айрылғам. Ол - соғыстың тартқан «сыйы». Соғыста екінші үшқыш болған әкеміз аяқ-қолдан айрылын оралған. Соғыстан кейінгі тауқыметті кім тартпаған, Аяғынан қан сорғалап жүрсе де халқына қызмет етіп, ел басқарады. Киындықты мойнымен көтергенмен, денсаулығынан мүлде айрылды. Ақыры гангrena деген пәледен мерт болғаң. Тағы бір үқастық - менің әкемнің аты да Хамидолла. Біз төрт бала: Сәкен, Фабит, Сансызбай, Олжабай жетім қалғанбыз. Үлкені - мен бар болғаны сегізжылдық мектепті бітірді деген қағазбен Ақмоланың педучилищесіне, оның директоры Нұртаевтың (ол да Хамидолла) колдауымен түскем. Абырой болғанда студенттердің «көзжұмбайлығын» ақтағанымды құрмет тұтамын. Мені түсініп, көмектерін аямай, тіпті жоғары стипендия толеп, түрлі мәдени шараларды өткізетін қызметкер етіп, еңбекақы беріп тұруы шын қамкорлықтың көрінісі емей немене.

Хамидолла Нұртаевтан бастап, Әбдірахман Жақыпов, Мариям Молдабаева, Нұрғали Итбаев, Сайлау Боранбаев, Жұмағали Қыздарбеков, тағы да басқа ұстаздардың ұстазы болған аға-аналарыма мың да бір алғыс айту аздық етер еді. Осылардың көвшілігі бл фәни жалғаннан бақылық болғаны өкінішті-ақ. Жаратқан ием алдарын жарық қылып, орны пейіште болса екен деп, тілеп білдіргеннен басқа амал қайсы.

Біздің балалық шағымыз соғыс және одан кейінгі қыын-қыстау кезенге, жігіттігіміз әйгілі тың көтерумен тұспа-тұс келгенім мақтан ету қыын, Әйткенмен, тарих салған сара жолдан қалай

шығып кетерсін, кімнің болса да өзіндік ізі сайрап жатуы да заңдылық.

Сонау сұрапыл соғыстың тауқыметі түкпірдегі ауылга да жетпей қойған жоқ. «Бәрі де майдан ушін!», «Бәрі де Женіс ушін!» деген ұран ауылда қалғандардың бес уақыт намазындағы сезінген. Үйкесі қанбай тұрган әрбір тірі жан көзін ұқалап жүріп, тырбанып енбек еткен. Жалғыз сирынан (егер бар болса) сүтін май, ірімшік, құрт қылышп, майданға жөнелтіп жатты. Газеттегі ақпараттарда «Ақпай» ауылынан 7 килі май, бір дорба құрт, 13 пар биялай, 6 шұлғау, екі байпақ жіберілді дегендегі ақпараттар жарияладап тұрды. Бірақ соғысқа жіберген ауыл адамдарының өздері ашқұрсақ жүрген. Теретіндері масақ, шәй орнына жидектің қызыл жапыраған жинаиды. Бұл жұмыс біз сияқты сидам сирақ балалардың қолы. «Тайдың мінгені білінбейді, баланың істегені білінбейді» дегендегі, қаншама іс атқарсақ та біздің істегеніміз көзге ілінбестей байқалмайды. Ен жаманы - хат тасушины құтіп алу. Хат тасуши Елемес ападайдан көрінгеннен есіктерінің алдында тұрган қатын-қалаштар күнбұрын көздеріне жас альш, үндемей егіліп тұрады, Елеместің мойны салбырап кетсе, кемпірлер дауыс қыла бастайды. Ол бойын тік үстап, аяғын алшаң басса, жамандық хабардың бұл жолы болмағандығы. Қасыреттің көкесі -кара қағаз келген күн. Бұл күні тұннің бір уағына дейін дауыс қылуын бастап, еніреп жылау тыылмайды. Ал таң ата бригадир әр үйдің терезесін сындырып жіберердей қамшымен ұрғылап, зіркіл салады, жұртты жинап, күз қызыщ қырманға, қыс мал қораға айдайды. Бала болып ойнаған біз жоқ. Балаға да, шағаға да енбеккүн жазады. Әйтеуір, талғажу тамақ табылады. Бір қар түскенге дейін егістік даласында масақ тереміз. Лабогрейкадан қалған масақ молдау болатыны қандай. Көппен көрген ұлы той емес пе. Әкеміз оқу-ағарту қызметінде болып, ауылдың бас көтерерлерінің бірі бөлғандықтан азық-түлікпен қағажу бөлғанымыз жоқ. Аудан орталығына барған сайын ақсенке ұннан пұт-пұтжарым ұн әкеліп, үй іші ғана емес, бүкіл көрші-қолаң бір жарылқанып қалады. Шешем Зукеннің қолы ашық адам еді. Көрші әйелдер нан пісіріп, шай қойысып, біздің үйден шықпайтын. Үйлеріне кетерлерінде «Шіркін, Зукеннің мұрнының қанындағы қызыл шайын-ай!» десіп, бір қайнатым шай, бір тостағаннан ұн ала кететін.

Рамазан екеуіміз әүелден доспыз. Оның бойы менен қалқынқы. Шидиген арық, күші жоқтың қасы. Қүресе кетсе, тыраң ете қалады. Ешқашан ашуланған емес. Қуледі де тұрады. Әкесі бригадир. Басқа ауылдың бригадирлеріндегі емес, жуастау. Бірақ төңмойын мінезі бар. Ашуланса аямайды. Аты Рамадан. Радуан арба құсап, ілбіп жүре береді. Таңертенгілік жұмысқа шығар кезінде мазаң. Бірде Рамадан біздің үйге келді. Кеш болатын, әкей аудан орталығынан жаңа ғана келіп, мұғалімдердің еңбекақын әкеліп отырған беті. Әншейінде қонақжай шешем әбігерлене қалды. Бір киерлерін киіш:

- Болсайшы, тезірек жинал, анау үй күтіп қалды гой, - әкеме. Әкем аң-таң. Келгелі бері ондай ештеңе айтпаған сияқты еді. Мұнысы несі дегендегі, өзінде танданыс бар. Рамаданның келгенін жақтырмай әкейдің екі аяғын бір етікке тыққандай дерсің Сөйтіп есікті кілітеп, айтулы үйге қарай аяндал жөнелді. Рамадан өз бетінше кеткен соң:

- Не болды? Неге аяқ асты әбігерлендін? - дейді әкей.

- Білмеймін, - дейді шешей, - жүрегім бір түрлі қобалжып, әлгі Рамаданнан секем алдым.

- Өй, тәйірі-ай! Одан корқатыны не бар? Қажет болса, менде наган да, винтовка да, фин қанжары да бар емес пе. Жүр кеттік үйге, - деп олар кері оралды.

Алтын күз өз әніне басыш, бар болмысымен баурап түр. Тұнгі шық лезде кеуіп, ақ қайындан алтын түсті жапырағы кекті алғып кеткен. Топталған сұық торғай есік алдында үйілген ағашта быжынап отыр. Ерте түсетін қыстың хабаршысындей. Түстен кейін мектептен келген әкем сұық хабар әкелді. Қөрші ауылдағы Қажым шалды 9-шы класта оқытын немересімен екеуін өткен тұнде біреулср өлтіріп кетіпті. Бұл ел таңқаларлық оқиға. Мұндай кісі өлтірушілік бұл маңда соңғы ширек ғасырда болмаған жәйт. Бүкіл ауыл дүрлікті де қалды. Кешкілік аудан милициясы қаптал-ақ кетті. Кім бар, кім жоқ. Кім келді, кім кетті. Әңгіме осы. Кішкентай ауылда бұл жәйтті анықтау қыын болып па, тәйірі. Ертеніне Рамазан досымның бригадир әкесі жоқ болып шықты. Қайда кеткені белгісіз. Үй іші білмейді. «Әйдә, соны іздейміз», - деп кете барды милиция біткен.

Бұл екі ортада бір апта өтті ме, жоқ па, мектеп директоры Рәшиит Қанғожиннің Омбы қаласындағы ағасын бәйбішесімен қоса

өлтіріп кетіпті деген сұық хабар бүкіл ауылға лезде тарады. Директорымыз Омбыға аттанды. Бала емеспіз бе, кісі өлтіруші дәл қасымызда жүргендей қорықтық. Тұн баласына біраз уақыт үйіктай алмай жүрдік.

- Осының бәрі әлгі жүгірмек Рамаданнан келмесе, жарап еді, - деді шешем.

- Қайдағыны айтасын-ау, - деді әкем.

- Әнеуқуні содан секем алып едім, Сен ақша әкелген күіні әдейі келді ме деймін, - деп сөзін жалғастырды шешем. Әкем ойланып қалып еді.

Шешем рас сәуегей больш шықты. Мұның бәрі Рамаданның қолы еken ғой. Біздің үйге келгенде арам оймен келген ғой. Мұғалімдердің айлық жалақасы бірсыңырғы пұл. Соны қолға түсірмек болған. Одан жолы болмаған соң, жеті шақырым ауылдағы Қажым шалды әдей іздеп барған. Оның ақша жинағанын естіген еken және баласы мен келіні жол жүріп кеткені де тұрткі болған, Тұн ортасында шалды бауыздал, немересін тізесіне қысып алып, балтамен желкесінен шапқан көрінеді. Баланың: - «Ағатай-ай, мені өлтірменізші?!» - дегеніне де болмапты хайуан.

Содан Омбыдан бір-ақ шығады ғой. Қанын ішіне тартқан оған шалдың ақшасы олқы соғады. Ендігі - директорымыз Рәшииттің ағасы Дүйсенбай. Дүйсенбай әуелден ауқатты тұрады. Ондай адамда ақшада аз болмаса керек. Сондықтан Рамадан Дүйсенбайдың үйін тәніректейді. Байдың қолға ұстайтын татар қызы бар еken. Рамадан сол қызben байланысады. Тұнде есікті ашуға көндіреді. Сөйтіп еш қындықсыз үйге енген ол төсекте жатқан Дүйсенбайды бауыздайды. Бауыздалған бас кемпіріме тиісе көрме деп сөйлеп жатса керек. Қаңыпезер Рамадан катар жатқан кемпірді де бауыздал өлтіреді. Сөйтіп жалпы татар қызымен екеуі үйдің ішін әлем-таптырық етеді. Керектерін алады. Алайда, қырағы із кесуші милиция қызметкерлері жалпы татар қызын қолға түсіріп, сол арқылы Рамаданың қолына кісен салады. Олардың соты аудан орталығында етіп, қызды 15 жылға, Рамаданды 25 жылға сottайды. Кейін естідік, Рамадан мерзімін етеп, сақал, шашы әппак болып, сексеннен асқан шағында Омбының көшесін кезіп жүреді еken. Ешкімге ләм- мим демей,

сүлесок қалыпта болған. Өлсе, ажалынан өлген болар. Ата, Рамазан досыңыз не болды? - деп сұрап жатыр Арман балам.

- Одан хабарым жоқ. Бірақ мектепті тастан кетті. Ешқайсымызбен тілдеспейтін болды. Достықтан мүлде айрылған едік. Арманым бір күрсініп қалды. Сөйтті де өзініз жайлы айта түссеніз еken дегендей, емеуірін танытты. Бала бәрін білгісі келеді.

Өмір жолы - сын жолы ма деймін. Өмір өзінің тезіне, сынына алады да жатады. «Өмірдің сансызы сынағын сабырмен ғана женерсін» деп ақын айтқандай, алға бажайлап қарасаң ғана сыпақтан мұдірмей өтуің мүмкін. Бірақ жас кезінде оны ескере бересің бе? Өмірдің әзі нені силайды, соны аласың да жүре бересің. Өмір атты үзақ жолда жақсылық пен жамандық, куаныш пен өкініш, ыстығы мен суығы қатар жүретіні қандай. Қөнілің мұна Күміс көлдей мөлдір, арманың анау Оқжетпестей асқақ болса игі. Өмірдің тек қана түзу жолы болатынын естіген де, көрген де жоқпыз. Бұралан жол кімде болса да болған, бола береді де. Былайша айтқанда, қөнілді - өмір жылытады, өмірді - қөніл жылытады. Өмірдің бір белесі - студенттік шақ. Ол дегенініз білімге де, өмірге де жолдама берер алқашқы баспалдақ. Ол кездегі Ақмоладағы ең жоғары оку орны-педучилище. Институт атымен жоқ. Екі-үш техникум да белді оку орындары еді. Орыс тілі пәнінен беретін ұстаздарымыз өте инабатты, адамгершілігі мол, өз ісіне берілген адамдар еді. Орыс тілінен басқасы түгел казак тілінде жүргізіледі. Алған білімімізді практикада пайдалана алатын дәрежеге жеткізді. Училищені бітіргендердің осалы болған жоқ. Өзім білетін студенттердің ең осалы бастауыш класқа сабак берді. Қөшілігі партия, совет органдарында басшы қызметтерде болды. Біразы дәл осындау училищенің директоры, аудандық, облыстық оку бөлімінің менгерушісі болды, ғылыми жұмыспен айналысым. Училище үшін бұдан артық абырай, бедел болар ма. Мақтан етуге тұрарлық қой. Студенттік шақ, жігіттік шақ. Қайта айналып келмейтін белестер-ау, шіркін! Білім алумен бірге болашақ өмірінді ойлайтын да шақ. Үй болсам, тұрмыс құрсам дейсің. Жар таңдайсың. Махабаттың бесігі әлдилейді. Оны әнге қосыш, биге ұластырасын. Өзін біреуді жақсы көрсөн, біреу сені жақсы көреді. Қалай дегенмен таңдау өзіннен. Бірақ қыз мені бұрь таңдалты. Екеуіміздің арамызда женgetайлық

қылыш Рая деген жас келіншек жүрді. Өзінше бізге қамқөр. Керемет сұлу болмағанмен сырқым келіншек. Құбылырынан киім киісі ерекше. Сөзге шешен. Қүйеуі соттың маңайында әжептәуір қызыметте болғандықтан ба ұстаздар Рајмен санасатын сияқты. Мені жақсы көреді білем, ыстық құшағына алып, қысып-қысып қояды. Не апам, не женгем болар ма. Шынғыс Айтматовтың Жәмиласы ма дерсін. Ерекше ілтипат көрсетеді. «Бигаштан сәлем, неге жақында майсың? Сабактан кейін жолық», - деп қабағын түйіп қояды. Бигаш екеуі соңғы курста. Біз бір курс соңында мыз.

Бигашнен жасымыз шамалас. Был ол диплом алмақ. Сонын қайда баары белгісіз. Әке-шешесі қаланың жанындағы қырқыншы разъезде. Тұысқандары баршылық. Тұрмыстары орташа. Ал мен үйдегі бас көтерерімін. Шешем пенсия алмайды, әкейдің арқасында жұмыс та істемеген. Менен кейін мектеп жасындағы бір інім және екі кішкентай інім бар. Ғабит, Санзызбай, Олжабай. Нағыз сарыауыз балапандар. Менің стипендиямен күн көріп отырған жайы бар. Сондықтан маған қыз алушын ауылды алыстау. Қызға қызықканым болмаса, үйленуге шама жок. Оның үстіне сөз айтуға бозекпелеумін.

Бірде үйде қүйеуінің жоқтығын пайдаланып, әлгі Рая үйіне шақырды. Барсам, қылымсып Бигаш та отыр. Менде де, онда да үн жоқ. Екеуімізді сөйлестіретін Рая ғана.

Қасында кім шалқымас жар отыrsa,

Тізене тізен тиіп бір отырса, - деп ақын жырлағандай, қарадай балқып, шалқыр, көніл тасығаннан артық ештенеге барған жоқпыз бұл кеште.

Бірде қатты сырқаттанып, ауруханаға түскенім бар. Дәрігерлер өкпеде дақ бар деп жатқызған. Адам баласы баратын аурухана емес еken. Қақалып-жөтеліп, қақырыныш- түкірініп, тіпті қан құсып жатқан адамдар. Мен емделмек түгілі, жиіркенін, қарадай қорқынышта болдым. Сондай жерге, осындай сырқатқа бір күні Бигаш келіп тұр. Шешем де келген болатын. Бигаштың келгеніне мәз болды да қалды. Артынан:

- Жүзінде ұтты бар бала еken. Пейілі кен, адамгершілігі мол сияқты. Сен осы қыздан айрылма. Бұйыртса, келин ғып түсіремін, - деді шешем байғұс. Әкем қайтқалы көнілінің көтеріңкі болғанын бірінші көруім. Шиеттей балалармен қалғаннан бері қапаланып

жүретін еді. Бірақ Биғаш бұйырмады. Оған кінәлі өзім. Өйткені үйленетін жағдай жоқ. Келін түсіріп, той жасамақ түгілі, құдаларды қарсы алмақ түгілі жөні түзу қонақасы беруге шама жоқ кез еді ғой. Сондықтан соны білдірместен «көрерміз, асықпайықпен»

шығарып салғам. Биғашты окуын бітірген соң, Павлодар облысының Майқайың кен орнына қызметке жіберді. Сол жерден хатты тоғытып тұрды. Хабарын үзбеді. «Сенсіз жүре алмайтын сияқтымын, Тұсімде көретінім сен», - деген мазмұнда болып келеді хаттары. Жастықтың жалыны кейде осылайша шықса керек атойлад. Ол кезде қазіргідей «күйдім», «сүйдім», «сенсіз күнім каран» дегеп сөздер айтылмайтын. Шын ғашықтар бірін-бірі үндемей-ак, іштей ұғынысатын, түсінісетін.

Қазақ «бұйрық біледі» дейді. Сол рас. Биғаш үйге дейін келгіштегенмен бұйырмады. Кінә тағы менен. Ол басқа біреугс? тұрмысқа шығыпты. Бірақ бәйбішем Нұркен барлау жасап, сұрастырып жүреді екен. Өйткені ол да Биғашты жақсы билетін. Училищенің таңдаулы студентін кім білмесін. Нұркеннің айтуынша, Биғаш бақытсыз болып шығыпты. Шыққан адамы басынан таяқ айырмаса керек. Жаман жұдырығына сүйенген ғой. Зайыбы балаларының анасы екенін ондай адам қайдан есептесін. Ақыры шыдамаған соң, орта жастан аса айырылысып барып, басын корғаған көрінеді. Мұндай басбұзар опасыз адамдардың бола беретініне кіжінесін де қоясын. Анадан солай туған соң, амалың не.

Қазақтан шыққан біртуар ақын Асқар Тоқмағамбетов былай деп жырлаған екен:

Әннің сұлу болуы,
Саздың сұлу болғанынан болады.
Саздың сұлу болуы,
Жардың сұлу болғанынан болады.
Жар болмаса сүйетін,
Жан да сұлу болмайды.
Жар жанында болмаса,
Тан да сұлу болмайды.
Жарқырап нұрын төккенмен,
Күн де сұлу болмайды.
Рахатты кең пейіл,

Тұн де сұлу болмайды.

Ақын айтқандай, өмірің сұлу болу үшін, өзіне тең, әйтпесе асып түскен жар таптай болмайды. Бірақ, кедейдің қуні кіжінүмен өтіпті дегендей, бір жыл соқа басыммен Жамбыл ауылында мұғалім болды. Өуелде Астрахан аудандық оку белімінің менгерушісі Ақшенеев Көркем аулына жіберген. Бара сала белсенділігіммен көзге түсейін. Екі класты қатар жүргізуде шеберлік танытыптын. Мектеп директоры Сембин «Сәкеннің үздік ісіпеп үйреніндер» деп, менің класымда ашық сабак өткізді. Бұл менің емес, училищедегі ұстаздарымның еңбегінің нәтижесі болса керек. Бұл жағдайды да ауданға жеткізіпті.

Жамбыл сегізжылдық мектебінің директоры, Ақмоланың тумасы Бәттай Айтжанов та аудандық оку беліміне барғанда әлгіні естиді ғой. Осы жайды өзін «газон» машинасымен әкелген жүргізуі Қамкен Жәлевовке айтады. Қамкен маған нағашы болып келеді.

- Ойбай, олай болса, тарттық Көркемге, сен қызмет берсең, - дейді Қамкен.

- Е, беремін, орын табамын, - дейді Бәттай досы. Сейтіп екеуі тұнделетіп Көркем аулына барып, мені үрлап қашады. Истін нәтижесін аудандық оку беліміне бір-ақ жеткізеді. Бастығы Бәтайдың досы екен, бұйрықты ертесіне-ақ жібере салады. Сейтіп, Жамбыл ауылынан бір-ақ шыққам. Қамкен де, Бәттай да о дүниелік болды. Оларға өмір бойы қарыздар шығармын деп ойлаймын. Жаткан жерлері пейіштен болсын! Менің жігіттік шағымның қызығылықты өтуіне, жар табуыма себепкер болған солар ғой, асыл азаматтар.

Жамбыл ауылы Есілдің жарқабақ жақ жағасында. Өзен тасығанда ой жағы, сол жағында Тельман колхозы, ауылға қарсы орналасқан 11-ші тәшкे, он жағында Өрнек ауылы - аумағы 6-7 шақырым жерді өзен тасығанда су алып, айға жуық аппак болып жатады. Су қайтқан соң, ойдым-ойдым қара сулар пайдада болады. Жалпак қара суы атына сай ат шаптырым жерді алып жатады. Сол суларда балықтың неше атасы бар дейсін. Есілдің өзі балығымен әйгілі. Өсіреле, жылтыр қара балық бағалы. Ақ шабақ, табан, алабұға, көкжан, шортан, шорағай, тағы басқалары аумен, бреденмен, қармақпен ауланатын. Балықтың қадірлісі көкжан. Оны аумен және қармаққа шегіртке шашып ұстайтын едік.

Шортанның көкесі Есілде. Жұтпа қармақпен ұстаған бір шортанымызды ишкә асып алғанда құйрығы жерге сүйретілген.

Ал құс базары да осында. Қасқалдақтың да, шурегейдің де жүрмейтін жері жоқ қой. Ал әлгі толып жатқан қарасуларда көк бас үйрек, барылдауық, әсіресе, қос қоныр мекен етеді, қара ала шабыр, қоныр бас шабыр, сұнгуір, сұксыр өзеннен шықпайды. Күздің қара сұғында, тіпті алғашқы жауған қарда кейде қараша, ал негізінен қара ала қаз қонады өзеннің қолайлы деген тұстарына. Осындай байлық тұрғанда үйде отыруши ма едім. Тұске дейін сабак беріп, бір аяқ айранды ішіп алып, түстен кейін кететінмін өзен жағалап. Жалғыз ауыз 16-шы калибрлі мылтығым иығымнан, түрлі қармақ қолымнан түспейтін. Қыста тұлқі мен қоян аулайтын едім. Соның бәрі қайталанбас қызықты жайлар, керемет оқиғалар. Ол жөнінде жеке кітап «Қыныр ботақанда» молынып айтылады. Адам өмірінде мәнді кездесулер болады ғой. Солардың бірі - Нұркенмен кездесуім. Рас, бір училищеде оқығаннан кейін бұрын кездесіп жүрдік. Талай кино, концерттерге апардым. Бірақ сол шактарда семья құру, үй болу тақырыбы, махабbat мәселесі сөз болған емес. Ең болмаса құшақ жайысқан емес едік.

Қызға қырық үйден тыйым салу - қазақ дәстүрі, тәрбиенің ең қадірлісі. Киноға, концертке барып, қайтқанда көшениң аргы басынан бір қазақ көрінсе-ақ жалт бұрылып, тұра қашатын едік. Бұл- сақтықтың бір түрі. Кім біледі, біреу-міреу көріп қалып, үйге жеткізсе, бір ауыз сөз, отыз ауыз сөз болып шыға келмей ме. Қыздар үшін бұдан артық ұят болмаса керек. Нұркеннің апасы Бибінұр да сейтеді екен. Танысып жүрген жігіті, менін болашақ бажам Әбіл керемет пысық. Жүрген жерлерін білдірмей, жасырынбақ ойнайтыны қандай. Нұркен де біздің жургенімізді жасырады екен. Ол кезде үнді киноларының бағы жанып тұрған шақ. «Бродяга» мен «Господин-420» киноларын қайта-қайта көріп жүргенімізде Әбіл мен Бибінұр отырған қатарда кездесіп қалғанымызды бар. Содан бері Әбіл бажам ата-әже болғанымызда да Нұркенді «өтірікші» деп атап кетті. Артынан үй болғанымызда осыларды айтып, мәз болысатын едік. Қазіргі жастардың жер тандамай ашықтан ашық, тұра қалып құшақтасып, сүйісіп жататыны ерсі-ақ көрінеді. Қызға қырық үйден тыйым салу адыра

калған сияқты. Жастар бұған кінәлі ме, жоқ па, құдайым білсін. Бірақ заман ағымы солай екендігіне дау жоқ.

1960 жылдың жазы. Мен бір жыл мұғалім болдым. Нұркен училищені енді бітіріп, жолдаманы күтіп жүрген шағы. Екеуіміз Целиноградтың әйелдер босанатын үйінің жанында кездесе кеттік. Қозы көрпеш пен Баян сұлу тау-тастың арасында кездесе кетпей ме киносында. Сонда Баян сұлу:

- Сен кімсін? - дейді.
- Мен меммін, - дейді Қозы көрпеш
- Ал сен кімсін? - дейді Қозы көрпеш.
- Мен де меммін, - дейді Баян сұлу. Сөйтеді де екеуі қосыла құледі. Жекпе-жек алғаш кездесулері осындай еді.
- Ал біз бір-бірімізді бұрыннан-ақ білеміз. Неге екенін кім білсін, екеуіміздің де тіліміз күрмелгендей көпке дейін үнсіз түрдүк. Ақынның «Жар болмаса сүйетін, жан да сұлу болмайды» деген өлең жолдары ойға оралғандай.
- Нұркен, - дедім, - екеуіміз қосылсақ қайтеді? - Батыл айтпай, ақырынғана жай айтқаным жетесіне жеткен ғой деймін.
- Жарайды, - деді төмен қарап. - Бірақ мен Жұмабек ағатайым Астраханда бірінші хатшы болған сон, жолдаманы сонда беруді өтінгем. Жамбылға қалай ауыстырамыз?
- Жұмабек ағатайым деп отырғаны республикаға аты мәлім әйгілі Жұмабек Тәшенов. Оның ағасы Хасен Тәшенов Нұркеннің әкесі Хамитпен бір деген достар, әйгілі теміржолшылар. Екі дос құда боламыз деп жүреді екен. Хасенде ұл, Хамитта қызы бар неге мыңжылдық құда болмасқа. Сол есеппен Нұркенді Жұмабектің қарамағына жібермек болған.
- Жамбылдағы мектеп директоры менің досым, - дедім манағыдай емес ширай түсіп. - Менен айрылғысы келмесе, сени жұмысқа алады.
- Жұмабек ағатайым білсе, оның жөні келмейді ғой, - дейді Нұркен.
- Ол кісіге айтып не шаруамыз бар. Бәрін Бәтайдың өзі-ақ тындырады. Өйткені, Оқу бәлімінің менгерушісімен әмпей-жәмпей.
- Ендеше, кетейік, - дейді Нұркен.
- Қайда? - дептін мен сасқанымнан.

- Жамбылға. Тезірек кетейікші! - деген Нұркен тонған адамша қалш-қалш етеді.

Жазған басым қаладағы шешеме де айтпастан Еслембек деген көршімізге бардым. Ол автобазада аға диспетчер болып істейтін. Соның үйіне бардық. Ол кезде женіл машиналар жоқ, болса некен-саяқ.

- Ойбай-ау, рас па? Жүріндегі автобазаға. Білейік. Жұмыс күні де бітіп қалып еді, - деп Еслембек ағамыз әбігер болды да қалды. Өзі де екі-үш жыл бұрын көршісінің қызын алып қашқан-ды. Бұл шаруадан хабары мол.

Күн кешкіріп барады. Бірақ тамыздың түні салқын. Айтқандай, бүгін тамыздың 18-ші жүлдүзы. Дәл сол күні космосқа үлкен бір корабль ұшырылып, ел дүрлігіп жатқан. Біз де өз шаруамызбен дүрлігіп журміз. Еслембек ағамыз ГАЗ-51 самосвалын алды да берді. Қолға тускені сол, қайтсін. Кабинаға үш адам отыруға болмайды. Нұркен кейлекшен. Маған Еслембек бір полушуубка тонды тауып берді. Соны жамылдып, самосвалдың кузовына отырып, Жамбыл қайдасын деп тартып отырдық.

Ал Жамбылда кімнің үйіне апарамын. Өз үйім қалада. Шешем бұдан хабарсыз. Не істеу керек? Нұркенмен ақылдаспаптың да. Екеуіміздікі жай көзжұмбай. Енді не де болса нағашы атам мен әжемдікіне барамын да. Бір қыс қыстал шықтым. Екеу болып барсам да сыртқа теппес.

Нағашы атам Зәкәрия көпті көрген, түйгені мол, алды бар адам. Шығыстағы қалың найманнан келген қызай найман. Бұл жаққа келуі бізге жұмбак. Мұса, Жұніс, Сәдуақас, Жәлел-тәрт арғы атадан алты тұтін үй болып отырған. Ігшіндегі еті тірісі осы Зәкен. Караөткел өңіріне аты мәлім әйгілі Жайықбайдың Рақымжаның сағалап, Зәкәрия Мұсаұлы да біраз уақыт болыс болса керек. Рақымжаның Дәндуімен бертінге дейін катты араласып жүрді. Бұлардың шапағаты менің әжеме де тиғен.

Әжем Қапипа қазақтың мандайына біткен дана ұлы Қаныш Сәтпаевтың немере апасы. Әжем Баянауыл жақтағы Қалиолла байға тұрмысқа шығады. Одан менің шешем Зуken туған. Қалиолланың тағдырын біле бермеймін, бірақ әжем байғұс қызымен әйгілі АЛЖИРде тұтқында болады. Міне, сол тұста қолы жүріп тұрған Зәкәрия болыс әжемді босатып алып, үйленеді. Екеуінен тағы бір ұл, бір қыз туады. Ұлдары соғыста хабарсыз

кетіп, соның пенсиясын алып тұрды екеуі. Қыздары Рауза тұрмыста, балалы-шағалы, Астанада тұрып жатыр.

Міне, сол атам мен әжемнің үйіне тон ете түстік. Бәрі мәре- сәре болды да қалды. Атамның Қызылжарбай деген інісі кеншардың директоры, Қазақ ССР-і Жоғарғы кенесінің депутаты, толып жатқан наградалардың иегері. Керемет ұйымдастырушы. Аудан басшылары қайдағы қын жерлерге жіберіп, барған шаруашылықты түзеттіріп алады. Алғыр басшыны таяу арада аудандық атқару комитетінің торағалығына ұсынуды жоспарлап та қойған. Сол Қызылжарбай нағашымның жанұясы да осьшда еken. Бәрі бізді қызықташ, шымылдық тартып, мәре-сәре. Бәрі дұрыс-ау, - деді атам, - енді келінің үйіне хабар беру керек кой. Адресін де білмейміз.

Адресі - Энгельса 101, - деп шымылдық ішінде отырған Нұркен сайрап қоя берді. Жасырынып отырған келіннің түрі.

- Ойбай, мынау ашық бала еken.
- Мәссаған, атасымен сөйлескенді мұнда көрдік.
- Енді не қылайын, - десіп жатыр әйелдер жағы. Әжем тіпті мәз. Жас кезіндегі өзінің де қылышы еске түсті білем.
- Дабырламаңдар, түге! - дел атам жекіп тастады. Ол кісінің айтқаны зан. Бәрі жым болысты.
- Ертең мен жүрейін. Өуелі қызды қуантайын (шешемді айтады). Сосын Хамитқа тіке барайын. Сүйіндіктің шын тұқымы болса, артық сөзге бармас.

Нағашы женгелерім бәйек болып, төсек қамына кіріскен. Сыбыр-жыбыр. Баяғыдағы жігіттің қалындығына ұрын баратындығы естеріне түсіп, ырым-жырымдарын жасап жүр. Сол кезде менің есіме ел аузындағы мына бір әңгіме түсе кетti. Ертеде жігіт қалындығына ұрын барады. Бірак ертегісін көnlі суын, ұрын түнінен ұрты томпайып шығады. Сонда қыздың женгесі шай құйып отырып:

Біздің ауыл Алтай-ды,
Сіздің ауыл Жолтай-ды,
Айналайын, күйеужан,
Аузың неге томпайды, - дейді ғой.

Сонда күйеу жігіт:
Біздің ауыл Жолтай-ды,
Сіздің ауыл Алтай-ды,

Қайын сінлің, женешем,
Әркімге неге жантайды? - деген екен.
Келіншек сонда орнынан атын тұрып, бетін басқан күйі енесіне
қарай тұра жүгіріпти.

Ал біз тесек бір боғанмен бір-бірімізге жақындастан да жоқпыз.
Нұркен қашқан қоян, мен іліп түскен тазы.

Бәрі дұрыс басталған сиякты еді, әттең... Бүгін бір жаздың
жаймашуағы, күздің мамыражай алтын тұсті күні еді-ау. Жан
жадыратар табиғат маужырап, өсімдік біткен пісіп, толысып әбден
бабында. Ерке Есіл өз жайымен жатыр көсіле есіліп. Арнасы кең
тұңғылқар кара су жарқыраған күнге еркелегендей жуаси қалыпты.
Тек бөлініп қалған тұстар ғана буырқанып қояды. Ағын су
құйылған жер бұрк-сарқ. Ағынға қарсы ұмтылатын ірілі-ұсақты
балықтар қайнаған судай жарқ-жүрк етіп, қарсындағы өзен
арнасына ұмтыла түсіп етіп жатыр. Қайнар су, айналма су осы
тұста. Бір затты тастав берсөң, жұтып әкетеді. Міне, басқа жер
жетпегендей Қызылжарбайдың баласы Абай мен оның Айып
ағасының жалғызы Әбліқасым келіп, суға күмп береді ғой. Мен
соны алыстан байқап қап, әрегірек суға түсіп жүрген Мансұрға
айғайды салдым. Ол да найман, нағашы атамның ағайындары.
Судан атып шықкан ол бір батып, бір шығып жүрген
Әбліқасымды алып шықты. Ал Абай жоқ. Сол күмп бергеннен
қайтып су бетіне шықкан жоқ. Мансұр да жүзгіш, сұнгігіш екен.
Бірақ Абайды таба алмады. Жанұшырып бүкіл ауылға хабар
тарааттым. Әсіресе, ауылдың молласы ерен сұнгігіш екен. Аяғынан
тік сұнгіп, жоқ болып кетеді. Ағын сумен кетіп қалды ма деп терең
жалпақ суға да сұнгіді. Нәтиже жоқ. Кеш болып қалды. Жұрт
шаршады. Абайдың директор әкесі Қарақойын-Қашырлыға
малшыларға кеткен екен. Дереу хабаршы жіберілді.

Баланы іздеу жұмысы қайта басталған. Елдің бәрі өзен
жаяғасында. Нұркен де сонда. Анадай жерде жеке щошайып,
налып, егіле жылап отыр. Сөйтсе, ел емес пе, «келіннің аяғынан,
қойшының таяғынан» дегендей, сөз шығарып үлгіріпти. Бәріміздің
қабағымыз түюлі. Тус әлетінде тай қазанның ошағын салып
жібергенде бала жарқ етіп шыға келді. Сөйтсе жұрт өзеннің
ортасынан іздел жүрсе, ол дәл жағалауда жатыпты. Бала су
жұтпапты, денесі сол қалпы. Тегі, суға түскен бетте
қорыққанынан жүрегі жарылып кетсе керек. Бұл Нұркен екеуіміз

үшін де, Абайдың ата-анасы үшін де қайғылы оқиға еді. Қайтеміз, басқа түссе баспақшыл деген бар гой. Құдай салды, біз көндік.

Істің басы қатты болса, аяғы тәтті болады деген. Сол жылы түрлі қыындықтарға қарамастан қаладағы шешемізді інілеріммен көшіріп алдық. Кеңшар жұпның үй берді. Жұрт сияқты той жасайтын хал қайда? Екі-үш табак етпен көрші-қолан, ағайынның батасын алушмен шектелдік. Жалғыз сиырымызды сойып, құдалығынан құтылдық. Айна екі рет бөліп беретін еңбекақыға қарап қалдық. Бар ермегіміз, рухани азығымыз - ауылдың жастарымен араласқанымыз.

Тың игеріліп жатқан шақ. Ауылда жастар көп. Көбі бойдақ. Менің музықадан хабарым бар. Педучилиштеде Сайлау Боранбаевтан күйлер, Жұмағали Қыздарбековтен нота үйренгенім азық болды десем, артық айтқандай емес. Оқып жүргенде қазактың ұлт аспаптар оркестрінің құрамында жастар мен студенттердің фестиваліне қатысып, өзімің досым Сайран Тұрсынбаевпен, ағамыз Кәрім Ілиясовпен бірге лауреат атанып қайтқанмын. Ұлттық киімім жоқ, сахнаға ала-құла боп шыққан біз Құрманғазының «Кісен ашқанын», Дина Нұрпейісованың «Жаса, Сталин!» (мұны «Жаса, партия!» деп өзгертуік) күйлерін, орыстың «Светит месяц» әуенін нотамен бұлжытпай орындалап бердік. Сонау Гурьевтен, Шымкенттен, Жамбылдан, тіпті Алматыдан шыққан 60 кісілік және ұлттық киіммен жайнап шыққан оркестрлердің орындаудағы күйлер Абай атындағы опера және балет театрын аспанға әуелетіп жібергендей әсер қалдырған. Сондай керемет тұрғанда марқұм Ахмет Жұбанов: «Бұл Ақмола үшін - революция!» - деп болмастан бізге үшінші орынды алып берген-ді.

Сол тәжірибелі бар, үлкен сахнаны көргендігіміз бар ауыл жастарының көнілінен шыққандаймыз. Оның үстіне Әзидолла Ескалиев сияқты күйші, Әли Құрманов сынды әнші ауылымызда болып бір жасап, тәлім алғандаймыз. Содан біз де өзімізше оркестр ұйымдастырыдық. Концерттер койдық. Концерттің бағдарламасына дуэт, трио, квартет дегендей әндер ұйымдастырыдық. Қасым Аманжоловтың «Анқау Жүсіп» пьесасын сахналадық.

Мен газет-журналдарда шыққан әндерді нотамен ҚОЛМА-кол ойнап, балалар әнін балаларға, үлкендер әнін үлкендерге үйретіп

жүрдім. Сол тұста Шәмші Қалдалқовтың әйгілі вальстері бірінің сонынан бірі шығып жатты. Ауылдағы Кеңес Байғарин, Бұркіт Құсаинов, Роза Шмидт, Елена Горелова, Рашит Бекмағамбетов колына тұсken журналдарды алып келеді. Журналдардан бастап, «Қазақстан пионері» газетіне дейін басып жүрді әндерді нотасымен. Нота білгенге бұл азық. Шәмшінің «Қайықта», «Сыр сұлуы», «Ақмандайлым», «Ақсұнқарым», «Құшак жайған қандай адам», тағы басқаларын, Бекен Жамақаевтың «Махабbat вальсын» нотамен шығарып, жастар бүкіл ауылды вальске бөлегендей болушы еді. Баяғыда «Тарзан» киносын қайта-қайта көргенде бала біткен Тарзанның даусына салып, ұлып кеткен болатын. Бірақ Шәмшінің вальстерімен бірге билеп, бірге шырқағанымызда жанымыз жадырап, рахат күй кешетін едік. Соның бел ортасында Нұркен әжен де жүрген, балам.

-Ата, жастық шақ қызыққа толы екен ғой өзі, - деп Арман балам тамсанып қояды. Бурабайдың әдемі табиғатымен мастанып, көкірек кере жұтқан ауаға тоймай әнгімеміз жарасып-ак жүр.

- Иә, солай балам. Жастық шаққа не жетсін. Көргеннен үйреніп, естігенді көкірекке тоқитын кез ғой ол. Адам бәрін біліп тумайды. Көре-көре, біле-біле үйренеді. Әжен де сөйткен.

Әжен жалғызлікті, көзі көрмейтін нағашы әжесінің қолында болып, ерке өскен. Тұрмысқа шыққанда қолынан ештеңе келмейтін. Жаны жәнәттә болғыр менің нағашы әжем болмағанда онын күні не боларын кім білсін. Ол кісі дана Қаныштың (Сәтпаев) немере апасы ғой. Қанышпен екеуін қатар қойса, бір-біріне аумай тартқандығының куәсі болар едік.

Ұзын бойлы, аққұба маңдай, кең мінез. Ойпырмай, әжемнің мінезіне таң қалмайтын адам болмайтын. Нағашы атамыз қиянқылау еді. Келіндерінің көзінше артық сөзге баратын. Сонысынан Нұркен келін боп тұсkenнен сап болды. Бәрі бұған таң қалған.

Бірде атам әжемді боқтап та жіберсе керек. Сонда да әжем байғұс былқ етпейтін. Нұркен онашада:

- Әже, неге боқтатып қойып отыра бересіз? Бірдене десенізші, дейді жалбарынғандай болып.

- Е, боқтай берсін. Ауыз өзінікі. Онысына ертең о дүниеге барғанда өзі жауап бермей ме? Менің нем кетіп барады, депті сабырмен ғана.

Нұркен әжемнен көп нәрсені үйренді. Өсіресе, тағамның тұрттырін істеуді. Тігін машинасының құлағын ұстауды. Әжем күріштен палау жасауды жақсы көретін. Атам атып әкелген қоянның немесе құстың етін күрішке бөктіріп, ішіне пияз, сәбіз, бұрыш салып баптайтын еді-ау. Оттың табына пісірілген бұл тағам тіл үйретін. Пельмен, бәрәміш, қуырдақ, мәнті, өсіресе, бәліш пісірудің шебері еді. Май айырған күні пешке пісірілген ыстық таба наннан мыжымса жасағанын көрсөн, ғажап қой! Соның бәрін Нұркен әжемнің жанында жүріп үйреніп-ақ алды. Енді сонысын қыздары Қарлығаш, Қаламқас, Айгүлге үйретіп кетті. Іс тігуді де үйретті. Біржан үйіндегі келініміз Мәржан да кенде қалған жок.

Ал нағашы атам малсақ жан еді. Нұркен малдың маңайына баруға қорқатын. Сол атам Нұркенге сиыр саууды үйретті. Артынан Шәйке деген сұтті сиыры Нұркен саумаса, іімейтін болды. Ол ол ма. Енді бие саууды үйретуге кірісті. Қолында тайынан өскен бие жуас еді. Атам соның желінінен ұстап, астынан олай-бұлай өтіп, онысын Нұркенге қайталатып, ақыры бие сауатын болды.

Бірде қызық болған. Нұркен кешкі сиыр сауып отырған. Дәл сол тұста шәбін арбаға тиеген атам келіп, тоқтай қалды. Биенің пысқырып қалғанына шошыған сиыр секіріп қап, жарты шелек сұтті ақтара салды. Шелектің салдырынан үріккен бие арбаны жүлкүп қалғанда байқаусыз түсіп жатқан атам жерге құласын. Нұркен ол жығылып жатыр. Құлап жатқан атам бұл көрініске шек сілесі қата күліп, домаландайды-ай келіп.

Атам марқұм өз кіндігінен шыққан жалғыз баласын соғысқа беріп, келін де тұсіріп үлгірмеген. Қайтын, жиені тұсірген келінді өзінше қызықтайды да. Сол үшін артық-тұртық аузынан шығып кетер бейпіл сөздерді де доғарған. Таспих тартып, бес уақыт намазын оқитын болған. Арабша оқығандығы бар. Құран кітантарын бас алмай еркін оқып, онысын былайғы жүртқа түсіндіріп отырушы еді. Моллалығы, отырғандарға шариғат айтуы өзгелерден көш ілгері болатын. Ол кісі отырған жерде өзгелері жым болып отыратын.

Аңшылықты мен атам мен Мәжәмнан үйрендім. Атамның Мәжіт деген тетелес інісін бәріміз Мәжә дейтінбіз. Екеуі де мерген. Екеуінде де қосауыз мылтық бар. Қара сулардағы

үйректерді құткармайтын. Күздің қара сұғында су тоқтатқан плотиналарға барып, қараша қаздың қызығын көріп қайтатын еді. Қанжығалары қашанды бос болмайтын.

Екі нағашымның немере інісі Қамкен, баяғы мені Көркем ауылынан алып қашатын Қамкен де ансақ жан. Онда мылтық жоқ. Ол бір сапарға шыққанында алыс бір жерден поезбен борза тұқымдас ұялас екі ак тазыны алдып келді. Қаншағының аты-Тұйғын, төбеті - Қараауыз. Қараауызы өжет. Тұйғыны керемет ұшқыр. Тұйғынмен талай тұлкіні жаяу алдырып жүрді Қамкен. Қараауызды қасқырга салмақ болып, талай аңға шығып, кезіктіре алмай-ақ койды. Екі иттен алты-жеті тазы есіп шықты. Бәрі де өнерлі болып, ағайындары қалап алысты. Бұл да қызық.

Тың игеру ауылға әлек әкелгендей. Келген орыстар өркөкременіп, кеуде көтеріп, білгішсініп, ауыл адамдарын билеп-төстеп, басынғысы келді. Жеке кездесіп қалған жігітті тоқпактаپ алатынды шығарды. Енді бір күні жабыла тәбелес шығаратын сыйнай танытты.

Күзгі егін орағының кезі. Тұнгі жұмыска бармайтым тыңгерлер бір жерге шоқтала жиналып алышты. Балалардың «ұзынқұлағы» қазақ жастарын сабайды білем. Ауылдың бір шетінен екінші жағына дейін түріп шықпақ. Бұл хабар көмекке келіп жатқан студенттерге жетеді. Олар енді дінгіттей қазақ жігіттері. Намысты қолдан беретіндер емес. Байқамыз, тыңгерлер тың тыңдал, сол студенттерден сескенетіп сияқты. Неде болса, кан майданға шыққалы тұрған оларға мейман болып келіп жатқан қазақтың офицер жігіті жалғыз өзі әлгі тыңгерлердің арасына койды да кетті. Не айтып, не қойғанын кім білсін, тебелес шығармақ болғандар жым болды. Сөйтіп қырғын тәбелестің беті қайтты. Өйткені қазақ жастары айыр, балта демей қаруланып алғанды. Тастаның бол студенттер тұрды. Шартпа-шұрт болса, оның арты немен тынарын кім болжагты.

Рас, тыңгерлердің жақсылары да аз болған жоқ. Анау Григорий Будылин сияқтылар тамаша еңбек үлгісін көрсетіп қана қоймай, кішіпейлдігімен, тіл алғыштығымен, көнбістігімен танылды. Семья құрды. Үкімет наградаларымен марапатталды. Кемшіліксіз адам бола ма.

Бірде ауаткомның тәрағасы Нұрмұхамбет Жазин ақсақал келе қалды. Өз әріптестері ішіндегі қартаны да, тәжірибесі молы да,

нағыз қарапайым қазақ сол еді. Будылиннің үйінің жанына тоқтай қалады. Шынжыр табанды «НАТИ» тракторы тр-трлап тұр. Женіл машина тоқтаған соң, Григорий үйінен атып шығып, сәлем береді. Сәлемін алған Нұрекен:

- Әй, Гриша, - дейді, - мынау тракторыңның анау трубасынан аспанға атылып тұрған дөңгелек тұтіндерді санаши?!

- Қалай? Қайтіп? - деп күмілжиді ол.

- Жоқ, сен ерінбе, сана. Кел екеуміз санайық ендеше, - деп санай бастайды. Қашанғы санай берсін. Әлден уақытта төраға:

- Гриша, сол ұшын жатқан дөңгелектің әрқайсысы бір сом тұрады. Сен соны түсінесің бе? Қаншама сомдар ұшып барады жеммен.

- Түсіндім. Бұдан былай тоқтаған жерде тракторымды сөндіріп отырайын, - деп уәде береді тыңгер жігіт.

- Осыны басқаларға да айт, - деп Нұрекен ілгері жүріп кетіпти.

Тың көтеру науқанында неше түрлі оқиғалар болды ғой.

Соның бір-екеуін айтпай кетпеске болмас.

Хрушевтің жүгерісін дала падишасы деп атап, қайсымыз дүрлікпедік. Мұғалім болып жүрген біз де жүгері алқабында малша жайылдық. Шаршы-ұялы әдіспен тұқым себеміз деп, бәріміз жабыла сым тартатаңбыз.

Кемі 20-30 адам соның сонында сабылып жүруші едік-ау. Сөйтіп маңдай тери маржан диқандардың өсірген жүгерісін күзде ферма маңына үйіп, трактордың шынжыр табанымен бастыратын. Міне, сол сәтте Қатірен деген аяғы кемдеу жігіт машина котарған жүгерінің астында қалып, оны тракторшы көрмей үстінен таптап өтеді ғой. Трактор екінші айналып сокқанда тракторшы тырбандалап жатқан. Қатіренді байқап қалады. Абырой болғанда қалың, жұмсак жүгері аңғал Қатіренді ажалдан алып қалады. Бірақ біраз күн емделуге тұра келеді. Достары: - «Қажымұқан атасының рекордын жаңартқан Қатірен емес пе?» - деп көпкө дейін ауыздарынан тастанай жүрді.

Екінші бір оқиға сол ауылдың тұсындағы Атбасар-Ақмола трассасында болды. Қыс болатын. Кейде бұл жердің бораны апталап тоқтамайды. Сондай бір күнде бір тыңгер «ЗИЛ» машинасымен келе жатқанда донғалағы жарылады. Жарылған донғалақты алып, екіншісін салмақ болып қараса, дискасы төмен түсіп кеткен екен. Соны домкратпен бір-екі қарыс көтерем

дегенде домкрат ұстамай қалып, диска сарт етіп жерге түскенде сол қолын білегінен басып қалады. Қан қақсайды. Оң қолымен дамкратты іске қоса алмайды. Сол қолы әкетіп барады. Қырсыққанда өткен-кеткен машина да болмайды. Не істеу керек?

Амалы таусылған ол өз қолын өзі кеміре бастайды. Аязды боран атқылаған қанды қатырып тастанды. Қолының етін албажұлба жапырақтап жұлып тастанғанмен сүйегін кеміре алмайды. Сейтіп тың көтеремін деп келіп, айдалада өлім құшағына беріледі. Бұдан артық қанкешу болар ма. Ал тың қақпасы атанған Есіл ауданында тыңгер Нестеренко көктемде өзен қылтасынан өтемін деп, тракторымен суға кетіп өлді. Артынан құжаттарын қараса, ол Совет Одағының Батыры екен. Оның Батыр екендігін өле-өлгенше білмеген. Хас батырлар ғана өлімнен қорықнайтынын көруге болады.

Жақсы ауданының тыңгері Василий Рагузов Атбасар стансасынан құрылыш материалдарын алып келе жатып, қатты боранға ұрынады. Колоннаны тастан, көмек әкелуге ұмтылған оны дүлей боран адымын аштырмайды. Ақыры әлсізденіп, бұл дүниемен қоштасатынын сезеді. Өзінің сіресіп қалған саусақтарын демімен жылтып, кітапшасына былай деп жазады.

«Осы кітапшаны тауып алған азаматқа! Қымбатты жолдас. ерінбей осы хатты Львов қаласындағы, Гончаров көшесі 15-ші үйде 1 -пәтерде тұратын Рагузова Серафима Васильевнаға жібере гөр.

Менің қымбатты Симочка! Жыламай-ақ қой. Саған қын болатынын білемін. Бірақ мен осындай жағдайға ұшыраған соң, амал не. Айнала-аппақ дала-шеті де, шегі де жок. Жай ғана жорамалдап келемін. Боран басылып келеді, бірақ көкжиек көрінбейді. Егерде мен өліп кетsem, ұлдарымды адам етіп тәрбиеле, қайран дүние-ай, өмір сүргім-ақ келеді. Қатты құшып сүйдім. Өмірбаки өзіңнің Василийн».

«Ұлдарым Владимир мен Александр Рагузовтарға: Менің қымбатты балапандарым, Вовушка мен Сашунья! Мен біздің халқымыз ауқатты да әсем тұрсын деп тың жерге келгенмін. Сендер мениң ісімді жалғастырсын деп тіледім. Ең бастысы бұл өмірде адам болып өту керек. Сендерді аймалап сүйемін, мениң сүйікті балапандарым. Өздеріннің папан». Мұны да ерлік демей көр. Өлім мен өмір арбасқанда жүрекжарды сөздерді қойып

кітапшасына қалай ғана жазған десенші! Василий Рагузов сияқты өз ісіне адал, Отанына берілген, болашағына сенімді адамдар қатары көбейе берсе ғой. Орыс та болса, пенде ғой. Оның да туған-туысқандары, жоқтаушылары бар болар. Біз соған қатты аяушылық білдірдік. Ал кейбір орыстар ше? Әй, қайдам. «Біз ұлы халықпаз» - деп кеудесін соғып, қолынан келсе, өзге үлтқа әлімжеттік жасамады деп көр.

Жеті өнерді аз деп жүрген, қолынан іс келетін, жоғары білімді, тәжірибе жинақтаған, тубі өсетін азамат, Омбының айдаболы Риза Мәдинов жақын деп Қызылту ауданына келмей ме. Жап-жақсы қызмет, пәтер беріліп, жағдай жасалады. Ол кезде тың игеру дүрілдеп тұрған. Тыннан құрылған кеншарлар астықтың астында қалған. Директорлардың жалы құдірейіп, шырт түкіріп жүрген кезі. Риза сондай бір кеншардың бас маманы. Директоры орыс. Ол кезде аудан басшыларынан бастап, кеншарлардың директорлары, ұжымшар төрағалары түгел дерлік келімsectер болатын. Олардың ак дегені алғыс, кара дегені қарғыс. Қазақ жерін бөліп алып, билеп жатқан кезі. Қазақ басшылары ілуде біреу-ак.

«Өзім батыр болған соң, кімді аяйын» дегендей, Риза өз жетік билетіндіктен директорға ықпады. Онысы Иван Ивановичке жақпады. Қит етсе, Ризаның аяғынан шалғысы келеді де тұрады.

Бірде кенсеге барып, кабинетіне кірсе, директордың аузынан ак ит кіріп, көк ит шығып отыр. Ризаның сөзіне құлақ асар емес. Сөзден сөз шығып, қолын сілтеп:

- Өй, қазактардан не шығушы еді. Олар мал бағуғу ғана жаратылған, - деп қарап отыр. Сөйтте, мас еken. Риза күйіп кетіп:

- Не дедің, көк соққан! - деп жағадан ала түсіп, орнынан жұлып алып, тепкінің астына алады. Тізеге салып, басып - басып қалғанда, қабырғасы бытыр ете қалады. Директор ит ойбайына басады.

Істің насырға шабатынын тез зерделеген Риза директорын сүйрекен бойы орындыққа отырғызды да жедел жәрдем машинасын шакыра қояды. Олар жетіп келген соң:

-Директорымыз мас еken. Құлап қалыпты. Ойбайлауына қарағанда, мертіккен болуы керек. Қарандар, - дейді. - Акт жасандар. Ризаның айтқанын істеді. Өйткені тубі басын

арашалауы керек кой. Келген медиктер: «Алкогольді ішімдік ішкен. Құлап, екі қабырғасын сындырған» деп акт жасап береді.

Бұл оқиға мұнымен аяқталмайды. Бұлардың ісін аупартком бюрода қарайды. Ризаны сотқа бермек болады. Бірінші хатшы, бөлім менгерушілері орыс болған соң, бүйрегі бүрмай тұра ма. Тіпті хатшы қазағымыздың өзі біріншіге жағынып, соның сөзін сөйлейді. Тек Ню деген кәріс хатшы ғана Риза жағына шығады. Екінші хатшының салмағы ол кезде әжептәуір. Ол дегеніңіз дайын тұрған ауатком төрағасы. Егер қай жерде төраға мықты болса, бірінші ештеңе істей алмайды. Ақыры, не керек, директор орнынан алғынып, Ризага сөгіс берумен шектеледі. Мұндай әділетсіздікке, казактардың ауыз-бірлігінің жоқтығына шыдамаған Риза Омбысына тартып отырады. Мұндай мысалдар тың аудандарында молынан кездесетін. Билік бөтеннің қолында болған соң, не іstemес дейсін.

Ризамен танысұым ойламаған жерден болған. Балалық шағымыз Омбының Шарбаққөл ауданында өткендіктен омбылықтардың біразын билетін сияқтымыз. Әкем марқұм Омбыдағы айдаболдарды қайын жүртый деп, жи араласып жүрді. Сол тұста қуатты тұратын, тіпті бай деп есептелетін Текеш, Қырықбес сияқты айдаболдың белді азаматтарымен араласты. Солардың ұрпактары елі күнге бізді іш тартып жүрсе керек.

Сондай айдаболдардың бірі Марат. Марат кісі жатырқамайтын бір мын болғыр азамат. Аузын ашса, көмейі көрініп тұрады, аңқылдақ, ашық мінезді. Ойына келгенін бетін бар, жүзін бар демей айтып салатын турашыл мінезі де жоқ емес. Оны құрдастары, балдыздары, бажалары «усатый Марат» де атап кеткен. Қашанда көнілді жүретін жан.

Бір күні сол көнілі су сепкендей басылған жай болды. Туған інісі Мұрат аяқ асты Алматыда кісі қолынан қаза болды. Қазір біреу бизнеспен айналысып, шыр бітіп, өзінен асып бара жатса, кісі жалдап, оны өлтіре салу өййиншік болып кетті ғой. Бұл қаза да соның кейіпі. Ризамен сол қаза үстінде танысқанбыз. Қолынан келсе, казак үшін аянары жоқ азамат екен. Қазақтың тілі, ділі, діні үшін болып жатқан игі шаралардан қалмайтын жанашырдың өзі.

«Усатый» да біреуге көмек беру керек болса, соңғы тиынына дейін жұмсауға бар. Әсіресе, жетім-жесірлерге, қолы қысқаларға қамқорлығы алабөтен. Мені жиен аға дейтін Жамбыл зайыбы

Асырумен бірге дамыл таппай еңбек етіп, кәсіпкерліктің қын да ұзақ жолына түсіп алған жандар. Бала кезімізде Жамбылдың әкесі Қайыржанды пір тұтатын едік. Ол әскерге алынып, тенізші болып, суретін алғанымызда бүкіл ауылды сыртқы жаудан қорғап тұрған сол Қайыржан болып көрінетін бізге. Міне, енді елдің даңқын жалғастырап Марат, Жамбыл сияқты болашағы зор азаматтар заман ағымына сай өз орындарын тапқанына масаттанасын, өзгелер де сондай болса екен деп тілейсін.

Көрші ауданда Борисенко деген ауатком төрағасы болған екен. Ауылдың анқылдаған бір ақсақалы кеншар директоры үй бермеген соң, арызданып барады ғой. Қабылдау бөлмесіндегі хатшы қызы рұхсат еткен соң кіріп барып:

- Табарыш Парасенка, - дейді сөзінің басын.
- Что-что! - дейді көзін шікірейтіп.
- Тобарыш Парасенка, - дейді тағы. Төраға ашудан терісіне сыймай кезекші милицияны шақырып:

- Мынаны «за оскорбление» 15 соткеғе қама! - деп бұйырады.

Ештеңеге түсінбеген ақсақал қазақ милиционерінен жөн сұраса:

-Өзінде де бар, шал. Неге тіл тигіздің бастыққа, - деп түрменің бір бөлмесіне енгізіп жібереді. Шіркін, қаранғылық-ай, десейші! Соны түсінсе де Борисенко мүмкіндікті пайдалана койғаны емес пе.

Тағы бір сондай ақсақал баласы суға кеткен, ертеден қазаққа сінісп кеткен орыс тамырына көніл айта барып:

-Ты не виноват, Иван. Бол дал, бог забрал, - депті. Сонда қайғырып отырған орыс қазақ досын құшақтай алып:

- Осындей досты да маған құдай берген ғой, - деп ризашылығын білдіріпті. Ал тын игрушілердің пиеті де, жөні де басқа еді ғой. Ата жерімізді талқандап, су ағарларын құртып, өзен көлдердің жағалауына дейін тірер жыртып, бұлак кездерін бекітіп, орман тоғайымызды жасындај жайратып, тіпті есқі зират молалардың үстінен өтіп, таптап, намысымызды аяққа басып, тілімізге, дінімізге, ділімізге балта шаппақ болғанын кім білмейді. Жаратқан ием, әйтеуір, біржола құруымыздан аман алып қалғанына шүкіршілік етеміз де қоямыз.

Па, шіркін, Бурабай! Қолдың саласындай сыңсыған нұқарағайдың, ақ балтырлы қыз желең қайының әрбір бұтағын шертіп қалсан, әрбір күлтеленген, домаланған, нешеме бейнені көз алдыңа келтірер қыылған, қидаланған, ойылыи әсемденген, тінті түрі сұсты, айбарлы кесек те уақ тастарын ұстап көрсөн, сарнап қоя берер тұла бойы тұнған тарих, ағыла жөнелер шежіре емес пе.

«Сексен көл, тоқсан бұлак» деп жырлаған бұрын ақындар, Солары бар ма еken қазір? Әй, қайдам! Дәл осы Бурабайдан көзге түсерлік тоғыз бұлак табылса, ат шаптырып, той жасауға болар еді? Балам екеуміздің келіп тұрған мына Мәлдір бұлак көздің майын алып, бойың нұрға бөленеді. Ағысын-ай, шіркін! Бірін бірі қуалай жөнелген бұйра толқын жолында кездескен тас пен бұталарды соққылап, тіке шапшып, тоқтаусыз ылдимен бұрандалап ағып жатыр, ағып жатыр.

Күлім қағып мәлдір бұлак,
Мәлдір бұлак барады ағып.
Қосылып өз сүйгеніне,
Сияқтанып ұзатылған
Сылқ-сылқ күліп барады ағып.

Күлкің тыйылмаса еken, ағының арылмаса еken, мәлдір бұлак!
Аға бер, аға бер!

- Ата, бір-екі жұтып едім, мейірім қанды. Қандай таза, неткен мәлдір, тастай сұық, - деп кояды немерем. Осы баламды және жиенімді Бурабайға алып шыққаным қандай жақсы болған. Олардың рахаттанғаны өзімнің рахаттанғанымдай. Анау Ержан сияқты қөнілшек немеремді де ала келғенімде мына жұмақ жер Бурабайды менсінбей өзінің тұрған Зерендісін, соның бұлағы мен көлін мақтар ма еді, қайтер еді. Апырмай деймін, осылардың Әлия, Жанна, Жасұлан, Әйгерім, Ернұр немерелерімнің немерелері де табиғаттың дәл осы көрінісін көре алар ма еken, жоқ па еken деп ойға қаласың. Табиғатқа дәл казіргідей назар аударылса, ондай күн тұа қояр ма еken?

Осындайда Сарыарқаның бір пүшпағы сонау кәрі Торғай ойға оралады. Жаман, жақсы болсын Торғайда он жыл қызмет атқарып, елімен, жерімен танысьш, халқымен етене араласьш, бауырласып, туыстасып кеткен жағдай бар еді. Жері қандай бай болса, халқы сондай жомарт ел. Нешеме қоғам қайраткери, ақын -

жазушылар, бір туар өнерпаздардың кіндік қаны тамған жер. Санғасыр әлемдік маңызы, тарихы түзілген қасиетті аймақ. Ең жаман дегенде үш-төрт рет ашылып, жабылған облыс. Бақыты бір ашылмай қойған өлке. Сонысына ғана еріксіз өкінесін. Әйтпесе, Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов, Нұрхан Ахметбеков сияқты біртуарлар шыққан жер еленбейтін ел ме?

Біз қызмет еткен тұста облысты мемлекет қайраткерлері, Қазақ Энциклопедиясының ортасын ойып тұрып орып алғап Еркін Әуелбеков пен Оразбек Куанышев баскарды. Екеуі де Енбек Ері. Екеуі де іскер басшы. Көргендері көп, тоқығандары мол. Екеуі де баскарып отырған жерлерін, бұрынғы атқарылып қалған істеріне қарамай, тоқмейілсімей, зерттеп, жаңа көзben карап, олқысын толтырып, болғанын одан әрі оздырып, көркейте түсуге, жаңа заманға сай экономикасы мен элеуметтік жағдайын нығайтуға, қайткенде де жүрген жерлерінде өзіндік іздерін қалдыруға барынша ізденіп, бар қайрат, күш-жігерлерін жұмсауға белдерін бекем буған азаматтар.

Әсіресе, өзіммен қоян-қолтық енбек етіп, біте қайнасқан Еркін Әуелбеков ерекше еді.

Алматы жоғары партия мектебін бітіріп, елге бір айлық демалысқа келген кезім. Өзім түлеп үшқан «Көкшетау» газетінің редакциясына соқтым.

-Сонымен қайда жіберетін болды? - деді қаламы қарымды жазушы, газеттің сол кездегі редакторы, марқұм Жанайдар Мусин.

- Торғайга, - дедім.

- Е, жақсы болған екен, туған жер, ата жұрт қайда кетеді дейсін. Ел көргенге не жетсін, Торғай деген атына көнілің ортаймасын. Ол деген тарихи жер ғой. Бір Амангелді Имановтың өзі неге тұрады. Шіркін, ерінбей зерттеп жазатын ак өлке. Қаламың ұшталатын сәт туған екен, - деді Жәкен.

- Өзініз де сол жақта болдыныз ғой, жазбадыныз ба? - дсдім сөз тартып.

- Ойда бар, Сәкен. Дерек те жетерлік. Мойын жар бермей жатыр. Оның ұстіне бастап қойған дүнием де бар, - деп Торғай жайлы біраз сыр шерткен. Сейтіп Торғайға деген ынтызарымды арттыра тұсті. Торғайға жеткенше асыққаным да рас.

Шындығында, жеріне елі, еліне ерлері сай өлкө екен. Аттаған жерің тарих парагын ашқанмен бірдей. Амантогайдан өрі Амангелді, Жанкелдин аудандары болып кеткен қарт Торғай жері басталып, оңтүстік батысы әйгілі Ұлытаумен жалғасыш, батысм Ақтөбенің мидай даласымен шектесіп жатады. Осынау өлкелің как ортасын жарып өтетін Торғай, Сары Торғай өзендері катар жарқырап жатыр. Сол өзендердің салалары жеке-жеке аттарға ие. Толып жатқан өзен анғарлары Ақтөбенің ішсе су, жесе тамақ боларлық Өлкейік өзеніне құйылып кете жаздайды. Суы мол өлкө құсқа да, анға да бай болмай ма?! Торғай тарихының шеті Сарыторғайдағы «Екі дің» мавзолейінен басталып, сонау Міржакып Дулатовтың ауылы Қызыбeldегі «Қыз емшекпен» аяқталатыш тәрізді. Асан қайғы бабамыздың айтқан «Қара суы бал татыған, ақ шабағы май татыған» Торғайдың кен даласында талай жорықтың іздері де жатыр-ау. Амангелді батыр қылыш сермеғен Татыр көлінің ойпаты Татыр қырғыны, Қышшақ Сейітқұл жаяулап жүріп салған Албарбөгет бөгеті, Ахмет Байтұрсынов, Сыrbай, Faфу, Қайнекейден бастап, бертінгі Кеншілік, Сейіт, Қонысбай, Серік, Қоғабай сияқты ғалым, ақын жазушылардың кір жуыш, кіндік кескен жерлері де анызға лайық.

Торғайдың бері тұсы қарт Есіл мен Терісаққан өзендерінің бойындағы елжүрт та табиғат байлығынан кенде емес. Осындай бай өлкені басқарып отырған жерлес адам, басшылық дарынымен көзге тұсken Социалистік Еңбек Ері Еркін Нұржанұлы Әуелбековтың өзі қызметке шақырып отыrsa, қалайша бармасқа. Ерекенің көзіне тұсkenімізді қалай мақтан етпеске. Талантты басшы кім көрінгенде қызметке шақыра бермесе керек-ті.

Әлі есімде Алматы жоғары партия мектебінде Еркін Нұржанұлы Әуелбековпен кездесу өткізілді. Мектептің ерекше дөнгелене салынған өку залына тыңдаушылар симай кетті десе де болғандай. Екі иығын тік ұстап, аяғын пық басыш, мінберге келген Ерекен қозілдірігін салмас бұрын залды бір шолып қалғанда көзінен өт ұшқындағандай жарқ ете қалды.

Сөл кейіп әлі көз алдынан кетпейді. Ерекен сөл шыққан бойдан бір сағат бойы Торғайдың тарихынан дерек бере келіп, облыс экономикасы мен әлеуметтік жағдайында біраз тоқталды. Облыстың жағдайы өте-мәте ауыр екендігін, шешілмей жатқан түйіндердің молдығын, кадр мәселесі толғандыратынын баса

айтты. Сол күні Көкшетаудың і тындаушылары торғайлықтарға қосып, әнгіме өткізді. Тындаушыларға бір-бір конверт үлестірді. Айлық еңбекақы көлеміндегі көмекке шала байыш қалдық. Ең бастысы - Торғайға шақырған үндеуі болды. Артынша облыстың атқару комитеті төрағасының орынбасары Павел Иванович Шишига келіп, әр облыстан оннан астам адамға Әуелбековтың атынан қызмет портфелін ұсынды. Әзімізге облыстық «Торғай таны» газеті редакторының орынбасарлығы тиді.

Айтулы уақытта Торғайға жеттім. Бұл 1978 жылдың тамыз айы болатын. Айтқандай-ақ, редакцияда редакторлық пен орынбасарлық орындары бос тұр екен. Редакторлық орынды Мәскеуде Академияны бітіріп жатқан Мәтен Бижановқа деп сайлап қойыпты. Орынбасарлық орынды маған лайықтапты. Екінші бір орышбасары Есмұхамбет Айтмағанбетов істеп жүр екеп. Мұны естігенде торғайдағылар шу ете қалды. Сөйтсек, үшеуіміз де көкшетаулық екенбіз ғёй, Еркін Нұржанұлының әр адамның іскерлігіне, қабілетіне өрай қызмет беріп жатқанын жүрг қайдан білсін. «Жоқ, бұл нағыз жершілдік, өзінің жерлестеріне қызметті үлестіріп беріп жатыр» деген сөзді қаулатыш жіберсе керек. Бұл жел сөздің қырсығын Мәтен екеуіміз кейін ЦК-ға бекуғе барғанда айқын сезініп, біраз теперіш көргеніміз бар. Осы сөзден қашқан болу керек, Ерекең «белбеуі босап тұрған басқарма болса, соның басшысын басқа қызметке орналастырьш, оның орныш шақырған адамға беру керек» деген нұсқау берген болар, баспасөзде мемлекеттік құпияны сактау жөніндегі облыстық басқарманың бастығы больш шыға келдік. Екі ортада бұрынғы бастық қызылжарлық Қазбек Зағыпаровқа обал-ақ болды.

Бір шаруамен Көкшетаудың темір жол вокзалында болғаным бар. Сонда сымдай тартылып Қызылорданың поезы тұр екен. Жолсеріктер озара еменжарық ңігіме соғыш тұр. Әлден уақытга біреуі тұрынқырап қалған маган:

- Сіз көкшетаулықсыз ба? - деді.
- Иә, - дедім.
- Әуелбековке ескерткіш қойдыңыздар ма? - деді әлгі кісі.
- Жоқ, - дедім күмілжіп.
- Е, өз ауылының кісісінің аузы сасық деген ғой, - деді үшіншісі.

- Бізде, Қызылордада үлкен бір көшеге Әуелбековтің аты берілді, - деді алғашқы жігіт. Қаланың құрметті азаматы атағы берілді. Ол кісі тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды.

Теміржолшы жігіттер бұл сөздерді мақтан ете айта отырып, Ерекенің жерлестерін жерге қаратқандай етті. Сол жерде Ерекенің жарқын бейнесі көз алдымға тағы да жарқ ете қалды.

Еркін Нұржанұлының Қызылордаға аудысатын жылдының қарсанында жаймашуақ жаз айы еді. Ерекен облыс басшыларына бір-бір совхозды бекітіп берген болатыш. Маған сонау Ақтөбемен шектесетін ең шеткі совхоз «Шилі» үлесімे тиғен. «Шилі» - қойлы совхоз. Директоры кейін аудан әкіміне дейін өскен Мақсұт Шайкемелов.

- Сәке, - деді бір күні Мақсұт, - Еркін Нұржанұлы келейін деп жатыр. Не істейміз?

- Дайындал, - дедім. - Әуелі шаруашылығынды бір аралап шығайық. Жұмыс тәртібі болсын. Экономикалық, элеуметтік көрсеткіштерінді әзірле. Шаруаң көзге ұрыш тұратыш болсын. Ең бастысы тұпкі мәселелер қою керек.

Мақсұт шындалап дайындалды. Шопандардың 49 қонысы бар. Мен өзім сол 49 қоныстың аты-жөні жазылған, шопандардың кім екендігі көрсетілген карта жасап алғанмын. Сол карта архивімде әлі сақтаулы. Соларды түгел аралап шықтық. Ерекенің самолетімен қай нүктеге түсे қалатыны беймәлім. Бірақ ауданпың бірінші хатшысы Мұхамедқали Айсин екі-үш күн бұрын келіп, нұсқау беріп кетті. Өлкейік өзенінің бергі қыратына (арғы қабағы Ақтөбе жері) кигіз үй тігілді. Ерекен жүреді - ау деген жердің бәріне бульдозермен жол салынды. Кейін ол жолдарды «Әуелбеков жолы» деп атап кетті ел. Ерекенің не ішіп, не жайгініне дейін зерттеліп, дайын етілді. Тойдың болғанынан боладысы қызық больш, әбігерге түсті бәрі.

Ерекен де келді-ау «Шиліге». Кешігіп келді. Сөйтсек ауданың басшысы қасында болып, совхоздың ең шеткі Қызбелге шығар жағындағы шопандардың екі-үш қонысына ат басын тірепті. Самолеттен түсे бере Ерекен:

- Иә, шаруашылығынды көрдік, - дегенде директорымның көзі жыптылықтап кетті.

- Урейленбе, -деді Ерекен, - шаруаң жайлы, көнілге қонымды екен. Ауданның бір арбасын сүйреп тұрғаның тегін емес көрінеді. Ал үйіне бастай бер енді.

Мақсұт сөнда барып есіи жиып, кигіз үйге бастады. Төргайлықтар қонақасы бере біледі ғой. Бәрі ойдағыдай болған. Мынға тарта жылқыдан тандалған байтатдың еті қол тигізбеді. Ішіп-жем мол, Әңгіме дүкен құрылды. Арасында әзіл де бар. Бұл мәжілісті ауданның бірінші хатшысының өзі бастады. Айнала сөз берілді. Өлден уақытта Ерекен:

- Ал біздің өкілдің айтары жоқ па. Сәкен, айтшы кәне, совхоздың неше қойын жедін, - деді.

- Ереке, бұйырғанын жеп жүрміз, - дедім. Ерекен рахаттана күліп алды. Сөйтті де менің орныма өзі сөйледі. Совхоздарға өкілдердің неге бөлінгенін айтты. Олардың жалпы табысқа қосып жүрген үлестерін сөз етті. Өкіл жақсы болса, совхөз да жақсы дей келіп, «Шилінің» бүгіні мен келешегіне мол тоқталды. Бұл Торғай даласында Ерекенмен сонғы кездесуім еді.

Еркін Нұржанұлы кадр мәселесіне мұқият қарайтын еді ғой. Адамды бір көргеннен танитын бір қасиеті бар еді. Сол сапардан кейін совхоз директоры Мақсұт інім әуелі аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, одан кейін ауданның атқару комитетінің төрағасы, артынша ауданның бірінші хатшысы, аудан әкімі больш жоғарылады. Ерекеннің кадрға деген шарапаты осындай болатын.

Бірде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамет Конаевты қарсы алғанымызда бәріміздің қолымызды алып амандастып, қысқа сөз сөйлеген.

Сонда:

- Сіздер бақыттысыздар. Еркін Нұржанұлы сияқты іскер басшышарының бар. Еркін Нұржанұлы тенденсі жоқ талант иесі - деп Ерекеннің арқасынан қағып еді.

Ерекеннің талант иесі екенін, ұйымдастырушылық қабілеті мол екендігін онымен бірге енбек етудің бақытына ие болғандардың бәрі біледі. Ерекен қайратына мінгенде тізесі қалтырап отырған талай басшыны қөзіміз көрді. Бірде обкомның кезекті бюросынан кейін обкомның хатшысы Александр Давыдович Бурлаков үйін е барып, диванда отырған қүйінде дүниеден өткен. Жұрттың аузына қақпақыл қоя аласың ба. Ертеңінде Бурлаков обком бюросының

қысымынаң өліпті деп сөз тарап кеткен. Оның шын-өнірігін бір құдай біледі. Бірақ Ерекеннің алды қатты екендігі даусыз еді, «бей своих, чтобы чужие боялись» деп алатын да Ерекен бюроуда өз жерлесі, обкомның бөлім менгерушісі Жаскен Нұрғожинге тиісс бастайтын. Бұл сөзге әуелі езу тартқанымен отыргандар әкесін танығандай болып шығатын бюродан.

«Өзім батыр болған соң, кімді аяйын» дегендей, Ерекен өзін еркін де батыл ұстайтын. Оның орасан ұйымдастырушылық қабілеті осы мінезінен бастау алатындаид еді. Ерекеннің сол тайсалмас, өткір мінезі, шешімді іс-әрекеттері, жарқын жүзі көз алдымыздан кетпек емес.

Торғай даласы талантқа тұнып тұр, тұнп тұра беретін де шығар. Қай ауылға барсан, бір айтқыры болады. Тіпті Арқалықтағы «оныншыауыл» деп аталаған кеткен он қабатты біздің үйіміздің де өз айғышы болған. Ол бүкіл көрерменді «Тамашада» таң қалдырган, сықақ сардары, «Торғайдың торы тайы,» өзімнің құдайы көршім - Сейіт Кенжеахметов. Үйде оның кітаптары толып жатыр. Үйдегілер оның кез келген кітabyн оқыса, мырс етіп күліп жібереді, әйтпесе сықылданап кеп күледі- ай кеп. Әсіресе, «Месқарының монологын» оқығанда өзімнің немере ағам Әнәс Ораловты еске алып, күлкіні тыя алмаймын.

Менің атым – Месқарын,
Бір өзімде бес қарын,
Шайдың қарны - оң жағымда,
Майдың қарны - сол жағымда,
Арақтың қарны ортасында,
Айда, же, қорқасың ба?
Қарынның болса, тұр-тұрі,
Бұл да спорттың бір тұрі.

Ал күлмей көрші, кәне. Қтты менің ағамның бейнесі. Ағайындар құдалық болып жатса, ат шаптырып, Әнәсті алдырады. Ал ол болса, құдалықта әлгі қарындарды пайдаланып, ел-жүртты таң қалдырады. Міне, өмірден алынған, қаламын келістіре сілтеген шығарма осындай-ақ болар.

Сол Сейіт бәйбішемнің қайтқанын естіп, қазақтың ғүрпымен келінім Күлбағданды үйге енгізгенімді біліп, көніл білдіріп,

қайырлы болсын айтуға әдейі Көкшедегі босағама ат ізін тірепті. Елдің амандығын айтып отырған Сейіт Торғайдың торғайдай тозғанын айтып, күрсінгені бар. Көрі Торғай мыңғырған малымен, жанушыра еңбек еткен ерлерімен данқы шыққан еді бір кездері.

-Сәке, Торғайдың таспадай тартылған қара жолын білесін ғой. Баяғыда сол жолмен жұргенімізде ен даланы қаптаған мал көлденендең, ерсілі - қарсылы жолымызды кесіп, жұргізбейтін еді ғой. Нансан, қазір күні бойы жүріп келе жатыш бір-екі қараны көрсек, жабайы аңға тап болғандай елегізіп қаламыз. Мұндай сұмдықты көреміз деп ойлад па едік, - дейді Сейіт.

Төрт тұлігін сай болса,

Көкорай шалғын көл қымбат.

Дәмі болса сөзінің,

Ел жайлаған жер қымбат, - деп баяғыда-ақ Кердері Әубекір айтқандай, не тұлігін сай емес, не сөзінің дәмі жоқ не арзан, не қымбат екенін айыра алмай қалған өтпелі уақыт болса да ауылға күн туған шақ жүрегі бар адамға ауыр тиері хақ.

«Торғай жанбыр жауса, балапаның қоғайды, бүршак жауса өзін қорғайды. Қайтсін ол бейшара, бұдан басқа не амал бар? Ал пендeler ше?», - деп жазады жазушы Тұрсын Жұртбай, Жұдырықтай, жұдырықтай емес-ау, жұмса алақанға сыймайтын торғай екеш торғайдың әрекеті әлгіндей болғанда, ат үстінде жұрген, таққа отырған ел басқарушылар торғайдай тозған халқына пана болмақ, ауыл мұжтажын қалай өтеп, ел еңсесін қалай көтермек? Осыны ойластырып, тұн үйқысын төрт бөліп жұрген кім бар екен деп көз тігесін де жаратқан иеме сенесін де қоясын, онғара гөр деп жалбарынасын.

Сейіт айтқан қара жол - Өуелбеков салғызған таспа жол. Бұл өзі Амантоғай, Амангелді, Торғай деп ежелден аталғанымен Жанкелдин сияқты қазақ аудандарын қақ жарып өтетін маңызды жол. Бұл жактың негізгі тұрғындары қазақтар. Ал орыстарды емге іздесен, табылып қалар, әйтпесе жоқтың қасы. Әлгі жол салынбай тұрғанда азаптың көкесін көретін еді жолаушшар. Ал қатар жатқан үш өзен тасығанда екі айдын әр жақ, бер жағында қатынас болмай қалатын. Іс сапармен барған қызметкерлер, түрлі өкілдер өзеннің арғы бетінде қалып қойса, әлгіндей ұзак мерзімге қол-аяғы байланыш қалатын. Арада қалған шопандар, малшылар азықсыз, панасыз зардал шегетіні бар. Бұл күрделі мәселені

шешу үшін облыс басшысы министрліктердің есігін дамылсыз қаға жүріп, маңызды деген үш жерден ірі көпір салғызды. Көрі Торғайдан аэропорт орын тапты. Автобус жүріп, почта қатынасы жолға қойылды. Осыдан-ақ семіп қалған куретамырларға кай жүріп, халықтың көнілі жай тапқаны анық.

Жақсы жағдай жасалған соң, халықтың көнілі көтеріліп, еңбек әуені шарықтай түскен. Жабылып қалған мектептер қайта ашылды, почта байланысы жақсарды. Телемұнара халық иглігіне іс айналды. Жаңа үйлер салынып, мұражайлар ашылды, Мәселен, Мақсұт Шайкемелов басқарған «Шилі» кеңшарында 44-45 мынға дейін қой, мыннан астам жылқы, осыншалықты ірі қара мал өрістің сәніне айналды. Малдың өнімі табыс көзі больш, ауылға шыр бітті.

Торғайда адал енбеккерлермен, мемлекет қайраткерлерімен кездесіп, жүздесудің сәті түскен. Әсірсе, Димаш Ахметұлы Коиаевпен, Өзбекәлі Жәнібековпен, Қаратай Тұрысовпен.

акын-жазушы Сыrbай Мәуленовмен, Гафу Қайырбековпен Әбдіраштың Жарасқанымен, Кеншілік Мырзабековпен, Серік Тұрғынбековпен, Сәкен сері Жұнісовпен кездесіп жүздескенімізде мейіріміз қанғанын несіне жасырайық. Ерлер елді өсірсе, ел ерлерді өсіргенін көзімізben көргенімізге, соның басы-қасында болғанымызға куаныштымыз. Торғайдан талай тарланбоздар шықанын кім білмейді. Батыр да сонда, актер да сонда, ақын-жазушыларың да сан жоқ. Ахмет Байтұрсынов пен Мыржақып Дулатовтан бастау алған дара тұлғаларға кім басын имес. Сол ата-баба, аға буынның жолын қуған бүгінгі үрпақтың да атақ-данқы еш жерден кемшін соқпайтыны әмбеге аян.

Арман балам екеуіміз Бурабайдың тарихи жерлерін аралап жүрміз. Хан асуынан асқан сайын Бурабайдың қасиетті сиқырлы сұлу қойнауына бойлай түсесін. Бойлаған сайын ұйқыннан жаңа оянғандай, дүниеге жаңа келгендей кос қапталдағы табиғаттың өзі қолымен жасаған көркем суреттері тоқтай түр десе көзің тоймай алдыңнан ынтыға келер тылсым жұмбак дүниеге ынтыға, ұмтыла түсесін.

- Көз тоймайды-ау, ата. Не деген керемет! Фажап..!, - дел қояды Арманым. •

Иә, бәрі сұлу, бәрі бүл тіршіліктеңі жұмбак! Міне, алдыннан жарқ еткен Ақ алаң. Бүл жердегі тау-тасты Абылайдың қалың қолы қолмен әдейі итеріп тастап, орман-тоғайын ығыстырып қойғандай. Дәл ортада жалғыз қайың пылбырып қалғаз^ Абылайдың ақ боз атының шылбырын сол қайыңға шалдыра салған шығар деи ойлайсың. Қол бастаған, ел бастаған хан үшін мұндай алаң керек болған ғой. Алтын күннің нұрына малынған көрініс соны мензейді, соны ұқтырады. Оған қол созым жerde бұйра толқыны жағалауды соққылап жатқан Күміскөл, мұлгіп, сыңсып түрган ну орман, анау тәкаппар Қекше, аспанның көк шайы шымылдығына сұңғіп бара жатқан тіп-тік сұнғыла Оқжетпес куә. Осылардың бәрі күнмен сүйіскең осынау аланды ешкімге қызысы келмегендей қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай жан-жағынан қоршап алған да қойған. Бүл алаң - Абылай аланы. Абылайдың барлық женістері бастау алатын аланы, Сол аланды қаптап жүрген демалушылар, ерсілі-қарсылы өткен жолаушылар әлгі жалғыз ақ қайыңның бұтақтарына ақ байлап, Абылайхан ескерткішіне бас іп, тәуап етеді. Біз, немерем мен жиен балам үшеуіміз де бабамызға бас іп, тағзым еттік, Абылай алаңын тамашалап жүргенімізде:

- Ата, - деді Арман,- сіз ғой маған шығарманы қалай жазуды үйреттіңіз. Ал өзіңіз кімнен үйрендініз?

Бүл тосын сұрақ болды. Біраз ойлануға тұра келді. Бүл сұрақтың төркіні журналистік жолға қалай келдінге салды. Рас, педучилищеде көп нәрсеге үйрендік. Математика жағынан мұрнымның исі бармайтын. Ал шығарманы төрт пен беске жазғаным шындық. Орысшасы да солай. Ал ауызша айтуда келгенде шорқақ едім. Бірақ «сөйлей-сөйлей шешен боласың» деген рас. Мұғалім болған соң орнына келген сияқты.

Тың игерудін лепірме кезі. Газет-журналдардың қайсысы болмасын ұрандарап жатады. Жазбайтын кісі жоқ сияқты. Біздегі оқу ісінің менгерушісі Болат Ғалымтаев ағамыз аудандық газетке ұсақ хабарларды бұрқыратып беріп жатады. Жергілікті тілшіміз деп қояды. Бедел соныкі. Фермаға, бригадаға Бекең бара қалса, құрмет соныкі. Оның алдында бәрі үшып-қонып тұрады.

Нартәуекел! Мен де өлкелік «Тың өлкесі» газетіне жер жыртып жүрген тракторшыларды мақтап, жаздым да жібердім. Көп кешікпей «Зябъ жыртуда» деген жиырма жолдық хабарым шыға келді. Бірақ аты жөнім «С.Хасенов» бол шықты. Кейіи атамның

атына жүрдім-бардым қараушы газет қызметкерлері осындай бұрмалаушылыққа барып жүрді. Тіпті бертінірек «Қазақ әдебиеті» газетіне шыққан «Сыйлық» деген әңгімеге де қолды осылай қойған.

Айтып айтпай не керек, әлгі хабарым баспасөзге жұмсағаи барлаушым тәріздес болды. Көлемді мақалалар жаза бастадым. Ауылдағылар енді Болат агама емес, маган көніл бөлөтін тәрізі. Журналистикаға біржолата бет бұруыма жол ашқан алғашқы әңгімем - «Қыныр ботақан». Бұл әңгімеме ерекше назар аударып, мән берген «Тың өлкесі» газетінің бөлім менгерушісі, кейінде жазушы Естай Мырзахметов ағам. Содан редакциямей байланыс басталын, сонымен қызметке шақырумен аяқталды.

«Тың өлкесі» газетінің дүрілдеп тұрған кезі ЦК-ның Совминнің органды «Социалистік Қазақстан» газетінен беделі де, мән-мазмұны да асып барады деген әңгіме де шыға бастаған. Газеттің бұлай шарықтауы, алдымен, оның редакторы марқұм Сафаржан Хайдаровтың іскерлігі еді. Тұн баласы үйіктамайтын редакторғой. Өзіне де, өзгеге де дамыл жок. Оның үстінеге газетте істейтін Қайыркен Сұлтанов, Рамазан Ахметов, Шәмшиден Дәүітов, Октябрь Әлібеков, Төлеубек Қоңыров, Сабыр Сауытбаев, Мұхаметжан Дәуренбеков, Амантай Қекенов, Раушан Мақшанова сияқты (есіме түскен әріптестерімнен кешірім өтінемін) талантты журналисттер енбек етті. Оған ақын-жазушылар Әскен Нәбиев, Естай Мырзахметов, Мәди Хасенов, Нұрғожа Оразов, Бақыт Мұстафин, Жұмамұрат Тұяқбаев, Жарасбай Нұрхановтарды косыныз. Газеітің саиалы да мазмұнды шығуына барыш салып, ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсеткен редактордың он қолы Сұлтан Мәуленов, Зейнолла Әйтімов, Жылқайдар Қарпыков, Сайлаубек Қожамсейітов, Әнуар Имағамбетов, Әмір аға Нұркішев бір төбе еді.

КПСС Орталық Комитетінің бірінші секретары Никита Хрущев жүрген жерінде «қалғып, қалқыш» отырса да сөйлей беретін еді ғой. Соның салдарынан бүгін танертенгілік шығатын газет келесі күнге дейін кешігетін де жататын. Газет сондай қындықпен шыққанына және партиялық газет екеніне қарамастан әдебиет беттері берілігі, көркем дүниеге де орын табылатын. Қаламының желі бар талай талапкерлердің мулде жазушылық жолына

түскендері аз болған жок. Жас талапкерлерді даярлауда газет орасан рөль атқарды десем, артық айтқандық емес. Өз басым жоғарыда аты аталған қаламгерлердің мектебінен өткенімді мақтан етемін.

Хрушев тағынан тайдырылып, өлке тарқағаннан кейін бұрынғы бес облыс қайта ашыльш, өз газеттері пайда болып, сол елдерінен келген журналистер өз жерлеріне тарарап кетті. Целиноград облысының облыстық газеті «Коммунизм нұры» деп аталып өзіміз сонда қызмет еттік. Әмір аға Нұркішев редактор болып тағайындалып, біраз мықты журналистер осы газетте қалды. Кейін бұл газетке Октябрь Әлібеков, одан кейін Жомарт Әбдіхалықов редакторлық етті. Кім редактор болса да өлкелік газетте қал ыптасқан дәстүрді жалғастырып, жана заман, жаңа кезенге сай жұмыс істеді, өзіндік жұмыс стилі қалыптасты.

Ең бастысы журналистиканың әліппесін үйреткен ұстаздарымның орны бөлек. Қазақтың Мемлекеттік университеттің журналистика факультетінде Тауман Амандосов бастаған Бейсенбай Кенжебаев, Хайыржан Бекхожин, Шерияздан Елеуkenов, Сұлтанғали Садырбаев, Төлеубай Ыдырысов, Темірбек Қожакеев шәкірттерінің білікті маман болып шығуына мәндей терлерін төккен ұлағатты ұстаздар. Әсіресе, тактикалық істе шеберлігімізді шындауға Төлеубай Ыдырысов пен Темірбек Қожакеев ерен енбек сінірді Төлеубай ағамыз очерк жазуға үйретсе, Темен фельетон жаза алмағандардың біраз «шаңын» қақты. «Фельетон жазбасаң зачет қоймаймын, мемлекеттік емтиханға жібермеймін» деп әбден қорқытты. Не істейміз? Жазған құлда шаршау жок, іздендік. Таптық. Жерлес жолдасым Сәкен Өубәкіровтың қашанда қалтасы толған факты болатын. Архивтен табылмайтын суреттер де соның койын-қонышынан шығады. Бұл жолы да солай болды.

Облысымыздың Чкалов ауданындағы "Севастополь" кеншарының директоры Сининин деген жемқор сабаз екен Ондайлар аз болған ба. Әсіресе, директорлар, бухгалтерлер сауда маңайындағылар бірігіп те, жеке-жеке де жеп, көзге түсетін. Өздері шетінен тоғышар, ойы-пасық, миы сасық, сырты-пан, іші-лан болып келеді. Соттардың нағыз напақасы Ел арасына тарарап кететін есек-аяңының тақырыбы.

Сонымен факті беруші жолдасым да, оны жазушы-мен. Ғұмырымда кермеген адамды қалай жазу керек. Мемлекеттік емтихан жақындал қалды. Фельетонды жазбасаң, алты жылғы енбегін зая кетпек. «Шын жыласа, соқыр көзден жас шығады демекші, жазып шығып едім, скегч-фельетон дайын болды. Қожакеев кекемізге ұнағаны сондай, «Социалистік Қазақстанға» апарындар деді. Редакциядағыларға да ұнаса керек, бір аптаның ішінде фельетонымыз республиканың бірінші газетінде жарқ ете қалды. Сөйтіп біз Қожакеевтен құтылдық. Бірақ оның есесіне Синицин тұтылып, директорлық орнынан алынды. Бейшара езі туралы кімнің жазғанын да білмей қалды.

Обалына қалдым ба деп, көпке дейін ойлап жүрдім. бірақ артынан халықты сорған, көвшілікке қиянат жасаған адамға бір зауалы болу керек деп түйдім. Ойы пасық, тоғышарларға, жемқорларға, қиянатшылдарға сол керек те фой. Кімде болса, істеген ісіне жауапкер емес пе. Бұл бірінші және соңғы фельетоным еді. Журналистикадағы екінші ортам - Көкшетаудың -облыстық газеті Бұл газет еліміз тәуелсіздік алғанға дейін «Көкшетау правдасы» деп аталған. КПСС Орталық Комитетінің бас газеті «Правданың» інісі, бауыры деп осылай аталуы біздің керемет берілгіштігіміздің, тым өсіре қызыл «Бауырмалдығымыздың» бір керінісі осындай болса керек.

Ақын емес адамды ақын қылған, жырлай білмейтінді жырлаткан, кеудесінде жаны бар адамның жүргегін жаулап алар сұлу Көкшө, сырлы да сырбаз Көкшениң бастауын сонау «Колхоз жолынан» алған «Кокшетау» газетінің 70 жылдан асып кетуі қандай қуаныш! Талай тепкішті көрсе де сағы сынбай келе жатқан газеітің ғұмыры шексіз болғай!

Озің тәрбие, білім беріп, ой-әрісінді кеңейткенмен, он-солынды анғартуға үйреткен, ел-жер көруге үндеген, түрлі мамандықтан хабардар еткен, ең бастысы, адамдармен етене араластырып, олардың қуанышымен қуантқан, ренішімен ренжіткен, былайша айтқанда, адам жанының инженері еткен газетінің замана ағынымен біте қайнасып, оның ыстығына қүйіпп, сұығына тонып, бір құлап, бір тұрып дегендей осыншама ұзак жасауы жүргегінді елжіретпегендеге қайтушы еді. Ғұмырымның 32 жылын, яғни жарты жасымды баспасөз қызметіне бергеннен кейінгі жерде осылай деуге құқым бар-ау деймін. Адамды оқып білім алған емес, қоршааған орта, қызмет

еткен жерің тәрбиелеп, өсіретініне әбден көз жеткендей. Сондықтан өзім қызмет еткен өлкелік «Тың өлкесі», Ақмола облыстық «Коммунизм нұры» (қазіргі Жомарт Әбілхальщов басқарып отарған «Арқа ажары»), «Көкшетау правдасы» газеттеріне, облыстық теледидар және радио хабарларын тарату компаниясының (төрағалары Кәрібай Мұсылман, Арман Шораев) үжымдарышаистьщ -ықыласым ала- бетен. Бұл үжыммдардың бәрі де мені өздерінің ардагері санап, сыйлайтындығы үйде отырған зейнеткерге зор демеу, абырай, мерей.

Газеттің, теледидардан жетпіс емес сексен, тоқсан, жүз жасай беретініне шұбәм жок. Бірак сол газете бірге істеген қаламдас ағаларым мен апаларым, достарым мен құрбыларым газеттің арта беретін жасына ілесе алмайтыны өкінішті-ақ. Табиғаттың занына қарсы келер амал да жок. Мұны кім болса да мойындастыны анық.

«Өлі разы болмай тірі байымайды» демей ме халқымыз. Бұл арада дүние байлығы емес, рухани байлықты айтсақ керек Сонымен аруактары бір аунап түссін деп, бүгінде арамызда жок, бір кездері егене еңбек етіп, дәмдес болған қаламдастарымды еске алсам, артықтығы жок сияқты.

Мениң «Коммунизм нұрынан» «Көкшетау правдасы» газетіне келуіме себепші болған сол кездегі редактордың орынбасары қадірлі ағамыз, жазушы, «Республикаға енбегі сіңген мәдениет қызыметкері», Көкшешін құрметті бір азаматы Естай Мырзахметов болатын. Сондықтан шаңырағы биік, іргесі берік ұжымға алып келіп, журналистиканың аламан бәйгесіне қосып жіберген Есағана, мені бұйрығымен бекітіп кеп жіберген Әбділда Дүйсенов ағама мың да бір раҳмет!

Көкшеде көрген алғашқы редакторым - Өміржан Оспанов, Өзгені білмеймін, өзім Өмекен марқұмды бір кездегі «Ара» журнальында істеген қаламы өткір журналист деп білемін Өмекен ешкімді тенгермейтін, өзгені өзінен кем санайтып, әсіресе облыс басшыларын менсінбейтін, ең ғажабы, орыстарды телефонмен сөйлескенде де кемсітіп, мінеп, шенеп, мыскылдан отыратын. Партияның қатан тәртібіне қарамастан орыстарды есімдері Игорь, Анатолий болса, «Игеке, Итеке» деп, ит әлегін шығаратын еді.

Өмекенің жақсы жақтары да болды. Жас журналистерді жұмысқа орналастырып, тұрмыстық жағдай жасауға келгенде алдына жан салған жок. Әр күнгі өткізіп отыратын лездемеді айтып отыратын тұшымды ой-пікірлерді, айшықты тұжырымдарды өзінің өткір тілімен, астарлы сөздерімен жеткізіп отыратын. Өмекенің редакторлығы «Көкшетау правдасындағы» өмір мектебінің бір айшықты саласы деуге тиіспіз.

«Сары ала қаздар қанқылдан, қанаттарымен су сабалап шүпірлеп кол бетіне түсті. Құс екеш құста сағынып оралған

ыстық мекенінің қызығына әлі тоя алмай, әлі мауқыш баса алмай жүр екен-ау сымпылдай қанат қағысып, сұнқылдай үн қатысын, қуана қикуласьш табысуын-ай деймін тамсаньш». Осы бір сөйлемде елғе, жерге деген ыстық сезім, сүйіспеншілік, туған жерге деген табынушылық көрініс бар емес пе табиғат байлығын коя тұрып. Бұл менің Көкше жеріндегі екінші редакторым, жазушы Жанайдар Мусиннің «Ақ алан» кітабынан келтірілген жалғыз сөйлем. Жәкенің шығармашылығының қайсысын алсаң да маржандай мөлдір сөздермен, көңіл тартарлық тенеулермен өрнектелер еді. Оның газеттерде жарияланған очерктері, әсіресе, репортаждары бір демде оқып шығарлық ойнақы болатын. Редактор ретінде өзгеден де соны талап ететін. Күнделікті лездемеде қайдағы жоқ ұсақ-түйек қателерді термелемей, кім құнды пікір айтып, ұсыныс жасаса, соғап назар аударатыш. Өзінің күн тәртібіне байланысты идеялары ұшан-теніз туындај беретінін қайтерсін?!

«Көкшетау правдасы» газетінің шырқау биікке көтеріліп, Үкімет тарағынап марапатталуы және газеттің жасын айқындауы сол Жанайдар Мусиннің редакторлық тұсы еді. Бұл ретте мен де өз бетімше ізденіп, Қызылжардағы партия мұрағатын ақтарғаным бар. Сонда мына құжатты ала келгенмін. Из партархива Северо-Казахстанского обкома партии. Фонд №22 опись №226

един. хран. №5126 связка №286 стр 135-136 Постановление №16-07

Бюро Карагандинского обкома ВКП(б) от 2 марта 1935 г.
Слушали: утверждения редакторов районных газет: Постановили:
утвердить редакторами районных газет: «Колхоз екпенди»
Ақмолинского района - Токпанов (бывший редактор
Кокшетауской райгазеты) «Колхоз майданы» Айыртауского
района- Хасенеев, партстаж 1930 года, окончил 3- х месячный
курс газетных работников, сталс газетной работы СІ934 года.

«Айыртауский колхозник» - Белкин (бывший редактор
Чистяковской МТС),

«Колхоз жолы» Кокшетауского района - Орманбаев, член
ВКП(б) с 1926 года, окончил САКУ, Ю лет на газетной работе.

«Енбек» Рузаевского района - Береев, пратстаж 1926 го іші.
СГПШ, на газетной работе с 1933 года.

И так далее, всего насчитываются 30 районных газет. П.п.
Секретарь обкома ВКП(б) (Мусин).

. Обкомның мұндай қаулылары жи қабылданыш, өзгертіліп
отыrsa керек. Мәселен, осы қаулыдан бұрын да, кейін де
өзгерістер болып тұрғанға ұқсайды. Айталақ, мені алты
айлығымнан өз әкемнен тартыш алып, бауырына салған Қабиден
Хасенеев осы қаулының өзгертилүімен артынша-ақ Енбекшілдер
ауданының «Социалды құрылыш» газетінде редактор болған.

Мен 1976-78 жылдары жоғары партия мектебіне, одан әрі
Торғай облысына қызметке кеткенімде «Көкшетау правдасының»
шығу төркіні іздестіріліп, табылған еken. Сөйтіп газеттің шыққан
жылы 1930 жыл болып анықталған.

Қаламдастар жайлы сөзімді жалғастырса, келесі кезекте
Хәкімтай Әміров тұр. Ф ажап адам еді. Білім қандай, мінез қандай
тамаша десеңші! Ғұмырының басым көпшілігін ұстаздыққа
арнаса, газетте де сол ұстаздық болмысынан айрылған жоқ
Әсіреле жас журналистерге жүргегі елжіреп тұрат еді. Хакен тоқ
етерінің өзін бипаздал жеткізетін. Сыр мінез, кеңпейіл адам еді
Тұрсынбай Кәкімов газеттің кітaby-секретариатты басқарды Екі
қолымен де жазатын шебер журналист. Әсіреле репортаж жазуға
мықты. Жұмыс барысында турашылдығы басым. Екі айтпайтын
өткір мінезді адам.

Сүлеймен Ақтаевты алпысыншы жылдардан, Ақмоладан білетін едім. Нағыз журналист. Үгіт, насхат тақырыбына әбден төсеген. Жазудың нағыз қара өгіз еді. Оның басты бір себебі қаламақыны мол алу. Бұл жағына келгенде алдына жан салмайтын еді. Бір-екі айлық іс-жөсіарын алдын-ала белгілісі қоятын. Мәселен, бір айда неше басмақала, қаншама материал жазып, қаншалықты қаламақы атуы керектігін хаттап-шоттап отыруши еді. Ал жолдастыққа, сыйластыққа келгенде ол-жомарт, қолы ашық.

Қошан Оразалин, Қайыржан Хайруллин деген агаларымыз болды. Екеуі де ғазеттің меншікті тілшілері. Айтқанымызды хал қадарынша мұлт еткізбейтін еді қайран агаларымыз. Қызмет бабымен құйніш-сүйніш араласын жатса да жергілікті жердегі таянышымыз солар еді. Қошекен материалш екі-үш беттен асырмайтын еді. Қайрекеннің жазғаны құлаш-құлаш. Қошекен тоқ етерін жазады да «Өздерің кеңейтіп ала беріндер» дейтін. Ал Қайрекен 17-24 бет жазып, «өздерің ішінен керегін теріп ала беріндер» дейтін еді. Қошекен материалының ішіндегі кісілердің аты-жөніне келгенде мәттаақам. Ал Қайрекен болса, ортан белінен бір-ак басатын. Ол кісінің жазуышда Панамаренка, Астровский, Алегович сияқты болып кете барады. «Қайрекен, мұныңыз не» десек, «е, біздің жақта опдай-ондай бола береді» дейтін.

Үшінші бір ағамыз Ешім Ыбыраев акті мен фактіге мығым. Жазғанының артынан шу шықпайтын. Сынаса қатыратыш, мактаса Одақта бірінші адам больш тұратын. Жатқан жерлерің жайлы болғыр ағалардың мінездері қызық еді-ау

Жомарт Оспанов мен үшін қимас дос, ұмытылmas тұлға. Журналистік сезімі ерте оянғандікі ме, оның қалам сілтесі бөлек болатын. Қоғам құбылысын дәл сезініп, ағымдағы жағдайды ең құрығанда бір-екі ай бұрын болжап қоятыш. Озінің журналистік болмысын соған бағыптастын. Сондықтан редакция басшылары онымен ерекше санаат. Кейбір ұсыныс-пікірлері қолма-қол еске алынып, жүзеге асш жататын. Оның газетке сінірген еңбегі ұшан-теңіз. Ауыл шаруашылығы бөлімінен шыққан талай рубрикалардың авторы да, орындаушысы да Жомарт. Жомарттың баспаларда, республикалық баспасөз, радиода жолдастары жетерлік еді. Оның жазғандары соларда жарияланыш жататьш. Орталық баспаларға қатысыш тұруды мен осы Жомарттан

тірендім. Соның арқасында талай очерктерім мен әңгімелерім авторлық жинақтарда жарияланды. «Дала тарландары» кітабым да соның жемісі.

Абзал досымды соңғы көруім 1978 жылдың 19-шы қарашасы. Сол күні жұғімді артып, Төргайға бет алғам. Достар кимастықпен шығарып салып еді, Соның ішінде Жөкен де бар еді. Өзімнің туған күнімді жолда атап, жұғімізді Арқалықта түсіргеніміз сол еді, Көкшетаудан сүйк хабар сау ете қалды. Жөкен аяқ асты дүниеден озыпты. «Апýрмай.-деген сонда бәйбішем Нұркен,-кешे Жомарттың біздің көштің соңшан тұра жүгіргенін байқап қалып едім. Көш сонынан қол бұлғап жүгіргенді жаман ырымға балаушы еді қазак атам.» Сонысы соңғы қол бұлғауы екен фой. Әттеген-ай!

Маман Ементаев-тұла бойы тұнған өнер, көп кездесе бермейтін ерекше адам, Жалпы Айыртаудың Егіндіағашынан талай талант иелері шықса, Маман солардың бірегей десем, артық айтқандық емес. Оған оның ақындығы, сазгерлігі, орындаушылық қабілеті, қаламының желі барлығы күэ. Бесаспап жігіт деп Маман сияқтыларды айтса керек. Әттен, ел-жүрт енді тани бастаған кезде ажал құшағында кете барды.

Дулат Сапиҳанов пен оның зайыбы Жаңылсынның орны бөлек адамдар. Артында ұрпағы қалмаған нағыз жетімдер осылар. Екеуі де өле-өлгенше сол жетім көнілдерін білдірмеуге тырысты. Екеуі де ортамыздағы сыйлас, дәмдес болған бала мінезді аяулы жандар еді. Жаратқан ием алдарынан жарылқасын.

Осындауда ойды ой қозғап, өмірден өткендер түгілі жанымызда жүрген жаны жайсан әріптестерімізді шамалы көрмей қалсақ, өзінді жалғызырағандай сезініп, сағыныштан сарғаятын сәттерін, болатынына сене берініз. Газетте сарғая енбек еткен, шама шарқынша өзіндік үлес қосқан ағаларымыз бер достарымыз, түрлі себептермен жан-жақта шашырап жүрген қаламдастарымыз, шүкір, барышылық. Адамды «ой, бауырымдап» дүниеден өткенде ғана еске алатын орынсыз әдет бар қазак жүртynда. Дұрыс емес ау. Олай болса, газет жұмысының ашы-тұшысын бірге көріп, ауыр жүгін жұмыла көтерісken «Көкшетаулықтарды» атап өту де орынды сияқты. Қадірлі ағамыз, жазушы Естай Мырзахметов, ақын-жазушы, бүгінде атак-данққа бөленіп отырған Төлегені Қажыбаев, жазушы, аудармашы, алматылық болып кеткен Сарбас Ақтаев,

бұрынғы редактор Мәтен Бижанов, жазушы Жабал Ерғалиев, қарт журналистер Рұстем Бермағамбетов, Баян Нұрпейісов, Октябрь Бұхарбаев, Әбділда Дүйсенов, Кәрім Илиясов, Жұмабай Есекеев, Нұрхан Ысқақов, Райхан Сейітова, Сайлау Көпікенов, Балталы Сәрсенбаев, Сәкен Әубекіров, Тайлақ Жалмұрзенов, Қайыrbай Төреғожин, Ойрат Асанбаев, ақындар Қорғанбек Аманжолов пен Тортай Сәдуақасов, Дауренбек Шөрентаев, тағы да еске түспеген қalamдастар «Көкшетаудып» өркендетуге аз енбек сінірмесе керек. Бүйірдыш қайсысы болсыш қаламы элі қолдан түсер емес. Қебінің біра < кітабы шығып, жазугашар одағыша мүше болғаны және қуантаді».

Ушінші бір ортам-облыстық телерадио комианиясы. Төрағанып] шығармашылық жөніндегі орынбасары болып. облыста тиңшыл рет телехабарлар таратудың бақытшыла ие болды. Мұнда, шыш мәнінде, жаңа ұжым қальштасты. Студия жетілдірілтен жана техникамен жабдықталды. Жан-жақтан жиналған жас мамандар жұмыс барысында үйрене жүріп, шындалыш, өсті. Компанияның корында сакталатында телехабарлар жасалды.«Ақ түш Абылайдыш; желбіреткен» атты көп сериялы танымдық телевізіон фильм дүниеге келді. Тәуір деген хабарлар республикальпісі телевізіонларда корсетіліп жүрді. Бірақ, облыс жабылып калып, қальшгасып, көзге түсе бастаған компанияның шанырағы ғаша қалды, Әйтеуір, абырой болғанда, Қекшетау қайтадан түлеи, облыс орталығына айналғалы бері облыстық телевізіон қайта ашылды. Бұған да шүкіршілік.

Бурабайды қанша араласан да, қанша қызықтасан да құмарын қанбайды. Жүре бергін, көре бергін келеді. Бір көрген жерінә қайтыш оралсан, бұрыш көрмегендей, әйтпесе басқатүрге енгендей сезімде боласын. Немерем екеуіміз күні бойы жүрсек те шаршағанымыз білінер емес. Мышатабиғаттың бұлакұші бойынша қосымша қуат бергендей. Тағы да ақ бұлақ күлім қағып, ағып жатыр. Толқынды толқыш қуалайды. Ойды ой қуалайды.

- Ата,-дейді немерем.-адамдар қалай жаман еді.

- Неге?-деймін мен.

- Күнімен жүргенде табиғаттың жақсыынан бойын сүрісе, ал адамдардың қалдырған іздеріне қарасақ, бір түрлі боласыщ,- деген күрсініп қойды ол. Оның не айтқысы келгенін мен де түсінеп қалдым.

Жолыққан адамдарымыздын бәрі де Бурабай аймағы жөніндегі тарихи шындықтан ойлары таяз, ақиқаттан аулақ. Біз көбіне орыстарды жазғырамыз. Расында, олар тарихты әдейі бұрмалауға құштар. Жер-су аттарын өздерінше бұрмалан-ақ кетеді. Ал өзіміздің қазактар Барабой, Синюха, Кафедра деп сайрап түрганда қарадай қаның тасиды. Оның солай еместігін біле тұра бұрыш айтқанына ызын келеді. Өз бармағынды өзің тістейсің бе. Біразына түсіндіресің. «Какая разница» деп түргандарына налисын. Бүйтетінің бар қайдан қазақ больш туып едің деп ренжисің де қоясын.

Бас иіп, тағзым етерлік қасиетті жерлердегі көрсөкүрлықты көргенде тіпті енсен түсіп кетеді-ау. Қай тасты көрсөн, айғыздап бояп түрш жазған, ешкімге қажеті жоқ жазуларды көресің. Тіпті ақ қайындарға ойып жазғап жазулар да бар. Бояуды, қашауды қайдан алады еken дейсің.

Тогайдагы андар мен құстардың қалмағандары да адамның хайуандығының нәтижесі, Көлдердегі жүзгіш құстар да безіп кеткен. Ағаш арасы қоқыстан аяқ алып жүргісіз. Эйғілі «Биши қайынның» халі мүлде мүшкіл. Бұрын кенес үкіметі уақытында ол ерекше күтімге алышып, айналасы қоршалғанды. Қазір онын сау тамтығы қалмаған. Биши қайындар жан-жағышан адам- дүшпандар ынталанаған соң, билемек түгілі құлауға таяу Немеремнің айтпағы осылар ма деп топшыладым. Екеуімі қасиетті Бурабайды бірінші рет көрмесек те, жаңа байқағандай әсерде болып, армансыз аралап, өткен өмірге бір шолу жасағандай болдық, «Өмірдің көбі кетіп, азы қалғанда» (Ақан сері) немереге аз да болса сабақ болсын деген ниетиен сыр шертілді. Сыр сандық алтынға толы ма күміске толы ма, ол жағын айту қын. Эйткенмен әр адамның өз тарихнамасы, озі жүріп өткен жолы бар. Соның ақ жолы ғана немере, шөберелерге жүғысты болса еken. Жарқын болашақ солардікі Көнілді-өмір жылатады, өмірді -көніл жылатады десек, сопы немерем де естен шығармаса игі. Экеден жетім қалғанмен атадан, әжеден тәrbие алған немерениң болашағына сенетінім анық. Жаңа заманның атпал азаматы болу ниетімен Астанадағы - еліміздің астанасындағы Евразия университетіне аттанып барады балам. Бурабайдағы қасиетті жерлері, бабалар рухы күш куат, қасиет берсін оған! Ақ жол тілейді атасы.

Бурабай, шілде, тамыз, 2001 жыл

Мазмұны

| | |
|--|---------|
| I тарау. Хайуандар әрқаптан мейрімсіз бе? | 6-72 |
| II тарау Құстардың сыйылықтағанына құлақ түр | 73-88 |
| III тарау. Жылан арбаса, шортан шолмаса..... | 89-102 |
| IV тарау. Сыр сандық..... | 103-150 |

Сәкен Хасенеев Қыңыр ботақан /дхеректі әңгімелер / Естияр балалар үшін

Кітапты құрастырып, редакциялаған Мәтен Бижанов
Дизайнеры Асхат Шәріibaев Корректоры Қаламқас
Хасенеева

Басуға 26.02.2007 жыл қол қойылды. Оффсеттік қағазы. Қаріп түрі
«Ешыуы New Roman». Кішілік басылыс. Пішімі 1\8. Шартты баспа табағы
19. Тиражы 500 дана. Бағасы келісімді.

«Көкшетау қағазы» ЖИС. 020000. Көкшетау қаласы. тел.: 8 (3162)
264592.